

Қазақстан Республикасы ішкі істер министірлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Хадимов Нұржан Хадимұлы

Қазақстан Республикасындағы криминалистикалық тіркеудің заманауи проблемалары және оның Халықаралық полиция ұйымдарының жүйесіне интеграциялау мүмкіндіктері

«7М12301 — Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша
«Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі»
дәрежесін ізденуге арналған диссертация

Ғылыми жетекші:
заң ғылымдарының докторы,
доцент
М.А. Арыстанбеков

Қарағанды 2021

Мазмұны

Кіріспе	5
1 Ішкі істер органдарындағы криминалистикалық есептердің түсінігі, мәні және оның тергеп-тексеру барысында қолдану негіздері.....	9
1.1 Ішкі істер органдарындағы криминалистикалық есептердің түсінігі, мәні және шығу тарихы	9
1.2 Криминалистикалық есептерді қолдану негіздері.....	24
2 Криминалистикалық есептерді қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру барысында қолданудың ерекшеліктері	37
2.1 Криминалистикалық есептерді қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру барысында қолдану	37
2.2 Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруді ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері	62
Қорытынды	80
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	85

Кіріспе

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 02 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысында сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру, сот шешімдерін мұқият талдау жұмысын жолға қойып, бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыру қажеттігін, заңнамадағы барлық қарама-қайшылықтар мен дүдәмал тұстар азаматтардың мүдделерін ескере отырып, түсіндірілуі тиістігін, кінәсіздік презумпциясы қағидаты толық көлемде сақталуы қажеттігін және құқық қорғау жүйесін толық реформалау – аса маңызды міндеттердің бірі болып табылатынын атап көрсетті. Сондай-ақ полицияның мемлекеттік күштік құрылымындағы бейнесі бірте-бірте өзгеріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтарға қызмет көрсететін органға айналатындығына тоқталып өтті.

Сонымен қатар, мемлекет басшысы әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі тұрғысында білім беру сапасын жақсартуға, оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшу қажеттігіне, жоғары білімнің сапасына да баса назар аударып, Аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдау үшін Үкіметке дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеуді тапсырды [1].

Қазіргі уақытта Қазақстандағы қылмыстық ахуал өзінің күрделіліктерімен ерекшеленіп отыр. Экономикалық, әлеуметтік, саяси және адамгершілік-психологиялық сипаттағы криминогендік факторлар құқықтық тәртіптің жай-күйіне, азаматтардың жеке қауіпсіздігіне, қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздікке де теріс ықпалын тигізуін жалғастыруда.

Қазіргі уақыттағы қылмыстың қарқыны қауіпті сипат алып отырған кезде ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру бойынша тиісті проблемалар мен практикалық шараларды шешудің жаңа теориялық тәсілдерін әзірлеу міндеті өзекті мәселеге айналып отыр. Құқық қорғау органдарының іс жүзіндегі қызметіне қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді шұғыл игеру және оларды қолданысқа енгізу қылмыстың өсуіне тиімді түрде қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Қылмыстарды ашу деңгейінің жеткіліксіз себептерінің бірі болып криминалистикалық тіркеу саласындағы проблемалардың кешені табылады. Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру іздеу-танымдық іс-әрекет болғандықтан, бұл қызметті ақпараттық қамтамасыз ету, криминалистикалық есептерде шоғырланған ақпаратты ұтымды ұйымдастыру және тиімді пайдалану маңызды рөл атқаруы керек.

Сондықтан криминалистикалық тіркеу туралы ілімнің одан әрі дамуы, қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру процесінде оның деректерін пайдалану тиімділігін арттыру ерекше маңыздылық пен өзектілікке ие болады.

Криминалистика саласындағы бірқатар жұмыстар криминалистикалық тіркеуге байланысты мәселелерді зерттеуге арналған. Өткен ғасырдың бірінші

жартысындағы ғалымдар А.И. Винберг, С.М. Потапов, П.С. Семеновский, Н.В.Терзиев, Б.М. Шавер, и. И.Н. Якимов - қылмыскерлерді тіркеудің жаңа тәсілдерін әзірлеуге және негіздеуге ерекше назар аударды. Келесіде А.Ф. Аубакиров, Р.С. Белкин, Л.Я. Драпкин, Д.П. Рассейкин, Б.И. Шевченко және т.б. ғалымдар криминалистикалық тіркеу теориясының ғылыми негіздерін қалап, қолданбалы аспектілерін зерттеді.

Осы аталған авторлар есепке алудың жекелеген түрлерін талдауға, криминалистика ғылымы жүйесіндегі криминалистикалық тіркеудің орнын анықтауға, криминалистикалық тіркеуді ұйымдастырудың қазіргі жағдайы мен оны жетілдіруге, есепке алуды автоматтандыру проблемаларына басты назар аударады.

Атап айтар болсақ, бұл тақырып күрделі және жан-жақты болғандықтан толығымен зерттелмеген. Жақында жүргізілген ғылыми әзірлемелер барлық мәселелерді шеше қоймайды, яғни бұл мұқият және егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді.

Криминалистикалық тіркеу туралы ілім жеке криминалистикалық теория ретінде танылған, алайда оның ғылыми тұжырымдамасы әлі күнге дейін жоқ, терминологиялық аппаратқа қатысты бірыңғай консенсус жоқ, оқытудың жіктеу бөлігі әзірленуде. Криминалистикалық және басқа да есепке алу түрлерінің өзара араласуы орын алады.

Ішкі істер органдарының тіркеу қызметін құқықтық реттеу, әдетте, ведомстволық нормативтік актілермен жүзеге асырылады, өйткені қолданыстағы заңнамалық актілер негізінен тек сілтеме болып табылады. Тіркеу қызметінде туындайтын және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын қоғамдық қатынастарды тиісті құқықтық реттеу жоқ.

Құқық қорғау органдары әлі күнге дейін криминалистикалық тіркеу процесін басқару жөніндегі ғылыми әзірлемелермен қаруланбаған. Олардың қызметін ақпараттық қамтамасыз ету жеткілікті түрде жоғары емес. Практикалық қызметкерлер кейбір жағдайларда криминалистикалық есептердің мүмкіндіктері туралы толық біле бермейді. Деректер базасы жалған немесе ескірген ақпаратпен толтырылған. Жергілікті жерлерде сұрау хаттарға жауап алу көп уақыт күтуді қажет ететін жағдайлар яорын алады.

Бүгінгі таңда криминалистикалық есептерді қолдану тәжірибесінде кездесетін проблемалар криминалистикалық тіркеудің ғылыми ережелерінің жеткіліксіз дамуының салдары болып табылады.

Яғни, қазіргі уақытта ақпараттық қамтамасыз етуді одан әрі дамыту, қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру процесінде олардың деректерін пайдалану тиімділігін арттыру ерекше маңызға ие және өзекті мәселе болып отыр.

Жоғарыда айтылғандар диссертациялық зерттеу бойынша таңдалған тақырыптың өзектілігін және оны терең зерттеудің орындылығын растайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің мақсаты ретінде криминалистикалық тіркеу туралы ілімнің теориялық тұжырымдамаларын әзірлеу және криминалдық оқиғаның ақпараттық

салдарларының көріну заңдылықтарын, тіркелген ақпараттың қалыптасуы мен жұмыс істеуін білу негізінде тіркеу қызметін жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстарды тұжырымдау табылады.

Мақсатқа сәйкес шешу үшін келесідей міндеттер қойылады:

- криминалистикалық және қылмыстық-статистикалық есепке алудың бастапқы есеп құжаттарының бірыңғай нысанын жасау.

- автоматтандырылған жұмыс орындары (АЖО) арқылы криминалистикалық есептерге жүгінетін ПО-ның тергеу және жедел қызметкерлерінің іс-қимыл бағдарламасын белгілеу.

Зерттеу нысаны мен пәні. Зерттеу **объектісі** болып қылмысты ашуға, тергеп-тексеруге және алдын алуға бағытталған қызметті жүзеге асыру процесінде қайтадан пайдалану үшін құқық қорғау органдары мамандандырылған деректер банктерінде жинайтын қылмыстық оқиға туралы, осы оқиғалармен себептік байланыстағы адамдар, заттар туралы мәліметтер табылады.

Зерттеудің пәні болып қылмыстық оқиғаға қатысты ақпаратты жинаудың, өңдеудің және пайдаланудың объективті заңдылықтары және осы заңдылықтарды білуге негізделген қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу бойынша қызметті ақпараттық қамтамасыз етудің құралдары, әдістері мен тәсілдері табылады.

Зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі. Зерттеудің әдіснамалық негізін танымның жалпы ғылыми диалектикалық әдісі құрады. Сонымен қатар, логикалық, жүйелік-құрылымдық, әлеуметтік талдау әдістері, сондай-ақ криминалистиканың арнайы әдістері, бақылау, сауалнама жүргізу, жалпылау және статистикалық сипаттамалар әдістері қолданылды.

Бұл зерттеу ғылыми-монографиялық материалды зерттеу мен пайдалануға, сондай-ақ тиісті құқық көздерін талдауға негізделген. Бұл бірінші кезекте ҚР Конституциясы, нормативтік қайнар көздер (заңдар, Президенттің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары), ішкі істер министрлігінің ведомстволық нормативтік актілері, сондай-ақ шетелдік және халықаралық құқықтық құжаттар.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы криминалистикалық тіркеу теориясының ғылыми және құқықтық негіздері, ішкі істер органдарының тіркеу қызметі арасындағы жүйе құраушы байланыстарды анықтаудан тұрады.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1. Орталықтандырылмаған ақпарат жинауды ұйымдастырумен барлық қолданыстағы криминалистикалық есептерді орталықтандыру.

2. Интернет желісі арқылы лезде байланысты қамтамасыз ете отырып, жергілікті есепке алуды орталықтандырылған санатқа ауыстыра отырып, барлық деңгейлерде криминалистикалық тіркеу, деректер банктері және т.б. жүйесін біріздендіру.

3. ПО мен ақпараттық орталықтар арасында делдалдық рөлін атқара алатын талдау бөлімдерін құру бойынша құқық қорғау органдарының шетелдік тәжірибесін пайдалану.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Құқық қорғау органдарының қызметіне арналған теориялық және практикалық маңызы криминалистикалық тіркеумен байланысты мәселелер одан әрі дамыту және шешу үшін негіз бола алады. Зерттеу материалдары заң университеттерінің оқу процесінде және оқу-әдістемелік әдебиеттерді дайындауда қолданыла алады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу. Диссертациялық жұмыс ОҚА-да орындалды. Диссертацияның негізгі теориялық ережелері "қылмыстық құқық және процесс" кафедрасында, ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланып, мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес келетін ғылыми жарияланымдарда көрініс тапты.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі зерттеудің негізгі мақсаты мен тақырыбына сәйкес келеді. Оның құрылымы жұмыстың сипатына, оның даму деңгейіне, міндеттері мен зерттеу логикасына байланысты. Жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, төрт бөліктен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық зерттеу магистранттарға арналған әдістемелік ұсынымдарда белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген.

1 Ішкі істер органдарындағы криминалистикалық есептердің түсінігі, мәні және оның тергеп-тексеру барысында қолдану негіздері

1.1 Ішкі істер органдарындағы криминалистикалық есептердің түсінігі, мәні және шығу тарихы

Криминалистика ұсынған ақпарат және ақпарат өзара әрекеттестік туралы кез-келген проблема генезисі шындықты оқуға методологиялық талдаумен байланысты теоретикалық-ақпараттық қадам жасау, ақпараттар маңызы және рөлі жайлы сұрақтарды шешумен байланысы анықталады. Қазіргі таңда ақпарат түсінігі ғылымда және тәжірибеде орталық назарды иемденуде.

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негізіне – материалдық дүниедегі объектілердің жеке даралығы, олардың салыстырмалы тұрақтылығы, бір-бірлерімен әрекеттесу барысында іздер түзу мүмкіндігін жатқызуға болады. Криминалистикалық тіркеу – іздердің пайда болу механизмі туралы іліммен, қылмыстың жасалу тәсілімен және криминалистикалық идентификация теориясымен тығыз байланысты.

Қылмысты тергеп-тексеру тиімділігі қылмыстық іс бойынша жиналған ақпараттың сипаты мен көлеміне байланысты болады. Криминалистік мағынасы бар ақпарат деп қылмыс оқиғасымен тергеулік байланыстағы шындыққа негізделген мағұлматтарды, сонымен қатар қылмысты тергеп-тексеруде қолданылатын анықтамалық сипаты бар мәліметтерді айтамыз.

Криминалистік мағынасы бар ақпараттардың түрлері:

а) актуалды криминалистік мағынасы бар ақпарат – нақтылы қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыстағы (қылмыс тәсілін сипаттайтын, оны жасаған адамдарды, қылмыстық зардап заты, қылмыс құралы, қылмыс жағдайы);

ә) потенциалды криминалистік мағынасы бар ақпарат – анықтамалық ақпарат (әр түрлі объектілердің, яғни адамның, материалдардың, өнімдердің, заттардың белгілерін сипаттайтын, бірақ нақтылы қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыста болмаған, тергеп-тексерудегі диагностикалық және идентификациялық сұрақтарды шешуге мүмкіндік туғызатын) [2, 106 б.].

Өзекті криминалистік мағынасы бар ақпараттар қайнар көзіне әр түрлі қылмыс іздері, ал потенциалдыға – шығу тегі туралы мағұлматтар, белгілі заттар мен өнімдердің физикалық және химиялық қасиеттері, олардың санды және сапалық құрамы туралы ақпараттар жатады. Криминалистік мағынасы бар ақпараттарды қолдану криминалистикалық тіркеу шеңберінде жүргізіледі.

Криминалистикалық тіркеу деп қылмыстың алдын-алып, тергеп-тексеру мақсатында криминалистік мағынасы бар ақпараттарды іздеудің, өндеудің, жинаудың және сақтаудың ғылыми дамытылған жүйесін айтамыз. Бұл дегеніміз нақтылы материалдық объектілердің жүйесімен бірге, практикалы тіркеулік қызмет болып саналады.

Криминалистикалық тіркеу туралы ілім қоршаған ортаны материалистік көзқараста түсінуге, сондай-ақ диалектика және таным теориясының заңдарына негізделген. Криминалистикалық тіркеу дамып-өркендеуі іштей криминалистикалық идентификация теориясымен, іздердің пай болу механизмімен және қылмысты іске асыру тәсілдерімен, дәлелдемелерді бекіту теориясымен ажырамастай байланыста. Бірақта солардың ішінде ерекше көңіл бөлерліктей мәселелердің бірі – қылмыстарды жасау тәсілдеріндегі заңдылықтар мен себептік шарттылық, қылмыстық іс-қимылдардың механизмі, құрадары мен әдіс-тәсілдеріндегі қайталанушылық, яғни қылмыс іздері туралы ғылыми негізделген қағидалардың маңыздылығы.

Қылмыспен күресте тіркеу әдістерін қолданудың түп-тамыры ежелден келе жатыр. Қылмыс күрес мақсатында тіркеуге отырғызу әдістері ежелден келе жатыр. Ол үшін әдетте екі тәсіл қолданылған: таңба салу және дене мүшелерін кесу. Бұл тәсілдер жаза түрінде және танымал болу мақсатымен жасалған (II ғасыр біздің эрамызға дейін – ежелгі үндінің Ману, ежелгі Вавилонның Хаммурапи Заңдары). Ресейде қалыптасуын 1649 ж. «Соборное уложение» көрсетіп отыр [3, 371 б.]. Петр I (1691 ж.) Жарлығында қылмыскерлер денесіне таңба салу тәсілі нақты анықталған, яғни ұрлық жасаған қолын оқ-дәрімен бірнеше рет қатты ысқылап, өшірілмейтіндей хәлге жеткізу. Таңба әрине қылмыскерді ұстауға мүмкіндік берген, алайда оның қай жерде, қашан және не үшін сотталғандығын, сондай-ақ оның жеке басын анықтау мүмкін болмаған. Австрияда және Ресейде адам денесінде толығымен анкеталар, яғни жеке басын анықтаушы мәліметтер күйдіріп жазу әрекеттері де орын алған. Он тоғызыншы ғасырдың басында Ұлыбританияда идентификациялық шерулер жүргізілген. Оның мақсаты – бұрын жат қылығымен көзге түскен қылмыскерлерді полицейлермен ажырату. Алайда мұндай көрінстерді қылмыскерлердің тіркеуі деп атауға болмайды.

Криминалистикалық тіркеудің нақты ғылыми негізде қалыптасуына себепші болған француз криминалисі А. Бертильон. Ол 1881 жылы қылмыспен күрес тәжірибесіне қылмыскерлерді антропометриялық әдіспен тіркеуді дайындап-енгізген. Бірнеше жылдан соң, 1887 жылы осындай мақсат үшін дактилоскопияны (В. Гершель, Г. Фолдс) пайдалану мүмкіндігі дәлелденген. Саусақтық көшірмелер жіктемесін ойдағыдай шешкен ағылшын антропологі Ф. Гальтон (1891 ж.) болды. Ресейде тіркеудің дактилоскопиялық формасы 1905 жылы енгізілді. Осыдан шығар бірқатар оқулықтарда аталмыш жүйені алғашқыда және қазіргі кезге дейін «қылмыстық тіркеу» деп атау себебі [4, 26 б.].

Осылайша, криминалистикалық тіркеудің ғылыми алғы шарттары – материалдық дүниедегі объектілердің жеке даралығында, олардың шамамен тұрақтылығында, бір-бірімен әрекеттесу мүмкіндігінде жатыр. Оның нәтижесі ретінде, идентификациялауға көмектесетін объектілер болып саналатын, әр түрлі іздер пайда болады. Сонымен, криминалистикалық тіркеу, іздердің пайда болу механизмі туралы іліммен, қылмыстың жасалу тәсілімен және

криминалистикалық идентификация теориясымен тығыз байланыста екені байқалып отыр.

Криминалистикалық тіркеудің құқықтық негізі ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қылмыс іс-жүргізу кодексі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тиісті бұйрықтары және басқа да ведомствалық нормативті актілер жүреді.

Криминалистикалық тіркеудің заңды негізіне:

- тергеушінің, анықтаушының, прокурордың қамауға алу бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулысы және күдікте ретінде тану туралы қаулысы;
- сот үкімі;
- ұстап алу хаттамасы және тағы басқалар [5, 76 б].

Тіркеулер нысаны мен түрлері

Криминалистикалық тіркеудің жүйесі элементтерден тұрады. Олардың бір-бірінен айырмашылығы тіркелетін мәліметтерде, жүргізу тәсілдері мен формаларында жатыр.

Тіркеу нысаны деп тіркелетін ақпараттардың шоғырлану тәсілін айтады. Ең жиі кездесетін тіркеу формасына: картотека, коллекция, альбом, үн және бейне жазулар, мәліметтердің компьютерлік базасы жатады.

Криминалистік мағынасы бар ақпараттарды бекіту тәсілдеріне жататындар:

- жазбаша (алфавиттік, қылмыс тәсілі бойынша, сырт келбет белгілері бойынша және т. б.);
- суреттеме (дактилоскопиялық карталар, көшірмелер, фотосуреттер және басқалар);
- коллекциялық (материалдардың, заттардың, құралдардың және іздердің нақтылы жиынтығы;
- графикалық (схема, чертеж, рентгенограммалар және басқалар) [6, 146 б].

Қазіргі уақытта қылмыспен күрес жүргізу барысында криминалистика ғылымы қылмыстарды ашу тұрғысында үлкен маңызға ие. Соның ішінде қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру үшін түрлі объектілерді идентификациялаудың, іздестірудің және олар туралы мәлімет жинаудың маңызы өте зор. Бұл мәселелерді шешумен ішкі істер органдары жүргізетін криминалистикалық есепке алу жүйесі айналысады. Криминалистикалық техниканың бұл саласы әртүрлі қылмыстарды ашуда қолданылатын нысандарды (заттар, іздер, адамдар, мал, жануар, мәйіттер және т.б) есепке алу, тіркеулердің барынша қалыпты, тиімді тәсілдері мен түрлерін көрсетеді.

Криминалистикалық тіркеу дегеніміз қылмысты ашу, тергеп-тексеру және алдын алу үшін, жедел-іздестіру және қылмыстық құқықтық істерді құқық қорғау органдарында жүргізу барысында түскен объектілер туралы мәліметтерді тіркеу, шоғырландыру және пайдаланудың ғылыми негіздері мен әдістемелік жүйесі.

Криминалистикалық тіркеу жүйесі әртүрлі есепке алудың түрлерінен тұрады. Әрбір есепке алу түрі белгілі біртектес объектілер тобын қамтиды.

Егер, тіркеудің жаңа бір түрі пайда болса есепке алудың да жаңа түрі пайда болады. Яғни, есепке алу бұл біртектес объектілер туралы мәліметтер шоғырланған криминалистикалық тіркеудің жүйесінің бір бөлігі.

Криминалистикалық тіркеудің мақсаты — қылмысты ойдағыдай ашуды бірдейлестіруге қажетті деректер мен сұраныс жасайтын органдарды қамтамасыз ету. Есепке алуға (тіркеуге) қажетті объектілер қатарына мыналар жатады:

а) адамдар — оперативтік көзқараспен іздеу салынған, қамалған, ұсталған, қаңғып және қайыр сұрап жүрген, хабарсыз жоғалған тұлғалар; белгісіздер — оқиға болған жерден қашып жүрген қылмыскерлер, кім екені анықталмаған жүйке ауруымен ауырғандар, балалар, тұлғалар және басқалар.

ә) өлген адам денелері — кім екені анықталмағын ерлікпен немесе жай өлген азаматтар.

Металдан жасалған сақтау орнынан ұрланған бағалы заттарды есепке алу.

Есептің бұл түрі металдан жасалған сақтау орындарынан ұрлау, тонау (сейф, шкаф, жәшік) қандай да болмасын бағалы заттарды (сериялық) бірнеше рет қайталанған, рецидивистер мен «гастролерлер» жасаған ұрлықты ашу және тергеу үшін қолданылады. Есеп мемлекеттік, облыстық, қалалақ анықтамалық орталықтар, шұғыл-криминалистикалық басқармалары мен бөлімдерінде «Сейф» автоматтандырылған хабарлама жүйесінің көмегімен жүргізіледі.

Хабарсыз кеткен, танылмаған мәйіттер, денсаулығы мен жасына байланысты өзі туралы дерек бере алмайтын тұлғалар есебі. Бұл тіркеу (есепке қою) түрі орталықтандырылған-жергілікті формада Қазақстан Республикасы ІІМ-нің және қалалық, облыстық полиция бөліністерінің (анықтамалық) хабарламалық орталықтарында жүргізіледі.

Іздеу салынған тұлғалардың есебі. Бұл есепке алу Қазақстан Республикасының және шет елдердің құқық қорғау органдарынан тығылып, қашып жүрген адамдарды іздеуді қамтамасыз етеді.

Іздеу салынған автокөліктің есебі. Бұл есепке қою иесі белгісіз, іздестіріліп жатқан көлік құралдары туралы мәліметтерді жинау, жүйелеу, сақтау, өңдеу үшін пайдаланылады.

Айырықша тарихи, ғылыми, өнер немесе мәдени бағалы ұрланған және алынған заттардың есебі. Бұл есепке қою мемлекеттік ақпараттық орталықта, әрбір нысанға бөлек бірдейлендірілген карта толтыру арқылы жүргізіледі.

Жалған ақшалар мен бағалы қағаздар картотекасы.

Жалған ақшаның, қазына мен банк билеттерінің жалпылама шығуын, олардың жасалу тәсілдерін және технологиясын анықтау үшін Қазақстан Республикасы ІІМ-нің жедел-криминалистикалық департаментінде жалған ақшалардың картотекасы құрылады. Картотека зерттеу жүргізетін ПБ-нің криминалистикалық бөліністерінен түсетін материалдар есебінен құрылады. Ол жалған ақшалардың, банк пен қазына билеттерінің оң және сырт жағының суреттерінен және әртүрлі жалған ақшалардың үлгісінен тұрады. Оларды криминалистикалық бөліністер Орталыққа сараптауға немесе зерттеуге үш тәуліктен кешіктірмей жібереді.

Жалған ақша мен бірге олардың оң және сырт жағының суреттері (масштаб: 3:1 — тиындар үшін, 1:1 – банк пен қазна билеттері үшін), сарапты қорытындысының көшірмесі, негізгі сызықтары белгіленген спектрограмма (3:1 масштабта) қоса жіберіледі.

Жалған тиындар мен қағаз ақшалардың фотосуреттері карточкаларға желімделінеді. Карточкаға жалған ақша белгісінің өткізілген немесе табылған жері және уақыты туралы, қылмыс ісінің нөмірі, жалған ақша жасаушы жайлы, сараптау мен картотекадан тексерудің нәтижесі туралы мәліметтер жазылады.

Тиын ақшаның, қазына мен банк билеттерінің жалғандығын немесе дәлдігін анықтау мақсатындағы зерттеулерді әр аймақтағы криминалистикалық бөліністер жүргізеді. Ақша белгілері зерттеуге, ішкі істер органдары бастығының немесе тергеу органының хатымен жолданады, онда күмәнді ақшаның табылу мән-жайы көрсетіледі.

Дактилоскопиялық есепке алу.

Ішкі істер мекемелері криминалистикалық зерттеу бөліністерінің дактилоскопиялық есептері оқиға орнында қол іздерін қалдырғандарды, бір адамның бірнеше оқиға орнында қол іздерін қалдыру жайын, егер бұрын милиция есебінде тұрса, мәйіттің жеке басын анықтау үшін құрылған.

Дактилоскопиялық есептер ашылмаған қылмыстардың орындарынан тауып алынған қол іздерінің фотосуреттерінің картотекасынан (Ізтека) және ішкі істер мекемелерінің шұғыл-істер мүддесіне қажет адамдардың дактилоскопиялық карталарынан (дактилокартотека) тұрады.

Із картотекаларының жұмысын ұйымдастыру. Із картотекалары екі бөлімнен құрылады. Бірінші бөлімі қол іздерінің фотосуреттерінен тұрады. Дактилоскопияда қабылданған жіктеу тәртібі бойынша жүйеленген олардың папилляр өрнектерінің түрі мен үлгісі анықталады. Із картотека бойынша дактилокарталарды тексеруді жеңілдету мақсатында осы бөлімде бөлімшелер болуы мүмкін, олар қылмыстың жасалу уақыты, тәсілі және басқа белгілері бойынша құрылады.

Із картотекасының бірінші бөлімі бойынша тексеруге дактилокартотекаға салынған дактилокарталар және шұғыл-істер орындары мен тергеушілер жіберген қылмыста болатын күдікті адамдардың дактилокарталары жатады.

Із картотекасының екінші бөлімі дөңес ернектерінің түрі мен үлгісі анықталмаған қол мен алақан іздерінің фотосуреттерінен құрылады.

Криминалистикалық видеотека есебі. Қазақстан Республикасы ішкі істер мекемелерінде (дидаржазғыш) аппаратурасын видеотека пайдалану арқылы қылмыскер қатарына жататындардың криминалистикалық есебі құрылады. Видеотека шұғыл-істер ауқымын қызықтыратын кісінің бейнесін монитор экранының толық көрсетеді, оның аяқ басын, дене және бет қимылын, сөйлеу ерекшелігін тап басып жазып алады.

Видеотеканың қоры бойынша тексеріс тергеушінің немесе шұғыл-істер аппараты бастығының жазбаша нұсқауына сүйеніп жүргізіледі. КСБ-ның маманы тергеуші немесе жедел уәкілмен бірлесе отырып қылмыстық істегі күдіктінің белгілері жайлы жауаптар негізінде қордан жеке адамның

бейнетаспаларын іріктеп алады, оларды көрсетуге дайындайды. Бейнефильмдер дыбыссыз көрсетіледі. Қылмыскер дауысының ерекшелігі тыңдаушының есінде қалған жағдайда, бейнежазу дыбыспен қоса көрсетіледі.

Криминалистикалық тіркеулерді пайдалану тиімділігі автоматизация құралдары мен санау техникаларын жетік қолданған кезде елеулі түрде жоғарлайды. Аталмыш мәселе сұрауларды өңдеу уақытын біршама азайтып қана қоймай, сонымен қатар тіркеу объектілерінің арасындағы өзара байланысты айқындауға мүмкіндік береді [7, 336 б.].

Қазақстан Республикасында тіркеулер Бас прокуратура жанындағы құқықтық статистика және арнайы тіркеулер Комитеті басқармасында және Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық басқармаларында шоғырланған. Бас прокуратура жанындағы құқықтық статистика және ақпараттар Орталығындағы тіркеулердің жедел-анықтамалық тіркеулермен сипатталған. Ал Ішкі істер министрлігінің жедел-криминалистикалық басқармаларын дағылардың криминалистикалық тіркеулер сипаты бар.

Қазіргі кездегі қылмыспен күрестегі міндеттердің күрделенуі, яғни біріншіден, криминалистикамен меңгеріліп жатқан ғылыми-техникалық жетістіктермен, екіншіден, объективтік шындықпен қамтамасыз етілген практикалық сұраныспен байқалып отыр. Ол дегеніміз тіркеуге жататын объектілер шеңберінің кеңеуі, олардың жалпы және жеке белгілерін егжей-тегжейлі зерттеп-бекіту, сондай-ақ олардың арасындағы өзара байланысты жадынан шығармай бақылап отыру мүмкіндігі.

Ескерілетін объектілер ерекшелігіне және оларды сипаттайтын белгілердің топтасуына байланысты, сонымен бірге тркелетін объектілердің түрлеріне қарай, төмендегідей топтарды бөліп шығаруға болады:

а) жедел-анықтамалық тіркеулер (әдетте мұндай объектілер қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланысты және көзге түсер белгілері болады);

ә) криминалистикалық (мұндай объектілер міндетті түрде қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыста болады, ал белгілері ғылыми-техникалық құралдарды қолдану арқылы табылады);

б) анықтама-көмекші (мұндай объектілер қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыста болмайды, олардың белгілері көзбен және арнайы зерттеулер көмегі арқылы анықталады).

Жедел-анықтамалық тіркеулер негізінде адам, заттар, өнімдер (мысалы, зауыттық нөмір, өндіруші мекеме таңбасы, ондағы көрсетілген шығрылған уақыты мен орны) белгілері жатыр. Жоғарыда келтірілген белгілерді анықтап-бекіту үшін сараптамалық-криминалистикалық таным және тиісті құралдар мен әдістерді қолдану (әрине, нөмірлерді өшіріп немесе қолдан соққанды есепке алмағанда) қажет емес. Мұндай тіркеу объектілерінің белгілері тікелей тергеуші және жедел іздестіру қызметкерлерімен суреттеледі. Ескерте кететін бір жағдай, бұл жерде жедел іздестіру тіркеулері емес, ондай тіркеудің өзіндік ерекшелігі бар және ондай тіркеу жедел іздестіру қызметінің теориясында талданады. Алайда, ондай тіркеулердің объектілері бірмезгілде криминалистикалық және жедел-анықтамалық тіркеулеріне жатқызылуы

мүмкін. Оның себебі – арнайы мақсатпен қатар (жедел іздестіру қызметінің теориясы) әртүрлі санаттағы адамдар мен заттарға іздес салу міндеттерін қамтамасыз ету, ал олар жалпы қылмысты тергеп-ашу мақсаттарына жету үшін қызмет жасайды. Мұндай объектілерге мыналарды жатқызуға болады:

- тергеу және соттан бой тасалап жүрген адамдар;
- хабарсыз кеткен адамдар;
- танылмаған мәйіттер;
- белгісіз аурулар және балалар;
- ұрланған, табылған, алынған нөмірі бар заттар және т. б.

Бұлардың кейбіреулерін жедел-анықтамалық тіркеулерге жатқызуға болады, ал бір бөлігін криминалистикалық тіркеулер қатарына енгізуге мүмкіндік бар.

Алфавитті-дактилоскопиялық тіркеу бір-бірімен байланысты алфавитті және осы аумақта қылмыс жасаған, іздеудегі, ұсталған және сотталған адамдардың дактилоскопиялық картотекаларынан тұрады. Алфавиттік картада демографиялық мәліметтер, сотталғандығы, қамауға алынғандығы, ұсталғандығы туралы мағұлмат, дактилоскопиялық формуласы келтіріліп және он жақ қолының нұқ саусағының көшірмесі түсіріледі. Дактилоскопиялық карталар сонымен бірге қылмыс жасаған, бірақ қылмыстық жауаптылықтан қандай да бір себеппен (мысалы, қоғам тарапынан ықпал ету шаралары немесе жағдайдың өзгеруіне қарай) босатылғандарға да толтырылады.

Алақан және барлық саусақ көшірмелері орын алған дактилоскопиялық карталар арнайы бланк көмегімен жасалынады. Көшірме алудың (дактилоскопирование) мұндай тәсілін он саусақтық деп атайды. Оның алдыңғы бетінде сондай-ақ аты-жөні, мекен-жайы, жасы, жынысы жайлы ақпарат, ал артқы жағында – осы адамның сотталғандығы, ұсталғандығы және ерекше белгілері көрсетіледі.

Қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың дактилоскопиялық тіркеуі қылмыстарды тергеп-ашуға қажетті әрқилы ақпараттарды алуға мүмкіндік береді. Мысалы, өзі туралы мағұлмат беруден бас тартып не жалған мәлімет беріп отырған қылмыскер немесе күдіктінің жеке басын осы дактилоскопиялық тексеріс арқылы анықтауға болады. Танылмаған мәйіт саусақтарының көшірмесі алынады, олда картотекадан тексеріледі.

Кейінгі жылдары дактилоскопиялық деректерді өңдеуде қазіргі заманға сай ақпараттық технология мүмкіндіктері кеңінен қолданылуда. Бізде және іргелес көршіміз Ресейде компьютерлер және саусақ кескіндерін сканер немесе телекамера арқылы енгізетін құрылғылар негізіндегі автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйелердің бірқатар бағдарламалық-техникалық кешендері жасалған. Осындай көпшіліктің арасынан апробация нәтижесінде кейбір дактилоскопиялық жүйелер таңдап алынды. Олардың біріне «Папилонды» жатқызып, оның тәжірибеде кеңінен қолданылып жүргенін атап өтуге болады. Аталмыш жүйе компьютерге дактилоскопиялық картаны және бөлек іздерді енгізіп, олар бойынша тексеріс жүргізе алады. Енгізілген іздердің сапасын өңдеу арқылы жақсартуға болады.

Адамдардың сырт келбет белгілері бойынша тіркеу. Олар: фотоальбом немесе фототека, қылмыс үшін сотталған, ішкі істер органдарын қызықтыратын адамдардың бейнебанкі, бейнетекасы түрінде болады. Тіркеудің басты мақсаты: жәбірленушіге, куәға тану үшін күдіктіні ұсыну. Ақпарат адамның сырт келбет белгілеріне сәйкес жүйеленеді. Бұл жерде алдымен композициялық портрет құрастыруға, сосын белгілі белгілер бойынша адамның фотобейнесін табуға болады. Бейнебанктің қазіргі заманға сай және ыңғайлы түрі ретінде мәліметтердің компьютерлік базасы жүреді. Бейне оның ішіне сканер немесе сандық фотоаппарат көмегімен енгізіледі. Іздеу жолы жоғарыда айтылғандай, бірақта бұл жерде процесс елеулі түрде жылдам өтеді. Сонымен бірге бейненің сапасын жоғарлататын арнайы компьютерлік бағдарламалар бар.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтар жасаған қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың тіркеуі тиісті құқық қорғау органдарын қызықтыратын ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Ұрланған антиквариат заттары мен мәдени байлықтардың тіркеуі. Аталмыш тіркеуге жататындар:

- тарихи құндылықтар, оның ішінде халықтар өміріндегі тарихи оқиғалармен, қоғам мен мемлекеттің дамуымен, ғылым және техника тарихымен байланыстылар, сондай-ақ қоғам қайраткерлері тәрізділердің қызметі мен өміріне жататындар;

- археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған заттар мен оның бөлшектері;

- көркем құндылықтар (суреттер, иконалар, ойма өрнек, ағаш, керамика, шыны, сүйек сияқтылардан жасалған көркемдік заттар);

- дәстүрлі ұлттық көркемдік кәсіпкерлердің өнімдері;

- архитектура, тарих және көркемдік ескерткіштердің құрамды бөліктері мен қалдықтары;

- тарихи, ғылыми, әдеби жағынан ерекше қызықтыратын көне кітаптар, басылымдардың өзі немесе олардың жинақтары;

- сирек кездесетін қолжазбалар және документтік ескерткіштер;

- мұрағаттар, оның ішінде фото, дауыс, кино, бейнемұрағаттар;

- бірден-бір және сирек кездесетін ән аспаптары;

- пошталық маркалар, басқа да филателиялық материалдар;

- көне тиындар, ордендер, медальдар және басқа да жинақ заттары;

- сирек кездесетін жинақтар және флора мен фауна үлгілері, ғылымның осы саласын қызықтыратын заттар;

- басқа да айналымдағы заттар, сонымен бірге тарихи, ғылыми және басқа да мәдени мағыналылығымен қызықтыратын көшірмелер.

Қазіргі кездегі жәдігерлік өнімдер, жаппай өндірілетін мәдени заттар тіркеуге жатпайды [8, 153б.].

Ұрланған, жоғалған, алынған, табылған, тәркіленген, тапсырылған әрбір антиквариат затына екі ақпараттық карта толтырылады.

Ұрланған және алынған нөмірлі заттар мен жалпымемлекеттік айналымдағы құжаттардың тіркеуі. Мұндай тіркеуге заңға сәйкес

ұсталғандардан немесе қамалғандардан кеденде, сақтау камераларынан алынған, ұрланған құжаттар мен заттар қойылады. Сонымен бірге табылған немесе өз еркімен тапсырылған құнды қағаздар, сертификаттар және басқа да жеке нөмірі бар заттар (үн, бейне аппаратура, бейне, фотокамера, сағат, тегіс ұңғылы аңшы мылтықтары) тіркеліп, құқық қорғау қызметкерлеріне табуға көмектесу мақсатымен жүргізіледі.

Іздеудеге және иесіз жатқан автокөліктердің тіркеуі – осы объектілер жайлы ақпараттарды бір жерге жүйелеу үшін жүргізіледі. Транспорт құралымен заңсыз иемдену фактісі бойынша қылмыстық іс тіркеу кезінде тергеуші көлікті ұрлап кетуіне қатысты ақпараттық-іздеу картасын екі данада құрастырады. Иесіз көлікке ақпараттық-іздеу картасы жол полициясы бөлімінің іздеу бойынша инспекторымен немесе оның міндетін атқарушы қызметкермен құрастырылады.

Криминалистикалық тіркеу түрлері.

Ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық бөліністерінде криминалистикалық тіркеулер және анықтамалық - ақпараттық қорлар жинақталады. Бұл бөлімдерде криминалистикалық тіркеулерді-іздер мен криминалистикалық ақпарат көздерін барынша толық түрде қолданып, қылмысты анықтау, ашу және алдын алу мақсатында жүргізеді. Ал анықтамалық - ақпараттық қорлар – тергеу, жедел іздестіру және жедел-криминалистикалық бөліністерге қажетті анықтамалық ақпараттарды алу үшін жинақталады.

Жедел-криминалистикалық бөліністерде төмендегідей криминалистикалық тіркеулер жүргізіледі :

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде:

– ашылмаған қылмыс орнынан алынған, қарудың ізі бар оқтар, гильзалар және патрондардың коллекциясы;

– беймәлім дауыстардың фонотекасы;

– барлық мемлекеттердің жалған ақшалары мен құнды қағаздарының картотекалары;

– полиграфия құралдарын қолдану арқылы жасалған жалған құжаттар катотекасы;

– ашылмаған, ауыр қылмыс жасалған жерлерден алынған қол іздерінің картотекасы;

ІМ-нің басшылығының шешімімен басқа да картотекалар мен коллекциялар жинақталуы мүмкін.

Полиция департаменті (ПД) мен Көліктегі полиция департаментінде жүргізілетін тіркеулер:

– дактилоскопиялық;

– сындырып - бұзу құралдарының іздері;

– аяқ киім табанының іздері;

– автотранспорт құралдарының доңғалақтарының протекторларының іздері;

– оперативтік қызығушылық туғызатын тұлғалардың фото және бейнетекасы;

– ашылмаған қылмыстар фонотекасы;

– кім екені анықталмаған қылмыскерлердің субъективтік портреті.

Оперативтік жағдайларға сондай-ақ тергеу әрекеттері мен жедел-іздігі жұмыстарын жүргізу барысында табылған іздер мен объектілердің сипаттамаларына байланысты жедел-криминалистік бөлімшелерде басқа да тіркеулердің жүргізілуі мүмкін.

Анықтамалық – ақпараттық қорлар белгілі бір аймақта жалпы мәліметтер банкіні құрып барынша толық анықтамалық ақпараттар алуға мүмкіндік беруі тиіс .

Мысалы, мынандай анықтамалық - ақпараттық қорлар құруға болады:

- суық қарудың анықтамалық коллекциясы;

- оқ-дәрі мен атыс қаруларының анықтамалық коллекциясы ;

- барлық елдердің қағаз және металл ақшаларының анық-тамалық коллекциясы.

Жедел-криминалистикалық бөлімшелерде нәрселер мен заттардың қасиеттері, көлемдері, пішіні және басқа да сипаттамалары бар ақпараттық(анықтамалық)мәліметтер банкімен қоса анықтамалық нақты заттық коллекциялар мен картотекалар болады.

Жедел-криминалистикалық бөлімдердің анықтамалық -ақпараттық бөлімдерінде заттардың қасиеті, пішіні және басқа да сипаттамалары туралы ақпараттық(анықтамалық) мәліметтерден басқа мына төмендегідей анықтамалық , нақты заттық коллекция-лар және картотекалар болады:

- атыс қарулары мен оқ -дәрілердің;

- сындырып бұзу құралдарының;

- аяқ киімдердің үстіңгі жағы мен табанының кескіні;

- автотранспорт шинасының протекторларының іздері;

- автомобиль фараларының жарық сейілткіштері.

Бұдан басқа да: шетелдік пломбалар, жануарлардың қылшықтары, жанар-жағар майлар материалдары, суық қарулар, жарылғыш заттар, құжаттарды жасау үшін қолданылатын материалдар, мөр мен штамптардың көшірмелерінің анықтамалық картотекалары мен коллекциялары да жинақталуы мүмкін.

Оқиға болған жерден алынған объектілерді уақытында зерттеуге жіберіп, сараптама тағайындау, оларды криминалистік есепке алу ПМ анықтама және тергеу бөлімдеріне жүктеледі. Бұл бөлімдер сонымен қатар осы тіркеулер бойынша тексерулер жүргізуді ұйымдастырады.

Ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық бөлімдерінде мына төмендегідей негізгі криминалистикалық тіркеулер жүргізіледі: дактилоскопиялық, кім екені белгісіз мәйіттердің фото-дакто тіркеулері, субъективтік портреттер, фото-бейнетекалар, оқ-гильзатекалар, жалған ақшалар картотекалары және әртүрлі объектілердің анықтамалық коллекциялары. Дактилоскопиялық тіркеулер криминалистикалық тіркеулердің ең дамыған, тиімді әрі көп таралған түрі болып табылады.

Ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық бөлімдерінде дактилоскопиялық тіркеулер мына жағдайларды анықтау үшін жүргізіледі:

- 1) оқиға орнында қол іздерін қалдырған тұлғаны;
- 2) бір адамның оқиға болған бірнеше жерде қол іздерін қалдыру фактісін;
- 3) егер ол адам бұрын ПО тіркеуде тұрса, қайтыс болған адамның кім екендігін анықтау.

Дактилоскопиялық тіркеулер ашылмаған қылмыс орнынан алынған қол іздерінің фотосуреттерінің картотекасынан және ІІМ органдарының оперативтік қызығушылығын туғызатын тұлғалардың дактилоскопиялық картасынан тұрады.

Ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру бөлімдері және тергеушілері мына төмендегі тұлғаларды саусақ және алақан іздері арқылы салыстырып тексеру үшін криминалистерге жазбаша түрде тапсырма береді:

- қылмыс жасады деген күдікпен ұсталғандар;
- қамауға алынғандар;
- қылмыс жасады деп айыпталғандар;
- қасақана қылмыс жасап сотталғандар және бас бостандығынан айыру орнынан босатылғандар;
- полицияның әкімшілік бақылауына алуға жататындар;
- тұрмыстық қатынастарда құқықбұзушылар;
- спирттік ішімдіктерді шамадан тыс көп ішушілер және алкогольіктер;
- ұсақ бұзақылық және ұрлық жасаушылар;
- дәрігердің тағайындауынсыз есірткі заттарын пайдаланушылар;
- притон ұстаушылар және осындай притондарға барушылар;
- қоғамға қарсы өмір сүруші басқа да тұлғалар

Жедел-криминалистикалық бөлімдерге дактилокарталарды тексеруге жіберу туралы тапсырмаларда мынандай мәліметтер көрсетілуі тиіс: қандай ішкі істер органының территориясында, қандай уақыттар аралығында күдікті тұлға қылмыс жасауы мүмкін және оны қылмыстың қандай түрлері бойынша тексеру керек.

Оперативтік тіркеуге алғанда тұлғаны дактилоскопиялаумен қатар фото және бейнетіркеуге алу ұсынылады.

ҚР ІІМ Басты Жедел криминалистикалық департаментінде ойық ұңғылы қарулар және олардың оқтарына криминалистикалық оқ-гильзатекада есеп жүргізеді. Заңды және жеке тұлғалардың қаруларынан (әскери, спорттық, оқу-жаттығу, аңшылық ойық ұңғылы) облыстардың полиция департаментінің жедел-криминалистикалық басқармаларында оқ ату арқылы олардың оқтарын және гильзаларын алып, оқ және гильзатека қоймасына орналастырады. Оқиға орнынан алынған оқ және гильзалар, сондай -ақ, өз еркімен тапсырған, алынған, тауып алынған ойық ұңғылы қарулардың және типтік емес қарулардың атылған оқтары ҚР ІІМ -ің 2005 жылғы 8 сәуіріндегі №220 бұйрығы бойынша ПД -нің жедел криминалистикалық басқармасы арқылы КОГТ (криминалистикалық оқ-гильзатека) қоймасына жібереді.

Кейбір ПО жедел криминалистикалық бөлімдерінде кім екені белгісіз мәйіттердің фото-дакто тіркеулері жүргізіледі. Бұл жерде криминалистер облыс территориясында табылған белгісіз мәйіттерді фотоға түсіріп дактилоскопиялайды және жедел іздестіру бөлімдерінің қызметкерлеріне тану картасын толтыруға көмектеседі. Ал, бұл тану карталары тұрақты түрде хабар-ошарсыз кеткен адамдардың оперативтік тіркеулерінен тексеріліп тұрады. Анықтау органдарымен өзара қарым-қатынас мына төмендегі жолдармен жүргізіледі:

1) Анықтау органдарының сұрауы бойынша сапалы жасалған фотосуреттері мен дактокартасын жедел іздестіру қызметкеріне ҚР Бас прокуратурасының ҚСЖАТК-не тану картасын толтыру үшін беру;

2) Хабар-ошарсыз кеткен адамдардың суретін кім екені белгісіз мәйіттердің фототекасындағы суреттермен салыстырып қарау;

3) Фототеканы туысқандарына және басқа да адамдарға көрсету, сонымен қатар автоматтандырылған «Фототека» және «Бейнетека» мәліметтер базасынан тексеру;

4) Фототекадағы кім екені белгісіз мәйіттер туралы мәліметтерді салыстырып тексеру үшін басқа областарға жіберу;

5) Кім екені белгісіз мәйіттердің дактилокартасын жедел криминалистикалық бөлімдердің дактомассивінен және қабылдап-таратушы мекемелерден тексеру.

ПО жедел криминалистикалық бөлімдеріндегі субъективтік портреттердің картотекасы куәлар мен жәбірленушілердің айтуы бойынша компьютердің көмегімен сыртқы бейне элементтерін таңдау арқылы құрастырған немесе суретшінің көмегімен салынған, қылмыс жасады деп күдіктелген тұлғалардың бейнесінен тұрады. Осы құрастырылған субъективтік портреттер арқылы күдіктіні іздестіру ұйымдастырылады.

Олардың көшірмесі патрульдік қызметкерлер, участкелік инспекторларға берілетін іздеу бағдарламасына (ориентировка) қоса тіркеліп, бұқаралық ақпарат қызметтері арқылы таратылады. Әрбір дайындалған субъективтік портрет бұрын дайындалған портреттер картотекасынан міндетті түрде мына жағдайларды анықтау үшін тексеріледі:

- осы жылғы жасалған барлық қылмыстарды;
- іздеуде жүрген күдікті тұлға жасады деген қылмыстың нақты түрлері бойынша соңғы екі жылдағы жасалған қылмыстарды.

Егер тексеру оң нәтиже берсе онда субъективтік портреттер картотекасындағы типтік ұқсастық табылғаны жөнінде анықтама құрастырылып, ол осы тапсырманы берген адамға жіберіледі.

ПО барлық жедел криминалистикалық бөлімдерінде оперативтік қызығушылық туғызатын тұлғаларға фототекалық және бейнетекалық тіркеулер жүргізіледі және олар белсенді түрде пайдаланылады. «Бейнетека» криминалистикалық тіркеулерін жүргізу жауапкершілігі ПО оперативтік бөлімдерінің басшыларына жүктеледі және оларды оперативтік ақпараттармен қамтамасыз ету осы бөлім қызметкерлеріне тапсырылады. Ал, оны техникалық

жағынан қамтамасыз етуге жедел криминалистикалық бөлімдердің басшылары жауапты болады.

Жедел іздестіру қызметкері, тергеуші, анықтаушы:

- 1) тіркеуге алынатын адамды алып келуді ұйымдастырады;
- 2) тұлғаны тіркеуге алатын күнді және уақытын анықтайды (мыс, уақытша ұстау оқшаулағыштарынан, тергеу оқшаулағыштарынан, қабылдап-таратушы мекемелерден);
- 3) тіркеуге алынатын адамға оның не себептен бейне тіркеуге алынатынын түсіндіру;
- 4) қылмыскердің (күдіктінің) қолда бар белгілеріне сәйкес бейнетекка массивінен ұқсас типтерді таңдап алып оларды жәбірленушілерге немесе куәларға көрсетеді.

Жедел криминалистикалық бөлімдердің маман-криминалисті:

- 1) бейнетүсіруге дайындық жасап техникалық құралдардың дұрыс жұмыс істеуін бақылап отырады;
- 2) тіркелетін тұлғаларды бейнекамераға түсіреді;
- 3) тіркелетін тұлғаларды бейнемагнитофон есептегіші бойынша және бейнекассетаның нөмірі бойынша есепке алады;
- 4) тергеушінің немесе оперативтік қызметкердің тапсырмасы бойынша танушы адамға бейнетекка массивіндегі тұлғалардың бейнесін көрсетеді.

Бейнетекка массивінен тексеру тергеушінің немесе оперативтік қызмет аппаратының басшысының жазбаша нұсқауы арқылы жүргізіледі. Күдікті адамды ұстаған жағдайда оған ҚР ҚПК 229 бабына сәйкес тану жүргізіледі.

Бейнефильмдерді көрсету міндетті түрде дыбыссыз режимде жүргізіледі, ал егер танушы адам қылмыскердің дауыс ерекшелігін есінде сақтап қалса, онда оған бейнематериалдар дауысымен көрсетіледі.

Бейнежазулар бойынша тану үшін көрсету ҚР ҚПК 229 бабының талаптарын сақтай отырып, хаттама толтыру арқылы жүргізіледі. Хаттамаға үштен кем емес тануға ұсынылатын адамдардың суреттері жапсырылған фотокесте қоса тіркеледі.

Жалған ақшалардың картотекасының криминалистикалық есебі – облыс территориясынан алынған немесе басқа региондардан келіп түскен ақша купюралары туралы мәліметтерден және купюралар коллекциясы мен компьютер бағдарламасындағы мәліметтер базасынан тұрады.

Әдетте купюралардың көптеген бөлігінде (90 % дейін) бірдей нөмірлері мен ұқсас белгілері болады. Бұл олардың шыққан тегінің (дайындалуының) бір екенін көрсетеді.

ҚР ІІМ мен ҚР ӘМ-ің сот сараптамы орталығының 1999 жылғы 28 желтоқсандағы №10 бірлескен бұйрығы бойынша жалған ақшалар мен құнды қағаздардың Республикалық картотекасы құрылды. Объектілерді зерттеу және тіркеуге алуды оларды облыстардың полиция департаментіне қарасты Жедел криминалистикалық басқармаларындағы картотекалардан тексергеннен кейін ғана жүргізу ұсынылады.

Қылмысты жасау тәсілі бойынша тіркеуі – жасаған адамды және қылмыстың механизімін сипаттайтын тұрақты белгілерді пайдалануға негізделген [9, 83 б.]. Аталмыш тіркеудің негізінде қылмысты жасау тәсіліндегі жеке даралық қайталанушылықпен байқалатын адамдардың қасиеттері жатыр, олар оқиға болған жерді қарау кезінде, басқа да тергеу және жедел іздестірушілік шараларды іске асырғанда, сондай-ақ арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізу барысында анықталады.

Аталмыш тіркеу екі картотека бойынша жүргізіледі (белгілі және белгісіз адамдармен жасалған). Ашылмаған қылмысқа қойылған карточка басқа картотекадан тексеріледі және керісінше.

Хабарсыз кеткендер, танылмаған мәйіттер, белгісіз аурулар мен балалардың тіркеуі. Бұл сырт келбеті белгілері суреттелеген тану карталарынан тұратын, бір-бірімен байланыстағы картотекалар жүйесінен тұрады. Іс-түссіз жоғалғанның картасының алдыңғы бетінде демографиялық мәліметтер енгізіледі, жоғалу жағдайы мен орны көрсетіледі, өтініш беру күні және табу үшін қандай шаралар жүргізілді, сол анықталады. Картаның төменгі жағы және жартылай артқы жағы жоғалғанның, киімін, аяқ киімін және заттардың белгілерін тыңғылықты түрде суреттеу үшін бағытталған. Картаға екі фотография қоса тіркеледі. Танылмаған мәйітке осындай карта толтырылады. Онда қашан және қай жерде ол табылды, өлі мерзімі мен себебі, жеке басын анықтау үшін жүргізілетін тергеулік шаралар, мәйіттің ерекше белгілері көрсетіледі.

Тану карталар міндетті түрде қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың алфавиттік картотекасынан тексеріледі. Қажетті жағдайда портреттік және дактилокопиялық идентификация саласындағы мамандар тартылады. Танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауда пластикалық қайта калпына келтіру әдістері қолданылады.

Ашылмаған қылмыс жерлерінен алынған қол саусақтарының тіркеуі. Бұл, ашылмаған қылмыс жерлерінен алынған қол саусақтары мен алақан іздерінің фотосуретінен тұратын, следотека, және де осы іздерді қалдырған адамдарды анықтауға бағытталған. Аталмыш тіркеу көмегімен әртүрлі оқиға болған орындарда саусақ іздері бірғана адамның қалдыру фактісі анықтау мүмкіндігі бар, ол өз алдына қылмыстық істерді бір өндіріске біріктіруге негіз болады.

Ұрланған, жоғалған, алынған, өз еркімен тапсырылған ойықты атыс қаруларының тіркеуі – жауынгерлік, спорттық, аңшылық ойықты атыс қаруларды заңсыз иемдену фактілерін анықтау үшін жүргізіледі.

Алынған немесе тапсырылған қару үстінде нөмір, серия, шығару жылын өзгерткен іздер аңғарылса, онда ол сараптама немесе криминалистикалық бөлімшелерге жіберіледі. Егерде қарудың қылмысқа қатысы бар деген жорамал болса, онда тіркеу құжаттары толтырылған соң, оныда алынған патрондармен бірге эксперименталдық атыс жүргізу үшін және оқ пен гильзатекадан тексеру мақсатында сараптамаға жіберген жөн. Атылған оқ, гильза және қару іздері бар оқ-дәрілердің (пулегильзатекә) тіркеуі, бірнеше қылмыста қылмыскер бір ғана қару қолданғандығы туралы фактіні анықтау үшін құрылады. Оларға: оқ,

гильза, ашылмаған қылмыс жерлерінен алынған ойықты қару іздері бар патрондардан, сонымен қатар кейбір тұлғалар қаруынан эксперименталды түрде атылған оқ пен гильзалар жатады.

Оқ пен гильзатекадан тексеру жолымен нақты атыс қаруының қылмыс жасауда қолдану фактісі немесе бірғана атыс қаруының әртүрлі жағдайларда пайдалану дерегі анықталады [10]. Қару алынған кезде ол міндетті түрде, ұрланған, алынған, өз еркімен тапсырылған ойықты атыс қаруларының тіркеуі тексеріледі. Сосын эксперименталдық атыстар жүргізіледі, алынған оқ пен гильзалар тексеріс жүргізу мақсатында оқ пен гильзатекәға жіберіледі.

Жалған ақша және құнды қағаздар тіркеуі – осылардың үлгілерінің коллекциясынан және зерттеулер нәтижесінде құрастырылған суреттеулері бар, арнайы карточкалардан тұрады. Мұндай тіркеу бойынша тексеруге күмән тудыратын ақшалардың сараптамалық немесе алдын ала зерттеуі себеп болады.

Полиграфиялық тәсілмен жалған жасалған құжаттар тіркеуі өзіне сол жасанды құжаттарды, олардың фотокөшірмелерін, полиграфиялық құралдар, клише және басқа да техника арқылы жасалған бланктерді жинақтаған. Мұндай тіркеуді жүргізу жасанды құжаттардың шығу тегінің бір екендігін табуға мүмкіндік береді.

Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттар алу үшін жасалған жалған медициналық рецептер тіркеуі. Аталмыш тіркеу, жалған медициналық рецептердің коллекциясы немесе фотокөшірмелерін, сонымен қатар осыларды жасайтын адамдардың қол жазу (почерк) үлгілерін құрайды. Мұндай тіркеу бір ғана адам айналысып жүрген фактіні айқындауға көмек береді. Қолтаңба үлгілері арқылы нақты орындаушы айқындалуы мүмкін.

Қызықтыратын адамдар дауыстарының фонотекасы (қылмыс авторитеттерінің) қылмысты тергеп-тексеру кезінде адамның кім екендігін анықтауда қолданылады.

Жоғарыда көрсетілгендермен қатар ішкі істер органдарында бастамашылық тіркеулер жүргізіледі. Оларға: нөмірі жоқ заттардың тіркеуі, көлік және аяқ киім іздерінің тіркеуі, ашылмаған қылмыстар орнынан алынған микрообъектілердің тіркеуі, сондай-ақ субъективтік портреттердің тіркеуі.

Анықтама-көмекші тіркеулер түрлері

Оқиға болған жерде көбінесе іздері табылатын заттардың, материалдардың нақтылы анықтамалық коллекциясы. Оларға:

- атыс және суық қарулар, оқ-дәрілер;
- сындыру құралдары,
- есірткі, жанар-май, жарылғыш сияқты заттар мен өнімдер, нәрселердің детальдары мен бөліктері (автокөліктің шина протекторы, фара шынысы, аяқ киім табаны және т. б.).

- арнайы атластар (мысалы, рентгенограмма, хроматограмма), заттар құрамының санды және сапалы каталогтары, басқа да анықтамалық сипаты бар материалдарды (мысалы, анықтамалық оқу құралы) жатқызуға болады.

Қылмыс іздерінде кескінделген өнімдер мен аспаптардың белгілері заттардың сыртқы түрі жайлы мағұлмат береді. Сонымен бірге осы заттардың

конструктивтік ерекшеліктерін көрсетеді, жинақтардың болуына қарай қылмыс құралына ұқсас үлгілерді тауып, көрнекі ұсынуға мүмкіндік береді.

Қару және оқ-дәрілердің анықтамалық жинағы бар үлгілер бойынша қару системасы мен моделін анықтауға жағдай туғызады. Әртүрлі нәрселер мен материалдардың заттай жинағы салыстырмалы зерттеуде осы объектілердің табиғатын айқындау үшін қолданылады.

Криминалистикалық зерттеулерде нәрселер мен материалдарды талдаудың қазіргі кездегі әдістерін қолдану арнайы спектр, хроматограмма, рентгенограмма атластарын пайдаланусыз мүмкін емес. Аталмыш каталогтар сараптамалық зерттеу объектілері бойынша құрастырылады. Анықтамалық-көмекші тіркеулер ретінде әртүрлі өлшемдеріне қарай нәрселер мен материалдардың сапалық және сандық каталогтарыда жүреді.

Қазіргі кезде криминалистикалық тіркеудің ақпаратты-іздеу кішкене жүйелерін автоматизациялау бағытында көптеген жұмыстар жасалынып жатыр. Бұл мақсатта, мысалы АДАЖ «Папилонды» жетілдіру, сканерлер арқылы ұсталған адамдарды дактилоскопиялау, сонымен қатар тез арада электронды түрде фотаға түсіру және т. б. Криминалистикалық тіркеуді дамыту жұмыстары жасалуда.

1.2 Криминалистикалық есептерді қолдану негіздері

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негізін ең алғашқы рет XIX ғ. Аяғында (1882 ж) А.Бертильон қылмыскерлерді тіркеудің антропометриялық, ал В. Гершель, Г. Фулдс, Ф. Гальтон 1887-1891жж. Дактилоскопиялық тіркеу әдісін енгізу арқылы қалыптастырған. Бүгінгі таңда криминалистикалық тіркеу жүйесі шеңберінде тіркеудің сан алуан түрлері қолданылады [11, 226 б.].

Дегенмен де, жеке әдістеме теориясы жүйесінде тұрақтанған криминалистикалық есеп туралы ілім, Р.С. Белкиннің пікірі бойынша, аз зерттелгендер қатәріна жатқызылады. Сондықтан ол әрі қарай ғылыми өндеуді, жетілдіруді қажет етеді. Себебі, бүгінгі таңға дейін бұл ілімнің нақты атауы туралы бір жақты пікір жоқ болғандықтан ол-қылмыстық тіркеу, криминалистикалық тіркеу, криминалистикалық есептер деп әртүрлі аталынууда [12, 175 б.].

А.С. Шаталов, «Кез-келген ғылыми теорияның негізін танылымдағы объект туралы айтылған пікірлер және түсініктер жүйесі құрайдың деп нақты көрсетті [13, 57 б.]. Объект жекелеген түрде талқыланбай, міндетті түрде өзара байланыста болуы тиіс. Объект туралы ұсынымдарды жинақтау, олардың бірбүтіндігі туралы тұжырымы үшін, жетілген жекелеген анықтамалар жүйесінің болуын қажет етеді. Криминалистикалық тіркеу теориясын ғылыми зерттеуге кірісер алдында, оның негізгі түсініктерін бөліп жеке қарау керек [14, 34 б.].

«Қылмыстық тіркеу» термині криминалистика ғылымының қалыптасу кезеңінде пайда болды. Мұнда, криминалистика ғылымы тарауларының қылмыстық техника және қылмыстық тактика деп аталуы үлкен рөл атқарады. Криминалистиканың жалпы теориясының дамуы байланысты, оның тараулары да криминалистикалық деп атала бастады. Дегенмен, қазіргі таңға дейін тіркеуді жекелеген ғалымдар қылмыстық деп атауда.

Біздің пікіріміз бойынша, «криминалистикалық тіркеу» деп аталу кезеңінің қажеттілігі келесідей себептерге байланысты. Біріншіден, жалпы түрде барлық есеп криминалистикалық деп аталады және есептер өздерінде криминалистикалық ақпаратты қамтиды. Тиісінше, тіркеудің жүйесінің өзі тиісті атауды иемдену керек. Екіншіден, қылмыстық тіркеу, өзінің терминінен шығып, қылмыс оқиғасы және қылмыскер туралы кез-келген мәліметтерді иемденуі қажет. Алайда, бұл жағдайда «қылмыстық тіркеу» өзінде, криминалистикалық болып табылмайтын қылмыстық - статистикалық есепті қамтиды. Мұнда өзінің мақсаты бойынша әртүрлі екі тіркеу мен есептің араласуы пайда болады, бұл әрине жіберімсіз. Бәрімізге белгілідей, криминалистикалық тіркеу өзіне ұқсас көптеген объектілер арасынан өздерінің жекелеген белгілері бойынша объектілер есебін ұсынса, қылмыстық - статистикалық есеп қылмыскер және қылмыс туралы мәліметтерді жинақтау үшін қызмет етеді, алайда оның мақсаты ұйымдастыру және басқару міндеттерін шешуде қолданылатын ақпаратты талдау және қорытындылау болып табылады. Профессор Е. Қайыржанов, криминология негізінен қылмыстық құбылысты зерттеген соң, криминологиялық болжау деп келешек қылмыстылық жағдайы туралы ақпаратты үздіксіз алу және өңдеу теориясын және тәжірибесін түрсінуді ұсынады [15, 256 б.]. Қ.Ш.Уканов, тонау қылмысының жасалу орнын, уақытын, құралдарын статистикалық тұрғыдан талдай келе, мұндай ақпараттар профилактикалық шараларды ұйымдастыру барысында пайдалы екендігі жайлы қортынды жасайды. Е.О.Алауханов, қылмыскерлік туралы ақпарат көздеріне:

- а) статистикалық есептерді;
- б) бастапқы есепке алудың статистикалық карточкаларын;
- в) әлеуметтік - экономикалық, әлеуметтік – демографиялық және басқа статистика көрсеткіштерін;
- г) өзге құқық бұзушылықтар, маскүнемдік, нашақорлық және т.б. туралы мәліметтерді;
- д) қылмыстық істерді, қылмыстар туралы материалдар мен әріздарды жинақтап қорыту материалдерін;
- е) қылмыскерлікке және онымен күреске байланысты қоғамдық психологияны, құқықтық сананы, қоғамдық пікірді зерделеудің нәтижелерін;
- ж) сотталғандармен, бақылау тобындағы адамдармен, халықтың әр түрлі әлеуметтік тобының өкілдерімен жүргізілген сауалнаманың нәтижелерін;
- з) криминологтардың байқауларының нәтижелерін;
- и) егер жүргізілген болса – сараптама нәтижелерін жатқызады.

Қылмыскерлерлікке есеп жүргізу оның нақты көріністері: жасалған қылмыс фактілері; сол қылмыстарды жасаған адамдар; қылмыстардың құрбандарі және қылмыстардан келген материалдық залалдың соммасын; ұйымдасқан қылмыстық құрамаларды тіркеуге негіз болатындығын көрсетеді .

Жоғарыда көрсетіліп өткендей, аталған қайнар көздер жалпы қылмыстылық туралы әріз - шағымдардың тіркелуі, қоғамдық пікірлерді және сотталғандармен, бақылауға алынған және тағы басқа да көрсеткіштерді қамтып отыр. Аталғандар қылмыстылықтың қайнар көзі ретінде қарастырған. Әрі қарай Е.О. Алауханов қылмыстық, сот статистикасының мәліметтері көптеген басқадай статистикалық және өзге де деректермен, оның ішінде әлеуметтік бақылаудың, құқық қорғау органдары қызметінің жайы туралы мәліметтермен салыстыру жүргізілетін айтады. Біздің пікірімізше аталған қылмыстылықтың қайнар көздерінде әкімшілік және қылмыстылық, қоғамдық пікірлер, криминологтар байқаулары, криминологиялық болжау, қылмыстың алдын алу туралы айтылғандықтан, олардың қорытындылары жинақталынып статистикалық есептерді құрайды. Себебі, мұнда тек қана қылмыстылық қана емес, сонымен қатар әкімшілік жауаптылыққа тартылғандар туралы мәліметтер, қоғаммен байланыс туралы, қылмыс динамикасы жайлы мәселелер қозғалып отыр. Сондықтан оларды криминалистикалық есеп жатқызуға болмайды және де криминалистикалық және статистикалық есептердің мақсаттары және қолдану саласы әртүрлі. Статистикалық есептер өзінің табиғаты бойынша өзгерусіз, олардың арнауы қандай да бір кезеңдерде қылмыстылықтың шынайы жағдайын көрсету, оларды қолдану негізінен қылмыстылық ахуалын болжаумен және қылмыстылықпен күрестің стратегиясын анықтау және т.б.табылады. Криминологиялық ақпарат-криминологияның негізгі компоненттері туралы анықталмағандықты, білімсіздікті жоятын және криминологиялық болжау мен жоспарлауға бағыт беретін, ғылыми-практикалық сипаттағы мәліметтердің жиынтығы. Біз бұл анықтамамен келісе отырып, статистикалық есептер криминологиялық ақпараттарға негізделеді деген қортындыға келеміз. Себебі, қылмыстар туралы толық ақпараттар болғанда қылмыстылықтың деңгейі, динамикасы, қарқындылығы мен құрылымын анықтау, қылмыстың алдын алу шараларын тиімді ұйымдастыру, қылмыстылықты болжау мен онымен күресуді ұтымды жоспарлау мүмкін болады.

ТМД елдерінің арасында криминалдық ақпарат алмасуы 1992 жылы ТМД мемлекеттерінің ІІМ-нің қылмысқа қарсы күресте өзара келісім шартына қол қоюынан басталды. Осы келісімшарттың негізінде Мемлекетаралық ақпараттық банк (МАБ) құрылды [16, 43 б].

Бұл келіссөздің негізгі шарттарында ТМД елдерінің аумағында жасалған немесе жасалуға дайындалып жатқан қылмыстарға қатысы бар жедел-ізвестіру, анықтамалық, криминалистикалық және басқа да мәліметтермен алмасу; ұйымдасқан қылмысқа қатысты белгілі фактілер мен болған жағдайлар туралы ақпарат беру; халықаралық сипаттағы криминалдық топтардың құрылымы, құрамы, іс-әрекет аясы, өзара байланысы туралы мәліметтерді

хабарлау, ұйымдасқан топтардың қылмыстық әрекеттерінің түрлері мен тәсілдерін хабарлау қарастырылған.

Ал интерполға шығу мемлекеттердің ұлттық орталық бюросы арқылы іске асырылады. Қазіргі кезде Интерполда қажетті ақпаратты іздеудің автоматтық жүйесі (ASF) жұмыс жасайды. Бұл жүйе ауқымы күн сайын ақпараттармен толықтырылып отырылады және ұлттық орталық бюросына мүше елдердің ПМ компьютерлік байланыс арқылы қажетті мәліметтерді үздіксіз ала алады.

Криминалистикалық есептер - бұл мәліметтер жүйесінің біршама басқаша саласы. Аталған есептердің бір-бірінен айырмашылығы, оларды қалыптастыру міндеттері мен қағидаларында және де криминалистикалық есептер айналымды қолдану сипатты иемденіп, ішкі істер және басқа да құқық қорғау органдарының күнделікті жұмысында пайдаланылады. Криминалистикалық есептің негізгі міндеті болып, қылмыстарды ашу мен тергеп-тексеру процесін ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады..

Басқа сөзбен айтқанда, егерде криминалистикалық тіркеудің есеп объектісі өздерінің сапалық сипатымен қандай да бір құндылықты ұсынса, қылмыстық -статистикалық есепте көптеген объектілердің қалыптасуымен басты рөлді сандық белгілері атқарады. Осындай үлгіде тіркеу, криминалистикалық техниканың бір тарауы ретінде сандық емес, сапалық сипатты иемденеді. «Криминалистикалық тіркеу» терминіне жатымды қосымша себеп болып бұл ілімнің криминалистикалық теорияға жататындығы табылады.

1925 жылдан бастап, отандық ғалымдар тіркеуді криминалистикалық ақпараттық маңызы бар есеп ретінде белгіледі. Алайда, 1966 жылы С.П. Митричев терминдерді орындәрімен ауыстырды. «Тергеп-тексерудегі оқиғамен байланысты, жазба немесе басқа да ескерілетін объектілер туралы белгі жүйе түрінде жүзеге асырылатын, сондай-ақ, қылмыстарды ашу және ескерту мақсатында жинақталған ақпараттарды жүйелеу және дәрежелу ретінде түсінілген қылмыстық тіркеу» саласы «криминалистикалық есептер» деп аталына бастады. Осыған ұқсас көзқарасты И.А. Возгрин білдірді, ол «тіркеу есептің тек бөлігі болады деп бекітеді. Әрі қарай ол: «..Осыған байланысты қылмыстылықпен күрестің бұл құралын криминалистикалық есептер деп атаған дұрыс екендігін айтты». Біз бұл пікірмен келіспейміз. Бұл жағдайда берілген түсініктің өзінің мазмұнынан туындау қажет. Тіркеу «есеп мақсатында, жүйелеу, заң күшін беру» үшін жазуды білдіреді, сонымен қатар есеп «тізімге тіркеуді енгізу ретінде анықталады». Екі түсініктердің мазмұны бойынша бір-біріне ұқсас екендігін байқауға болады. Осындай үлгіде, бұл түсініктердің бірі екіншісінің бөлігі деп айтуға болмайды. Алайда, есеп салыстырмалы түрде жалпы ғұрыптық тіркеу түсінігінде саналады.

«Криминалистикалық тіркеу» термині оны криминалистикалық техниканың тарауы ретінде қарауды нақты түрсіну үшін мүмкіндік береді. Жоғарыда көрсетілген түсініктердің бірқатар анықтамаләрі бар. Криминалистикалық тіркеу туралы ілім деп - ақпараттарды жинау, өңдеу,

сақтау заңдылығын оқитын және қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру мақсатында қолданымдағы заңнама ережелеріне сәйкес оны жедел-анықтамалық, криминалистикалық криминалистикалық криминалистикалық және анықтамалық-көмекші есептер жүйесінде маңызды ақпаратқа айналдыратын криминалистикалық теория аталады. Соңғы жылдары көптеген (қылмыстық) тіркеуді жүйе ретінде жеке ғалымдар қарастырады. Субъектінің қызметі бағытталған криминалистикалық есептің объектісі болып ақпарат табылады. Бұл қызметтің қалыптасатын кезеңдері, ақпараттық-ізвестіру жүйесінің кезеңдеріне ұқсас. Криминалистикалық есептің негізгі қызметі болып, мәліметтер базасына түскен сұранысқа байланысты берілетін қажетті ақпараттар болады. Жоғарыда көрсетілгендер криминалистикалық есептің-ақпараттық-ізвестіру жүйесі екендігін бекітуге мүмкіндік береді. Бұл көзқарасты Н.С. Полевой ұстанып, «...дайындалып жатқан немесе жасалған қылмысты ашу және тергеп-тексеру, алдын алу бойынша міндеттерді шешу үшін өзінде өткенде орын алған мәліметтерді беретін қылмыстық сипаттағы құбылыстарды және оқиға туралы ақпарат «қоймасы» міндетін атқару мүмкіншілігі бар ақпараттық жүйені – «криминалистикалық есептер» деп атауды ұсынды .

Мұндай жағдайда жоғарыда Н.С. Полевой ұсынған жүйенің элементі ретінде не түсініледі? деген сұрақ туындайды. Н. Винер, К. Шенон және басқа да ғалымдардың жұмыстарына негізделе отырып, Н.С. Полевой, «...криминалистикалық мазмұндағы ақпараттық жүйе ретінде... біз қылмыстарды ашуға, тергеп-тексеруге және алдын алуға тікелей бағытталған немесе ықпал ететін оның маңызды компоненті адам және оның белгілі қызметі саналатын бүтіндік құруды; мұндай қызметтің пәні болып табылатын криминалистикалық ақпаратты, криминалистикалық ақпараттарды қайта құру мақсатында еңбек қаруы ретінде қолданылатын құралдар және әдістер ретінде түсінеміз...» деп көрсетті.

Ақпарат жүйесінің ұқсас қысқа анықтамасын өзінің жұмысында В.Г. Афанасьев қарастырады. Ол, «...Ақпараттық жүйенің маңыздылығын электронды-есептеуіш машинасын және басқа да техникалық құралдарды (еңбек құралдарын) қолданып, басқарушылық әсер ету және қажетті шешім қабылдау үшін ақпараттарды нысандарға қайта жинақтауға бағытталған адамның тиімді қызметі (еңбегі) ретінде ұсынды».

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде, біз криминалистикалық есептерді қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу мақсатында қолданылатын ғылыми әдістер және құралдар көмегімен негізделініп мамандармен қайта құралған, өзінде криминалистикалық ақпараттар массивін ұсынатын, құқықтық сипаттағы ақпараттық-ізвестіру жүйесі ретінде белгілеуді ұсынамыз [17, 43 б].

Кез - келген жүйе бірбүтіндік құрылым ретінде оның сомалық бөліктеріне келтіріле алмайды. Бұл пікір жүйенің элементтеріне және оның өзінділігіне қатысы бойынша бір жақты әділ. Басқаша айтқанда, кез-келген жүйе оның элементтерінің сапалық сомаләрімен бірікпейтін жаңа сапаларды иемденуі қажет.

Біздің пікірімізше, криминалистикалық тіркеу жаңа сапаларды иемденеді. Себебі, мәліметтер базасына келіп түскен жаңа хабарламалар, мағлұматтар криминалистикалық тіркеу сапасын өзгертіп отырады. Ғылыми ережелер мен тәжірибелік қызметтің өзара әрекеттесуі қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру процесін қамтамасыз ететін ақпараттардың дәрежесін жоғарлатуға ықпал етеді. Жекелегенде, қылмыстың жасалу механизмін білу ақпараттық тіркеудің қайнар көзі болатын объектілердің шеңберін анықтауға мүмкіндік береді. Осы объектілерге сәйкес, криминалистикалық тіркеу қызметі сұраныстар бойынша, мәліметтерді сақтау және берумен байланысты әрекеттерді жүзеге асырады. Ғылыми ережелерді пайдалану жолымен ол қатаң түрде ақпараттармен жұмыс жасаудың жаңа дәрежелеріне өтіп, қызметтік әрекеттерді белсенді талдау және болжау қызметіне айналады. Мұндай құрамдық бөліктің болуы, криминалистикалық тіркеудің құқықтық ережелері ретінде, заңдылық қағидаларына негізделген қызмет сипатында қарауға мүмкіндік береді. Бұл екі аспектіде көрініс табады: біріншіден тіркеу қызметін жүзеге асыру процесін құқықтық нормаларға негіздеуде, екіншіден, оның қорытындыларын заңды түрде бекітуде.

Жүйелік зерттеу методологиясы криминалистикалық тіркеудің объектісін бүтіндік ретінде басқа өзінділігін бөлінуін қарастырады. Олар бізге келесідей болып байқалады:

- қызметтің ақпараттық сипаты - ақпарат оның бастапқы және қортынды нәтижесі (жемісі) болып табылады;
- құқықтық сипаты - криминалистикалық тіркеу нормативтік қайнар көздердің ұқсастығында жинақталған құқықтық базада құрылады;
- ғылыми негізділігі – қызметтің бұл түрі криминалистика ғылымының ережелерінен туындайды;
- динамикалығы - криминалистикалық тіркеу статистикалық құрылым болып табылмайды, криминалистикалық тіркеу үшін үнемі өзін жетілдіру, жаңарту сипатты;
- элементтердің прогрессивті жүйелендірілуі – ол қолданудағы теориялық ережелерінде, құқықтық базада және құқық қорғау органдарының тіркеу жүйесінің бүтінділік жағына өзгертілуінде көрініс табады.

Криминалистикалық тіркеуді жүйелік құрылым ретінде қарастыра отырып, оның өздігінше өмір сүрмей, белгілі ортада жүзеге асатындығын атап өткен жөн. Осындай ортаға қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексерумен байланысты құқық қорғау органдарының қызметі де енеді. Бұл жүйе өзінде криминалистикалық маңызды ақпаратты тіркеудің барлық түрлерін, олардың жүйелік өзара байланысын, тіркелетін ақпарат сипатын және мазмұнын, қағидаларын, оны жүйелендірудің тәсілдерін және нысандарын, сақтауды, іздестіруді және беруді, тіркеу жүйелерін ұйымдастыруға және басқаруға тиімді ықпал етуді қамтиды. Көрсетілгендер негізінде, криминалистикалық тіркеу туралы ілімнің объектісі болып қылмыстылықпен күресте тәжірибелік қызметтің әртүрлілігі ретіндегі криминалистикалық маңызды ақпараттарды тіркеу табылады.

Криминалистикалық тіркеу жүйесі бұл қызметке оның қажетті шектеулі ақпаратының бөлігі ретінде кіреді. Олардың арасында үнемі ақпарат айырбасы (айналымы) жүреді. Жүйеге түскен алғашқы мәліметтер қажетті өңдеулерге түсіп және нақты ахуалға байланысты тексеруге ниет білдірушілерге беріледі (мәліметті ұсынған тұлғаға) немесе сақтау үшін мәлімет базасына жатқызылады.

Криминалистикалық тіркеу жүйесі тергеп-тексеру процесіне қатыстылығы бойынша өзі де жүйеасты болып енеді. Олардың арасындағы мұндай қатынастар сипаты кері байланыстың пайда болуына әкеледі. Қортынды тәуелділігіне байланысты мәліметтер криминалистикалық тіркеу жүйесінен шығуда, кіруде тұзетуші факторлар әсер етіледі. Бұл жағдайда қарастырылып отырған жүйенің ашық екендігі туралы әңгіме етуге болады, себебі ақпараттың қоршаған ортамен өзара айырбасы жүреді. Мысалы, субъект ақпарат жүйесіне жүгініп, онда жоқ немесе толық емес мәліметтерге сұраныс жасады делік. Осыған байланысты сұраушының көрсеткен жаңа да бір жәйттері әрі қарай оны қолдану үшін ақпарат жүйесіне енгізіледі. Ал бұл өз кезегінде жүйенің қосымша бөліктер құрылымның өзгеруіне әкеп соқтырады. Мұндай өзгерістерге ғылымның және техниканың жаңа жетістіктерін қолдану себеп болады (электронды есептеуіш техникасы, голография, генетика, одорология және т.б.).

Криминалистикалық тіркеу ғылыми негізін қарау, олар негізделетін ережелерді тиянақты сипаттауды талап етеді.

Кез-келген оқиға оқшауланған кеңістікте емес, ол шынайы нақты ортада ағымдайды. Және бұл толық өлшемде қылмыстың оқиғасына жатқызылады. Қылмысты жасау процесінде қылмыскер заттардың орналасу тәртібін бұзады: қоршаған ортаға өзгерістер келтіреді. Қылмыскердің, қылмыс құралының, оқиға орнының және жәбірленушінің арасындағы өзара әрекеттер іздердің пайда болуына әкеп соқтырады.

Іздердің пайда болу заңдылығы - бейне ретіндегі материяның қасиеттілік құбылысына негізделген. Бұл қасиеттілік барлық материяға қаншалықты тән болса, соншалықты кез-келген өзара әрекеттесуші жүйелер мен объектілердің бір-бірінде бейнеленіп көріністеледі. Қылмыскер, қылмыс қаруы, қылмыстың объектісі және қылмыскердің әрекеті қоршаған жағдайға әсер етеді және онымен бейнеленген іздер қылмыстылық жүйесі сияқты оның қажетті элементтері ретінде жатқызылады. Керісінше алсақ, әсер ету «қылмыс-жүйелері» элементінде іздердің пайда болуына әкеледі.

Бейнелену іздері бір объектінің екіншісіне әсер ету процесінен пайда болады (тірі немесе өлі табиғатты). Идеалды іздер-қылмысты немесе жәбірленушілердің бас миының қабатында қылмыс туралы мәліметтердің көрінісінің қортындысы.

1. Ақпарат – бұл олардың алынғанға дейін болған анықсыздықты азайтатын немесе жоятын мәліметтер. Анықсыздық кейбір объектілер және объектінің өзі туралы таным заты ретінде қаралуы мүмкін.

2. Ақпарат – бұл заттар және құбылыстардың түсініксіздігін азайтатын немесе әртүрлілікті жоятын мәліметтер. Ақпарат кем дегенде екі элементтің арасында қарама-қайшы анықсыздық болғанда туындайды [18, 45 б].

Бұл анықтамалар ақпараттың мазмұндық әртүрлі жалпы түсінігі болып табылады. Біріншісі анықсыздық көмегімен, екіншісі - әртүрлілік түсінік негізінде жинақталған. Криминалистикалық тіркеуге қатысты барынша қабылданымды ретінде екінші анықтаманы ұсынамыз немесе бұл жағдайда ақпараттың қасиеттілік негізін ұсынушы болып әртүрлілік түсінігі шығады.

Демек, криминалистикалық ақпарат - бұл таным субъектісімен бөлектенетін әртүрлі объектінің бейнесін және соңғысын сипаттаушы мәлімет. Танымдағы объектідегі ақпараттарды қабылдау немесе оның бастапқы қайнар көзінен «бөлектеуге» негіз беріп бекітетін, оған қатысты қандай да бір операцияларды жүргізуге, кеңістіктерде алып жүруге, уақыт бойынша сақтауға, басқа танушы субъектіге немесе техникалық құрылғыға беруге мүмкіндік беретін (тиісті өңдеу барысында) ұқсастық - ақпараттық процестер деп аталады.

Ақпарат үстіндегі басқа барлық операциялар арасында криминалистикалық тіркеуде ерекше орынды теңестіру операциясы алады. Криминалистикалық есептердің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі объектілерді идентификациялау болып табылады. Материалдық әлемдегі әрбір объект жеке (индивидуалды), қайталанусыз, ол объектілердің өзімен өзін теңестіруге мүмкіндік береді. Ол іздерде бейнеленетін анық тұрақты белгілерді иемденеді. Мұнда объектілердің белгілерін тасушы ақпарат, бұл белгілердің бейнеленуіне ауысады. Тіркеу қызметінің процесінде бұл белгілер көрнісі алынып және теңестіру әдісі арқылы есептерде жинақталған мәліметтермен салыстыру арқылы зерттеледі. Мұндай қызметтің қортындысы объектінің өзі өзіне тепе-теңдігін анықтау болып табылады. Тіркеу массивінде бұлобъекті туралы мәліметтер болмаған жағдайда, ол туралы ақпарат алдағы уақытта пайдалану қолдану үшін ақпараттық нысанды жасау жолымен мәліметтер базасына енгізіледі. Мәліметтер базасында ізде белгілері бейнеленген объект теңестірілуші, ал криминалистикалық мәліметтер базасына тіркелген мәлімет теңдесуші объект болып табылады. Тіркеу процесінде теңдеуші ұқсастық белгілері бойынша объектілерді жекелеп теңдестіру мақсатында қолданылады.

Теңдестіру объектілердің арасында жүргізілмейді, ол жекелеген ойша бөлінетін белгілерімен объектінің өз-өзіне ұқсастығын анықтау болып саналады. Бұл белгілерді криминалистикалық тіркеуде іздестіруші деп те атауға болады, себебі олар есептердің мәліметтер базасынан объектілерді іздестіруге әсер етеді.

Біз криминалистикалық тіркеу процесінде идентификациялау қылмыстың субъектісіне және объективті жағына жатқызылатын жағдайларды анықтауға әсер етуші деп санаймыз.

Әрине, қылмыстың құрамына қарағанда, қылмыстың механизмі көптеген элементтермен сипатталады. Мұнда келесі элементтерді бөлуге болады: қылмыстың субъектісі; қол сұғушылық заты; қылмысты жасау тәсілі; әрекеттер

және қылмыстық нәтиже, әрекет және ахуал, қылмыс субъектісі мен қол сұғушылық заттың арасындағы қатысты байланыстар және т.б..

Сонымен қатар, қылмыс туралы ақпараттардың пайда болуы өзінде бейнелену процесін және бұл процестің қортындысында барлық қылмыстық әрекеттердің нәтижелерін ұсынады. Демек, қылмыс оқиғасы туралы ақпараттардың туындау процесі бейнелеуші объектілермен қылмыстың құрамының элементі болады. Тікелей бейнелеуші объектілер болып қылмыстық әрекеттің субъектісі және объективті жағы табылады.

Қылмыстылық оқиғасын криминологиялық-криминалистикалық тұрғыдан қарай отырып, оны төрт кезеңге бөлуге болады (кейбір жағдайларда бір кезеңдердің болмауы мүмкін). Бірінші кезеңде қылмыстық әрекеттер жасау пиғылы, ойы қалыптасады. Екінші кезең - қылмысты жасауға дайындық. Бұл кезеңнің құрамдық бөлігі жоспарлауды, оның барысында ахуалдық жағдайды бағалауды, мақсатты, объектіні, қылмысты жасау тәсілдерін, құралдарын анықтауды және тағы басқаны қамтиды. Осыған байланысты қылмысты жасауға қатысушылармен қарулар және құралдар таңдалынып, қылмыскер немесе қылмыскерлермен қылмыс жасалынатын орындарының жағдайы оқып зерттеледі. Үшінші кезең қылмыстық әрекеттің жасалуымен сипатталады. Және төртінші, қортынды кезең қылмыстық әрекеттің (әрекеттердің) ізін жасырумен аяқталады.

Қылмыстық пиғылдың, ойдың туындауы заңмен қудаланбайтындығы бізге белгілі. Егер қылмыстық әрекет жасалып болса, бұл жағдайда қылмысты жасауға дайындық, оны жасау қылмыстың құрамының объективті жағы қылмыстық әрекеттер ізін жасыруымен бірігіп, жинақталып «сыртқы қоғамға қауіпті актінің және құқыққа қарсы мінез-құлқы болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, қылмыс субъектісі өзінің құқыққа қарсы пиғылын тексере отырып, белгілі бір әрекет жасайды. Сонымен қатар, кез-келген әрекеттермен қандай да бір іздер қалдырылады. Олар субъектінің өзінің немесе қылмысты жасау қаруының және құралдарының іздері болуы мүмкін. Біздің ойымызша, егерде қылмыс оқиғасына жүгінсек, онда нақты ахуалды криминологиялық бағалауда тергеу үшін пайдалы мәліметтерді үш ақпараттық блоктардан алуға болады:

- қылмыс субъектісімен қалдырылған іздер;
- қылмыс жасаудың қаруләрі және құралдарының іздері;
- қол сұғушылық заттәрі [19, 64 б].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің тиісті бабына сәйкес қылмыстың субъектісі ретінде орындаушыны және ұйымдастырушыны, сондай-ақ көмектесушілерді түсіну қажет.

Біздің ойымызша, саны өсудегі криминологиялық есептер жоғарыда көрсетілген блоктардың жекелеген элементтерінің немесе олардың комбинацияларының негізінде жасалуы мүмкін. Жекелегенде, қылмысты жасау тәсілі бойынша есеп барлық үш блоктардың жекелеген құрамдық компеляциясы жолымен ұйымдастырылады.

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негіздері туралы сұрақты қарастыра отырып, оның мақсаттәріна тоқтаған жөн. Криминалистикалық тіркеудің жалпы мақсаты болып қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу процесін қамтамасыз ететін криминалистикалық ақпаратты түрсінү қабылданған. Сонымен қатар біз, жалпы мақсатты сыртқы және ішкі деп бөлуді ұсынамыз. Сыртқы – қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу үшін мүдделі құқық қорғау органдарының қызметтеріне қажетті мәліметтерді толықтыру және жинап беру мақсатында криминалистикалық тіркеуді жүзеге асырумен қортындыланады.

Кел-келген күрделі ұйымдасқан жүйенің өзгерімділік шартында өзін сақтау үшін жүйенің ішкі мақсатының болуы сипатты. Криминалистикалық тіркеуге қатысы бойынша ол жүйенің өзіндік дамуыда өзгереді, себебі қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу процесін ақпараттық қамтамасыз ету, тек қана дер кезінде өзін жетілдіру жағдайында ғана мүмкін. Криминалистикалық тіркеудің сыртқы және ішкі мақсаттәрі бір - бірімен үздіксіз байланыста болады. Бір мақсатқа жетуге ұмтылу, басқасына жетудің міндеттілік бағытын ұсынады.

Криминалистикалық тіркеу алдына қойылған мақсаттарға жету үшін оның методологиялық базасын құраушы әртүрлі әдістері қолданылады. Криминалистикалық тіркеуді ғылыми түрсінү негізіне материалдық әлемдегі объектілердің өзінділік тұрақтылығы қоршаған шынайы заттардың және құбылыстардың объективтілігі туралы ережелері жатыр. Жоғарыда көрсетілгендей, қағидалық маңызды - бейнелену теориясы иемденеді. Мұның барлығы диалектикалық негіздегі ұсынымдық таным әдісінің қолданылатындығы туралы куәландырады.

Криминалистикалық тіркеу, криминалистика ғылымы ережелерімен үздіксіз байланысып дамуда. Ол криминалистикалық идентификация теориясымен, қылмыс механизмі және іздердің қалыптасу механизмі туралы іліммен, дәлелдемелік ақпараттарды бекітумен тығыз байланысты. Криминалистикалық тіркеуді оқып білудің негізі - бізді қоршаған әлемді, материалдық танымды, диалектикалық заңдар мен таным теориясын білуге негізделеді.

Криминалистикалық тіркеу, криминалистикалық техниканың: трасология, габитоскопия, қолтаңбатану, криминалистикалық фотография және басқа да криминалистикалық техника тарауларының ғылыми ережелерін толықтырады. Сонымен қатар, біз криминалистикалық тіркеу дамуына тергеулік ахуал теориясы ережелері маңызды әсер етеді деп түсінеміз. Қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесін өңдеуде ахуалдық қадам жасау қазіргі таңда кең қолданылуда. Сонымен қатар, ол тәжірибелік тіркеу қызметінде әсіресе криминалистикалық есептердің нақты түрлерінің бөліктерін қолдануға қатысты пайдаланылады.

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негіздерін, криминалистикалық идентификация мен диагностика теориялары және іздердің пайда болу механизмі туралы ілімнің ақпарат ережелері құрайды. Олар:

- кез-келген оқиғаның, оның ішінде қылмыс оқиғасы болған аумағында іздердің бірінің болуы табылады. Ол туралы жоғарыда айтылып өткендей, бұл материяның бір қасиеті – оның бейнелену құбылысының қабілеттілігі.

- қылмыс жасау барысында кез-келген объектілер бейне қалдыра бермейді, тек қана қылмыс құрамының элементін құраушы субъект және объективті жағы ғана сипат алады. Бұл қылмыскердің тікелей өзі немесе онымен қолданылған қарулар және құралдар. Мұнан жәбірленушілер және куәлармен қалдырылған іздер шығарылып тасталады.

- іздер өздерінде әрқашанда объектілерді бейленеп сипаттайтын ақпаратты тасиды. Сондықтан ізде бейнеленетін белгілер ақпараттық сигналдар ретінде қабылданады. Жиынтығында олар объект туралы көрнекі бейне береді.

- іздер мазмұнындағы ақпарат, оның кез - келген түріне сипатты барлық қасиеттерді иемденеді. Ақпаратты алуға, бекітуге, жинауға, сақтауға, беруге және т.с.с. болады. Демек, ақпаратты ерекше үлгіде ұйымдастырылған мәліметтер банкісіне жинауға болады.

- қылмыстық әрекеттің рецидивтік сипаты кейбір жағдайларда бір және сол объектілерді бейнелеуге әкеп соқтырады. Бұл бір тұлғамен немесе бір затпен (қару немесе құралмен) қалдырылған іздерде көрініс табады.

- егерде біз әртүрлі оқиға орындарынан қылмыстылық туралы ақпараттарды теңестіру барысында мәліметтер ұқсас деген шешімді қортындыға келетін болсақ, онда жалпы (бір) объектінің болғандығы туралы сенімді түрде бекіте аламыз.

- егерде қандай да бір қылмыс тергеп-тексеру барысында болып және ол қылмыстық іс бойынша объектілер туралы белгілі ақпарат қандай да бір мәліметтер банкі базасында енгізілсе, олар басқа да қылмыстарды ашу үшін қолданылады.

- ортақ объектіге біріккен әртүрлі қылмыстар туралы мәліметтер біркелкі емес сипатта болуы мүмкін. Алайда, бүтіндей алғанда бұл мәліметтер қандай да бір объект туралы түсінік береді. Осында криминалистикалық тіркеуді толықтыру мазмұны пайда болады.

Қарастырылған теориялық ережелер бөлшекті түрде басқа саладағы ғылыми ілімнен алынса, бір бөлігі қылмыстық сот өндірісі міндеттерін шешу барысында алынған көптеген мәліметтерді кеңейту болады. Олар қажетті теориялық дәрежеде криминалистикалық тіркеу туралы ілімнің заттық ілім саласын көріністеп және бұл ілімнің тірегі бола тұра, оның затын әрі қарай тануға ықпал етеді.

Жалпы ғылыми тұрғыдан алғанда криминалистика ғылымының ережелері, криминалистикалық тіркеудің жалпы жүйесінің әдістемесін анықтайды.

Криминалистикалық тіркеу бірқатар қағидаларды сақтау негізінде жүзеге асырылады. Олардың қатарына келесілерді жатқызуға болады: заңдылық, ғылыми негізділік, тиімділік, шынайылық, жетімділік, толықтылық және қолданылымдық.

Криминалистикалық тіркеу өзінде белгілі объектілер шеңберінде және қоршаған әлемдегі құбылыстар туралы саптық, жүйеленген ілімді ұсынуға тиісті. Бұл оны ілім немесе жеке теория ретінде белгілеуге мүмкіндік береді. Е.Р.Россинская криминалистикалық теория жағына жатқызуға мүмкіндік беретін криминалистикалық тіркеуді үш межеге бөледі:

- адам қызметінің басқа да саласындағы ұқсас объектілерді зерттеу барысында қойылатын өзіндік ерекше криминалистикалық міндеттерді шешу;
- зерттеу объектілерінің ерекшеліктері және олардың оқиға орындарында жиі кездесуі;
- бұл бағыттың методологиялық және әдістемелік өңделуі [20, 20 б.].

Криминалистикалық тіркеу барлық үш шарттарға да жауап береді, оның жеке криминалистикалық теорияға қатыстылығы қосымша негіз болып табылады.

Осыған байланысты криминалистикалық тіркеу теориясының иемденуге тиісті таным заты және объектісін бөлу қажеттілігі туралы сұрақ туындайды.

Кез-келген жеке криминалистикалық теория, криминалистиканың жалпы теориясына құрамдық элемент ретінде енеді, себебі жеке теорияның жүйесі ғылымның мазмұнын құрайды. Яғни, бұл криминалистика ғылымының пәнін жүйе ретінде қараудың негізін бекітеді. Онда әрбір бөлік, әрбір элемент криминалистика теориясының жеке заты болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, жеке криминалистикалық теорияның заты ретінде «бүтіндей криминалистикамен оқылымындағы белгілі объективті шындықтар қатерінде анықталған заңдылықтар» криминалистика теориясына жатқызылады.

Біз, криминалистикалық тіркеу туралы ілімнің заты ретінде қылмыстық оқиғаға қатысы бар ақпаратты жинау, өңдеу мен қолданудың объективті заңдылығы және бұл танымдарға негізделген қылмыстың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру бойынша қызметті ақпараттық қамтамасыз етудің құралдары, әдістері және тәсілдері жатады деп санаймыз.

Бұл анықтама басқада жеке теориямен оқылатын, басқа ұқсастықтағы заңдылықтың жекелеген бөлігін бөлектеп, криминалистика ғылымының жалпы затын құрайды. Алайда, криминалистикалық тіркеудің заты жеке теория ретінде бірқатар ерекше белгілерді иемденеді. Барлығынан бұрын оның ақпараттық бағытын алайық. Криминалистикалық тіркеу теориясының заты қылмыс механизмін толығымен немесе олардың іздерінің пайда болуын емес, тек қана бұл іздерді жинаумен және қолданумен байланысты заңдылықты қамтиды.

Бұл ілімді оқудың заты қылмыстық қол сұғушылықтың криминалистикалық сипаттамасы болып табылмайды. Көрсетілген ерекшеліктер өзінің ізін қарастырылудағы теорияның шеңберінде өңделінетін құралдарға, тәсілдерге және әдістерге салады. Олар қылмыстың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру процесін ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталған құқық қорғау органдарының тіркеу қызметіне қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс.

Криминалистикалық тіркеу негізделген ереже, оның таным объектісін бөлектеуге мүмкіндік береді. «Жеке криминалистикалық теорияның объектісі

деп объективті заңдылық теориясын оқуда туындайтын, пән саласының бөлігіне қатысты және байланысты процестерді, заттарды, құбылыстарды түрсіну қажет. Р.С.Белкин, теория мазмұнында объект ғылыми дерек ретінде, пән саласы - осындай деректердің жиынтығы ретінде қатысады» - деп көрсетті. Бұл жүйе өзінде криминалистикалық маңызды ақпаратты тіркеудің барлық түрлерін, олардың жүйелік өзара байланысын, тіркелетін ақпарат сипатын және мазмұнын, қағидаларын, оны жүйелендіру тәсілдерін және нысандарын, сақтауды, іздестіруді және беруді, тіркеу жүйелерін ұйымдастыруға және басқаруға тиімді ықпал етуді қамтиды. Көрсетілгендер негізінде, криминалистикалық тіркеу туралы ілімнің объектісі болып қылмыспен күресте тәжірибе қызметінің әртүрлілігі ретіндегі криминалистикалық маңызды ақпараттарды тіркеу табылады.

Криминалистикалық тіркеу теориясының заты негізделген ережелерді қарастыра отырып, біз оның объектісі болып, ақпараттық аспектіде қарастырылатын қылмыскердің әрекеті, сондай-ақ қылмыстың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру процесін ақпараттық талдаумен қамтамасыз етуге бағытталған құқық қорғау органдарының қызметі болып табылады деп бекітеміз. Көрсетілген қызмет саласында, бұл теорияның заттық тарауы өзінің көрінісін табады және ғылыми таным объектісінің сапасында оларды бөлуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде, криминалистикалық тіркеуді, тіркеу органдарының тәжірибелік қызметінен және ғылыми, құқықтық ережелер сипатындағы үш элементтерден құрылған жүйе ретінде қарау туралы тұжырым жасауға болады. Сонымен қатар, криминалистикалық тіркеу туралы ілім өзінде таным объектісі және заты бар жеке криминалистикалық теорияны ұсынады.

Криминалистикалық тіркеу үшін жүйелік құрылым ретінде ішкі және сыртқы деп бөлуге болатын мақсаттың болуы сипатты.

Криминалистикалық тіркеу туралы ілімнің әрі қарай дамуы бұл ілімді-жалпы және арнайы бөлікке бөлу есебінен жүргізілуі тиіс. Бірінші бөлігі өзара байланыс заңдәріна және қоршаған әлемдегі құбылыстар және заттардың өзара шарттылығына, жүйелік - құрылымдық талдау ережелеріне, ақпарат теориясы жетістіктеріне, диалектикалық теория танымына сүйенген, методологиялық базасын өңдеу қажет. Арнайы, криминалистикалық есептер мәліметтерін қолдану жекелеген есептер түрлерінің тиімділігін көтеру, дәрежелік бөлігін өңдеуге бағытталынуы тиіс және өзінің негізінде қолданбалы сипатта болады.

2 Криминалистикалық есептерді қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру барысында қолданудың ерекшеліктері

2.1 Криминалистикалық есептерді қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру барысында қолдану

Тотаритарлық тәртіп кезеңінде жеке тұлға және оның мүдделері толығымен әділ болашақ қоғамды құру идеологиясына толығымен бағынышты болды. Ол уақытта жеке тұлға ешқандай құндылықты ұсынбай, оның мүдделері ескерусіз қалды. Бірінші орынға социалистік қоғамның мүдделері қойылды. Ал азаматтың мемлекетпен даулы жағдайларында, азаматтың құқығын қорғау механизмі болған жоқ. Сонымен қатар, Құқық қорғау органдарының өкілеттілігі заңмен толық көлемде белгіленбеді. Бұл ішкі істер органдарының шынайы тәжірибе қызметін Заң жүзінде дұрыс көріністемеуіне әкелді. Құқық қорғау органдарының қызметі негізінен ведомствалық нормативтік құжаттармен реттелді. Мұндай жағдайда азаматтардың құқық қорғау органдарымен өзара қатынасының маңызды аспектілерінің нақты заңдылық бағыттары жоғалып, ал тұлғаның құқықтық қорғалуы тек қана төмендеді.

Айтылғандарды жалпы құқық қорғау органдарына қатысты келтірсек, ондай ұқсас ахуалдар ішкі істер органдарының тіркеу қызметі үшін де сипатты екендігін айта кеткен жөн. В.Т. Лабузный 1989 жылы Бұл жөнінде: «Бірде - бір есеп түрлері және тіркеулік - есептік қызметтің өзі қолданымдағы заңмен қарастырылмаған. Олардың бірқатарлары ведомствалық заңасты нормативті актілерімен, қалғандары- КСРО Ішкі істер министрлі бұйрықтарымен және нұсқамаларымен реттелген. Тіркеу саны тым көп және үнемі өсуде. Бір бөліктері мақсатсыз ескірген, басқасы - өзгертулер мен қосымшаларға толған. Криминалистикалық тіркеудің мақсаттарын, құралдарын және шектерін белгілейтін заң актісі қажет» деп көрсетті.

Қазіргі таңда мемлекетімізде тіркеу қызметін құқықтық реттеудің бірқатар заңнамалары қабылданған. Олардың ішінде, «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы «Ішкі істер органдары туралы» Заңы. Аталған Заңнамалар тіркеу қызметін жүзеге асырудың құқықтық мүмкіндіктерін біршама кеңейтуге ықпалын тигізді. Алайда, есептің басқа түрлерін ұйымдастыру және қызмет ету тәртібі бұрыңғыша ведомстволық бұйрықтармен бекітілген нұсқамалар және ұсыныстамалармен реттеліп отыр. Осы тұста, криминалистикалық тіркеумен байланысты құқық қорғау қызметі қылмыс оқиғасына тартылған азаматтардың заңды мүдделерімен құқықтарын маңызды шектеуге әкелмейді ме, осыған байланысты тиімді нормативтік реттеу талап етілмейді ма, деген заңды сұрақ туындайды.

Еуропалық Қауіпсіздік және Достастық Ұйымы адамдықты өлшеу бойынша Конференцияның Копенгагендік мәжіліс құжатында, құқықтық мемлекет демократиялық тәртіпті ұстау және жетістіктер кезектілігін үнемі қамтамасыз ететін жәй ғана формальді заңдылықты көрсетіп қана қоймай

сонымен қатар, адамдықтың жеке тұлғалық құндылығын жоғары толық қабылдауын мойындауға негізделген әділеттілікті белгілейді.

Демек, егер мемлекет құқықтық болуға талпынса, онда мемлекеттің басты мақсатының бірі адам құқығын сақтау және құрметтеуді қамтамасыз ету болуы тиіс. Бұл тек қана құқық қорғау органдарының құрылымдарының күшті болуын ғана емес, сонымен қатар берілген билікті өздігінше және қасақана кері қолдану жолдарын сенімді заңды бекітулер жасауын талап етеді. Осыған байланысты адам құқығына тікелей немесе жанама араласумен байланысты мемлекеттік қызметтің жақтарын заңды деңгейде мүмкіндігі бойынша толығымен, нақты реттеу қажет.

Өзін дамыған және өркениетті санаған заңшығарушы бұл проблемаларды шешу барысында Жалпыға бірдей адам құқық декларациясының тиісті бабында бекітілген қағидаларда шығуы тиіс: яғни, ол бойынша «Әрбір адамның өзінің құқықтарын және бостандықтарын жүзеге асыру барысында, тек қана демократиялық қоғамда, қоғамдық әл-ауқатты және қоғамдық тәртіпті, әділетті мораль талаптарын қанағаттандыру және басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті құрметтеуді қамтамасыз ету мақсатында ғана заңмен белгіленген шектеулерге ғана тартылады». Криминалистикалық есептерді жүргізу және ұйымдастырумен байланысты, құқық қорғау органдарының қызметтерін құқықтық реттеуге қатысты бұл ереже тиянақты қарауды талап етеді. Мұнда, біздің пікіріміз бойынша, екі диаметриялы қарама-қарсы ережелерден ағымдауы тиіс.

1. Тіркеу қызметі азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын елеулі бұзуға келтіреді. Азаматтардың белгілі контингентінде ақпараттарды жинау олардың құқықтарына қол сұғушылық болып табылып және өзінің заңды реттелуін қажет етеді.

2. Криминалистикалық есептердің бағыты, мақсаттары және міндеттері, оларды жүргізу процесінде ақпараттарды қолдану және өңдеу, жинау тәртібін құқықтық қамтамасыз ету қажеттілігін анықтайды; алайда, бұл қызмет азаматтардың құқығын тым аз қозғайды немесе тіптен оның бұзылуы туралы айтудың ешқандай мәнісі жоқ [21, 51 б.].

Бұрын кезде заң шығарушы, жіберімсіз және артық билікті өзінің қолына жинақтауға тырысып отырған ведомстваның мүдделерін емес, басты кезекте азаматтардың құқығын қорғау туралы ойлануы керек» деп көрсетті. Әрине, бұл пікірлерді қолдау немесе теріске шығару үшін, бұл сұрақтар бойынша ғалымдардың пікіріне жүгінген дұрыс.

Е.И. Девиков, Е.И. Зуев, Е.П. Ищенконың пікірі бойынша, криминалистикалық тіркеудің құқықтық негіздері өздерінің реттелуін заңасты нормативтік актілерде табады деп санайды. «Бірақ, -олар туралы мәліметтер немесе белгілі объектілерді тіркеу дерегінің өзі азаматтардың мүдделерімен қайшы келуі мүмкін болғандықтан..., криминалистикалық тіркеуге жатқызылатын заңасты нормативтік актілер, міндетті түрде азаматтардың бостандығын және құқықтарын, сондай-ақ заңды мүдделерін қорғау, жеке басты құрметтеудің конституциялық кепілдігінен ағымдауы тиіс» деп көрсетті .

Бұл сұрақ бойынша В.Т. Лабузный, одан да нақтырақ «адамдарды, заттарды криминалистикалық тіркеу, қылмыстылыққа тартылған немесе оған қатысы бар азаматтардың заңды мүдделерін және тиісті құқықтарын міндетті түрде маңызды шектеумен ұласады» деп көрсетті.

Біз, Е.И. Девиков, Е.И. Зуев және Е.П. Ищенко азаматтар бостандығын және құқықтарын, сондай-ақ заңды мүдделерін қорғау, жеке басты құрметтеудің конституциялық кепілдігін сақтау қажеттілігі туралы пікірін қолдаймыз. Алайда, тіркеу қызметін жүзеге асыру барысында нақты қандай құқықтар бұзылады немесе нақты қандай құқықтар бұзылуы мүмкін, соны талдап алайық. Бұл сұраққа жауап беру үшін Қазақстандық және халықаралық құқықтық құжаттарға жүгінуге тура келеді. Олардың қатарына, 10-шы желтоқсан 1948-ші жылғы адам құқықтарының Жалпы декларациясы, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт және 16-шы желтоқсан 1966-шы жылы қабылданған экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт, 22-ші қараша 1991-ші жылғы РКФСР-дің Жоғарғы Кеңесімен қабылданған адам және азаматтың құқығы және бостандығы Декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясының 2 бөлімі табылады. Бұл құжаттарда мазмұндалатын ережелерді талдау, ішкі істер органдарымен тіркеу қызметін жүзеге асыруда бұзылатын азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын негізгі екі топқа бөлуге болады – мүліктік және жеке мүліктік қатынастар.

Осылайша мүліктік құқық ретінде қолданып және мүліктік қатынастарды нығайтқандықтан, бұл түсініктер өздерінің араларында өте тығыз байланыста. Мүліктік қатынастар материалды игіліктерді берумен иемденумен, пайдаланумен және заттарға иелік жүргізумен байланысты.

Ю.Х. Калмыков функционалды белгілері бойынша мүліктік құқықтың жіктеулерін өңдеп, оларды негізгі бес топқа бөледі: 1) жеке меншік құқығы; 2) келісімдер жасауда туындайтын, мүліктік құқық; 3) келісімдерден тыс қатынастар саласындағы азаматтардың мүліктік құқығы; 4) өнертапқыштардың және авторлардың құқықтарымен байланысты құқықтық қатынастар; 5) мұрагерлік құқығымен байланысты мүліктік қатынастар.

Жоғарыда көрсетілген мүліктік құқықтар криминалистикалық есептерді жүргізу және жинақтау процесінде жеке бас құқығына қол сұқпаушылық туралы сұрақтарды қарау барысында, бізді ішкі істер органдарында ұрланған және анықталған заттардың болуымен байланысты жеке меншік құқығы қызықтырады. Алайда, бұл «...заттарды иемдену, қолдану, және иелік бойынша жеке меншікке құқықтық өкілет беріледі» деген құқықтың мазмұнын құрайды.

Иемдену – бұл меншік иесінің заттардың үстіндегі шаруашылық мүмкіндігі; пайдалану – тұлыну процесінде заттардың өзіндік пайдалануын шығарып алу; иелік – осы заттарға қатысты заңды актілер жасау жолымен заттардың тағдырын белгілеу мүмкіндігі.

Заттарды есепке қою барысында азаматтар өздерінің иемдену, пайдалану және бұл затқа иелік, жеке меншік құқығын жоғалтпайды. Сондықтан, мұнда олардың мүліктеріне қатысты азаматтардың құқығын шектеу жүргізілмейді.

Азаматтардың жеке мүліктік емес құқықтарын «...жеке тұлғаға қатысты саудаға түспейтін функционалды белгілері, тасушыларға өзіндік жеке құндылығы мен экономикадан тыс табиғаты бар, материалдық емес рухтық игіліктермен байланысты қоғамдық қатынастар».

Әрбір адамның және азаматтың мүліктік емес өзіндік құқықтары ретінде Конституцияда келесілер аталған: өмір сүруге құқығы; жеке басының бостандығына құқығы; әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абройлы атының қорғалуына құқығы; Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы; әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы; Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар екендігі көрсетілген.

«Қадір-қасиет денегіміз тұлғаның өзін-өзі бағалауы, өзінің жеке қасиеттерін сезінуі, қабілет-қарымын көре білуі, дүниетанымын, қоғамдағы орны мен борышының маңызын іштей түсінуі, өзін-өзі бағалау тұлғаның моральдық және басқа қасиеттерін бағалаудағы әлеуметтік маңызды түйіндерге негізделеді». Осындай үлгіде, жеке бастың қадір-қасиеті субъектінің өзін-өзі бағалауында, сондай-ақ оның қоғамдағы абыройын сипаттайтын адамның объективті сипатында көріністеледі. Ол адамның өзі-өзіне қатынасын және оған қоғам жағынан қатынасын білдіреді. Бірақ, барлығынан бұрын, жеке бастың қадір-қасиеті өзін-өзі субъективті бағалаумен белгіленеді.

Қадір-қасиетке ұқсас ар-ожданның түсінігі «...адамның өз-өзіне қатысы және оған қоғам жағынан қатынасы ашылады». Алайда, жеке бастың моральдік құндылығы қадір-қасиет түсінігі, ар-ождан түсінігімен адамның моральдік еңбектері танылатын нақты қоғамдық жағдайымен, оның іскерлік түрімен байланысады. Ар-ождан тұлғаның өзіне байланысты болады бірақ, жеке тұлғаны қоғамдық балау өлшемін, оның моральдік және басқа да сапаларын объективті бағалауды ұсынады. Жеке тұлға туралы қоғамдық пікір жеке тұлғаның пайдалы және әлеуметтік мәнділігіне байланысты жинақталады. Тұлғаның құрметті есімі, сыйластығы және оның іскерлігін басқа тұлғалармен мойындауы қадір-қасиет және ар-ожданның атрибуты ретінде жатқызылады. Жеке тұлғаның қадір-қасиетін және ар-ожданға қатысты туындайтын құқықтарын бұзу туралы қауіпті, құқықтықтан гөрі моральді санатқа жатқызуды ұсынамыз. Тұлғаны есепке қою дерегінің өзі қоршаған ортаға қатысты сақтық туындатып, адамды қызметтен босату, жұмысқа қабылдаудан бас тарту немесе басқа да түрдегі масқаралауға себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар, ішкі істер органдары, қылмыскерлерден басқа түзеу орындарынан босалып келген, жүйке ауруларымен ауыратын, наркомания, токсикомания және алкоголизммен ауыратын және барлық АТК-нан (арыздарды тіркеу кітабы) өткен тұлғалар, қылмыстық жауаптылық жасқа жетпей қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмағандар және т.б. тұлғалардың есептері жүргізіледі. Бұл жағдайда жеке тұлғаның қадір-қасиетіне және ар-ожданына қол сұғушылық болып есепке қою емес, керсінше кейбір азаматтардың тіркеу қызметінің

мақсаттары мен міндеттерін дұрыс түсінбеуі, есепке қою барысында азаматтардың қадір-қасиетіне және ар-ожданға қол сұғушылық және құқықтарын шектеу болады деген әңгіме қозғауға негіз болады.

Қазақстан Республикасы Конституциясында әркімнің жеке өміріне қол сұғылмау құқығы қарастырылса, әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар екендігі жарияланған. Бұл жағдайда жеке бастың бостандығына қол сұғушылық ретінде мінез-құлықтың және физикалық жәбір түсіндіріледі. Мұндай түсінікке Конституцияда соттың немесе прокурордың рұқсатымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болатындығы айтылған.

Азаматтарды есепке қою, ұстау немесе қамауға алуға келтірмейді демек, олардың бостандықтарын шектей алмайды. Ішкі істер органдары, тұлға туралы белгілі мәліметтерді ғана тіркейді және жеке өмірге қолсұғушылық туралы айту мүмкін ретсіз болар еді. Алайда, азаматтық-құқықтық ғылымда бұл түсінік кең талдау табады. Осылай, қол сұғушылық ретінде заңсыз тұтқындау және қамауда ұстау, басқа да заңсыз бостандығынан айыру және жеке (оның ішінде денсаулыққа зиян келтіру) қол сұғушылыққа (заңсыз жеке тінту, куәландыру, сараптама тағайындау, салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер алу және т.б.) құқықтық өкілет қарастырылады.

Бірқатар криминалистикалық есептерді жүргізу және жинақтау, зерттеу үшін салыстырмалы үлгілер алу жолымен жүзеге асырылады [22, 151 б.]. Егерде соңғысын қолтаңба, қол іздерін, биологиялық үлгілер (қан, сілекей, шаш және т.б.)- деп түсінсек, онда бұл жағдайда біздің пікірімізше, азаматтарға жеке басына қол сұқпаушылық бұзылғандығы туралы немесе шектелгені жайлы айтуға болмайды, себебі сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу ҚР ҚПК-нің тиісті бабымен реттелген.

Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясының болуына құқық беру «...мемлекетпен адамға өзі туралы ақпараттарды бақылау кепілінің ұсынылуы, тұлғаның жеке жыныстық сипаттағы мәліметтерін жария етуге кедергісін тигізеді». Бұл туралы, жекелегенде Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес әркімнің өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялығы сақталуына құқығы бар екендігі көрсетілген. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол берілетіндігі айтылған. Мұндай құқықтық өкілеттілік азаматтардың отбасы және жеке өмірінің қоғамнан және мемлекеттен белгілі тәуелсіз жағдайда болу мүмкіндігін қарастырады. Ол өзінде мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалар үшін азаматтардың жеке өміріне, олардың жеке және отбасылық құпияларына араласуға тиым салуды ұсынады.

Жеке өмірге қол сұқпаушылық, тұрғын үйге, жеке қарым-қатынас құралдарына, хаттардың және телефон арқылы сөйлесімдер құпиясына, жеке құжаттарға, тұлғаның сыртқы бейнесіне қол сұқпаушылық түсіндіріледі. Жеке

және отбасылық құпиясы бала асырап алуға, мүліктерді бөлуге, ақша сақтамдарына қатысты, жеке (отбасылық) өмірлік мәліметтерден тұруы мүмкін.

Алайда, ішкі істер органдарымен тіркеу қызметтерін жүзеге асыру барысында тұрғын үйге, жеке қарым-қатынас құралдарына, хаттардың және телефон арқылы сөйлесімдер және басқа да телеграфтық хабарламалар құпиясына, сондай-ақ жеке құжаттар, жеке және отбасылық құпиясы, бала асырап алу, мүліктерді бөлу, ақша сақтамдары туралы мәліметтерді қозғамайды. Жеке өмірге, жеке және отбасы құпиясына қол сұқпаушылық туралы сұрағын оқу (тану) келесідей құқықтық өкілеттілікті бөлумен байланысты: бейне (сыртқы бейнеге қол сұқпаушылық) және жеке (отбасы) өмір мәліметтер құпиясы.

Көріністеу құқығы өзінде, оның бейнелеген өнертапқыштық өнер шығармаларын қою және тарату, ол бейнеленген кез-келген басылымдар жағдайларын ұсынады. Көрсетілген әрекеттер тек қана бейнеленушінің келісімімен, ал ол өлгеннен кейін-балаларымен және тірі ерімен (зайыбымен) рұқсат етіледі. Егерде мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделер (мысалы, қылмыскерді іздестіру үшін), немесе егер де бейнеленген тұлға авторға төлем үшін келбетін ұсынса, келісім талап етілмейді.

Азаматтық-құқықтық ғылымда жекелеген ғалымдар адамның сыртқы бейнесін заңсыз көрсету, жасауды, ары қарай көріністік ақпараттарды материалды тасушыларды тарату, тұлғалардың жеке өміріне ену болып табылады деген пікірді ұстанымды. Ал, Л.О. Красавчикова, «мұнда заңсыздық ретінде дәрежелену үшін көрсету нақты қандай құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылды...қол сұғушылық азаматтың сыртқы көрінісін статикалық (живопись, фотография) немесе динамикалық (кино, теледидар және т.б.) ақпараттарды тасушыларды көрсетуді қамтиды, адамдардың көпшілік немесе тар орталар үшін тиісті бейнелерді бұқаралық көрсетуге немесе демонстрациялы жүзеге асырылу жағдайлары маңызды орын алмайды» - деп белгілейді.

Жекелеген криминалистикалық есептердің түрлері, есепте тұрған тұлғалардың фотографиялық (бейне-) көріністермен жинақтауды қарастырғандықтан, мұндай әрекеттерді азаматтардың жеке өміріне, олардың сыртқы бейнесіне қол сұқпаушылық құқығын шектеу деп түсінеміз.

Жеке (отбасылық) өмір туралы мәліметтердің құпиялылығына қатысты сұрақ онан да күрделі, себебі олар ретінде нені түсіну керектігі жайлы нақты нұсқамалар бола алмайды. Осылай, В.М. Баранов қазіргі таңда жеке өмір - бұл «шартты жинақталатын дәреже, ол қоғамдық өмірге қатысушылардың мазмұнымен және қарау бойынша көлемімен толықтырылады» деп белгілейді. Біздің ойымызша, азаматтардың жеке және отбасылық өміріне қол сұғушылық ретінде заңды қайшы емес әрекеттер қарастырылуы мүмкін, ал мәліметтерді жинау шегін, шекарасын нақты белгілеу жоқ және болуы да мүмкін емес.

Сонымен қатар, құқық қорғау органдарымен бірқатар объектілер туралы мәліметтерді тіркеуде және олармен криминалистикалық есептерді жүргізуде азаматтардың бірқатар құқықтық мәртебелерін қозғайтындығын атап өту қажет.

Бұл сұрақты бөлшектеп қарау ішкі істер органдарымен жүзеге асырылып жүргізілетін криминалистикалық нысанындағы есептерде азаматтардың жеке өміріне, жеке немесе отбасылық құпиясына, сондай-ақ қадір-қасиет және ар-ожданына қол сұғылатындығы туралы тұжырымға келуге мүмкіндік береді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұқпаушылықты қамтамасыз ету қажеттілігін түсінген мемлекеттер үлкен сандағы халықаралық нормативтік құжаттарды қабылдауға келді. Бұл құжаттардың бірқатар ережелері, ақпараттарды жинау процесінде жеке тұлғаның өмір саласына заңсыз қол сұғушылықты болдырмауды қамтамасыз етуге жатқызылады.

Мемлекеттік құрылымдардың тіркелген мәліметтерді компьютерленген өңдеуге көшуі, жеке сипаттағы мәліметтерді автоматтандырылған өңдеуге қатысты жеке тұлғаларды қорғау туралы Конвенцияның қабылдануына себеп болды. Конвенцияда көрсетілген және жеке сипаттағы мәліметтерді автоматты өңдеу аспектісінде әрбір жеке тұлғаға, әсіресе оның жеке өміріне құқығын және бостандығын сақтау кепілдігін ұсыну белгіленген. Мұнда жеке сипаттағы мәліметтер ретінде теңдестірілу немесе теңдестірілді болуы мүмкін, жеке тұлғаға қатысты кез-келген ақпараттар түсіндіріледі. Конвенция мәліметтердің қауіпсіздік кепілдігін, сондай-ақ басқа да мәліметтердің жинақталуын жүзеге асырып тұлғалар үшін қосымша кепіл белгілейді.

Сонымен қатар біз, құқық шекарасыз өмір сүре алмайтын бостандықтың өлшем қызметін атқарады деп санаймыз. Осы тұста адам құқығының жеке және бұқаралық мүдделерді қорғау мақсатында белгіленетін шектеулерді қарастыратындығын атап өткен жөн. Декларация адам құқығы саласының негізін ұсынушы құжат болғандығына байланысты, барлық халықаралық нормативтік актілер осы мақсаттарда тиісті шектеулерді жібереді. Мұнда келесідей мақсаттарға жету үшін қажетті құқықтар және бостандықтарды шектеу, заңды болып саналады: 1) басқа тұлғалардың құқықтарын және бостандықтарын тиісті мойындауды және сыйлауды қамтамасыз ету; 2) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету. Оларды заңдарда бекіту міндетті шарт болып енеді. Мұндай ереже қандай-да бір тұлғалар туралы ақпарат жинау процедурасына да таралымды. Жоғарыда көрсетілген жеке сипаттағы мәліметтерді автоматтандырылған өңдеуге қатысты жеке тұлғаларды қорғау туралы Конвенция, өзінің негізгі ережелерінен келесі жағдайлардың ауытқуына рұқсат етеді:

а) мемлекеттің қауіпсіздігін, қоғамдық қауіпсіздікті, мемлекеттің ақша айналымын қорғау барысында немесе қылмыстық құқықбұзушылықты тойтаруда;

б) басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда.

Құқық бұзушылықпен күрес саласына қатысты басқа да халықаралық құқықтық құжаттарды талдау, ұқсас мақсаттарда адамдардың бостандығы және құқық көлемін тарылтуға жол беретін ережелердің бар екендігі туралы тұжырым жасауға келтіреді.

Халықаралық-құқықтық реттеудің маңызды аспектісі болып, адамдардың құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттарын және тиісті

құқық қорғау органдарының қызметтерінің халықаралық стандарттарын қамтамасыз ету және орнату табылады. Халықаралық стандарттар қатысушы - мемлекеттер үшін және жеке тұлға мәртебесінің міндетті құқықтық минимумын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың міндеттерін және құқықтық өкілеттіліктерін белгілейді. Халықаралық стандарттарға тек қана адамдардың құқықтары және бостандықтары ғана емес, сонымен қатар заңды шектеулер және тиым салулар жатқызылады. Мұндай біріктірулер құқық қорғау органдарының қызметінің стандарттарын анықтайды.

Шет мемлекеттерінде компьютерлік мәліметтер базасының пайда болуы, азаматтар туралы ақпарат жинауды, өңдеуді, сақтауды және қолдануды реттейтін заңның қажеттілігіне келтіруде. Электронды құралдарды мемлекеттік құрылымдармен қолдануда шектеуге ұмтылудың қортындысы, ақпараттарды электронды өңдеу жағдайында, азаматтар туралы ақпараттарды қорғауды реттейтін арнайы заң актілерін қабылдау болып табылады.

Германияда «Ақпараттарды өңдеу барысында жеке тұлға туралы мәліметтермен қиянат жасаудан қорғау туралы» Заң қабылданған, оның мақсаты «қорғауға жатқызылатын жеке тұлғалардың мүдделеріне зиян келтіруге» қарсы әрекеттермен қортындыланады. Заң, мемлекеттің мүдделері талап етсе, мемлекеттік органдармен азаматтар туралы мәліметтер жинауды қарастырады. Мұндай мәліметтерді жинау құқығын иемденген мекемелерге жекелегенде, федералды қылмысты іздестіру, прокуратура және полиция жатқызылады.

Ресейлік ғалымдармен көрсетілген нормативті актілерге салыстырмалы талдау жүргізілуі, бізге персоналды ақпарат пен мәлімет банкілерінің жинақталуына олардың бірыңғай негізгі қағидаларын анықтауға мүмкіндік береді. Біріншіден, жеке сипаттағы мәліметтер банкісін құру және қолдану тек қана заңды бекітілген жариялық шарттарға сәйкес жіберіледі. Екіншіден, тек қана белгілі органның - мәліметтер банкінің иелігінде тікелей енетін жағдайда (мақсатқа лайықтылық қағидасы). Үшіншіден, мүдделі тұлғалар мәліметтер банкінің жасалғандығы туралы білуі қажет, сондай-ақ оларға қатысты жинақталған ақпараттармен танысу мүмкіндігінің болуы тиіс (жариялылық қағидасы). Мұнда азаматтардың құқықтық өкілеттілігін біз негізгі төрт түрге бөлеміз:

- 1) жинақталған және сақталудағы дербес ақпараттармен танысуы;
 - 2) қандай да бір дербес мәліметтерді жинау жіберімділігі туралы шешім қабылдау;
 - 3) жинақталған ақпарат мазмұнын талдау (түзету, толықтыру, жаңарту немесе жою мүмкіндігі);
 - 4) жинақталған ақпарат қолдану мүмкіндігі туралы сұрақтарды шешу.
- Сонымен қатар, заң актілері жеке және жариялы мүдделер талап еткенде көрсетілген құқық өкілеттілігінен шығарып алуды қарастырады.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде біз, тіркеу қызметін жүзеге асырушы ұйымдардың және мекемелердің қол сұғушылығынан азаматтарды қорғау

бойынша шет мемлекеттерінің заңдылығын жариялау заңды кепіл, шектік сипат алады деп қорыта аламыз. Мемлекетпен белгіленген жағдайларда, құқық бұзушылықпен күрес мақсатында, көрсетілген ұйымдармен азаматтар туралы мәліметтер жинау, сақтау және қолдану жүзеге асырылуы мүмкін.

Соңғы жылдары адамдармен өздерінің бөлінбейтін құқықтарын түсінуі нығайып келеді, олардың саласы бұрынғыға қарағанда кеңірек болып отыр. Алайда, қылмыстың тез өсуі, оның сапалық сипаттарының негативті өзгеруі әлеуметтік кернеу қайшылығына келтіріп, азаматтардың құқықтарын қозғауы мүмкін шараларды қабылдауды талап етеді. Әділдікті орнату үшін, мемлекет, заңды аттап өткен тұлғалардың құқықтарына қысымшылық жасауға мәжбүр болады. Ол өзінің өкілеттерін жүзеге асыра отырып, белгілі дәрежедегі криминалды белсенді азаматтардың бостандықтарын шектеуге мәжбүрлейді. Сонымен олар қандай да бір құқықтарды жүзеге асыруға ықпал етіп, белгілі қосымша міндеттерді жүктейді демек, маңызды түрде олардың құқықтық мәртебесін қозғайды. Осындай үлгіде, мемлекеттік және қоғамдық мүдделер белгілі жағдайларда жеке өмір саласына қол сұғуды талап етеді.

Л.О.Красавчикова бұл жағдайларда үш шарттың сақталуы тиіс деп белгілейді. Бірінші, жеке өмір және оның құпиялары салаларына қол сұғу мүмкіндігі заңмен қарастырылуы тиісті, еске сала кететіні қандай да бір ұқсас заңның немесе құқықтың, құқықтық нормаларының түсініктемелерін тарату жіберімсіз. Екінші шарт, көрсетілген салаға қол сұғатын тұлғалар үшін, оған арнайы құжатпен бекітілген өкілеттіліктің болуы. Үшінші, әрбір өкілетті тұлға жеке өмір және оның құпиялары саласына тек қана өзінің тар-қысаң мамандығы, кәсіби аспектісінде енуге мүмкін екендігімен қортындалады.

Шет елдердің құқықтық құжаттарын талдау қортындылары тұрғысынан, бұл шарттарды екі қағидаға келтіруге болады. Бірінші және екінші шарттар заңдылық және жариялық қағидаларын құрамдаса, үшіншісі - мақсаттылық қағидасы.

Мысалы, 22 ақпан 1995 жылдан бері Ресейде, 25 қаңтар 1995 жылы қабылданған «Ақпарат, ақпараттандыру және ақпараттарды қорғау туралы» Федералды Заңы әрекет етуде. Бұл Заңның алыс шет елдердің құқықтық актілеріне жалпы ұқсастығы көп. Оның әрекеттері барлық мемлекеттік органдарға неғұрлым таралымды болғандықтан, ішкі істер органдарының тіркеу қызметін құқықтық реттеу негізіне алуға болады. Алайда, біздің пікірімізше бұл Заң тек қана мүліктік, ақпараттық, ақпараттық ресурстармен және т.б. байланысты қатынастарды реттеуге бағытталған. Сонымен қатар, мәтінде криминалистикалық тіркеуді жүзеге асырушы органдардың қызметін құқықтық бағалауда байқалатын жекелеген қарама – қайшылықтар бар. Мысалы, 11 баптың 1 бөлімінде, ақпарат ресурстарының құрамына қосылатын дербес мәліметтер тізімі, федералды заңнама деңгейінде бекітілуі тиіс делінген. Шын мәнінде бұл нормамен байланысты жалғыз ғана құқықтық құжат болып 6 наурыз 1997 жылғы №188 Ресей Федерациясының «Құпиялық сипаттағы мәліметтер тізімін бекіту туралы» Жарлығы табылады. Сонымен қатар, көрсетілген баптың 1 бөлімі соттың шешімі негізінде басқа, жеке тұлғаның

келісімінсіз өзінің және отбасылық құпиясын бұзатын немесе жеке өмірі туралы ақпараттарды жинауға, сақтауға, қолдануға және таратуға тиым салады. Алайда, жоғарыда айтылғандай құқық қорғау органдары із-түзсіз жоғалғандарды іздестіру, қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру мақсатында мұндай ақпараттарды жинауды, сақтауды және қолдануды жүзеге асыруға мәжбүрлі. Ресейдің Федералды заңынан байқалғандай, арнайы құқықтық реттеудің болмауы криминалистикалық тіркеуді жүзеге асыруға кері әсерін тигізетіндіктен, құқық қорғау органдарының тіркеу қызметін реттейтін арнайы заң керектігін ұхынамыз. Бізбен мұндай заңның негізгі ережелерінің жобасы қарастырылды [23, 43 б.].

Кез-келген демократиялық-құқықтық мемлекеттің әлеуметтік құндылығы жеке бастың бостандығы және заңның жоғарлығы табылады. Құқықтық мемлекетті құру, бірінші кезекте, адам құқығын сақтау және сыйлауды қамтамасыз етуді талап етеді. Ол үшін тек қана күшті құқық қорғау органдары ғана емес, сонымен қатар азаматтарды сенімді қорғайтын заң қажет. Мұны тек қана, қандай да бір үлгіде адам құқығына қол сұғумен байланысты қызмет, мемлекет жағынан нақты және толығымен заңды реттелген жолмен ғана шешу мүмкін.

Азаматтардың құқығын сақтаудың маңызды кепілі болып, ішкі істер органдарының азаматтарды, оның құқықтарын шектеуге негіз беретін мүмкіндіктерін заңмен нақтылап сарқу табылады. Адамдардың құқығын қамтамасыз ету тек қана ішкі істер органдарының, оның ішінде криминалистикалық есептерді жүргізумен байланысты барлық өкілеттіліктерді заңда көрсету жолымен мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгендер, құқық қорғау органдарының тіркеу қызметін реттейтін заң актісін қабылдау қажеттілігі туралы тағы да көрсетеді. Халықаралық және шет мемлекеттерінің құқықтық актілерінің ұқсастығы бойынша жеке сипаттағы мәліметтер банкілерін ұйымдастыру мақсаттылық, жариялылық қағидасында құрылуы тиіс.

Қазіргі таңда қолданымдағы нормативтік актілерде криминалистикалық есептерді пайдалану және ұйымдастыру проблемасына бірыңғай құқықтық қадам, әрекет етуші нормативтік актілердің келісімі жоқ. Құқықтық салада мұндай жағдай, тіркеу қызметінің қоғамдық пайдалылығын, азаматтармен оның мақсатын және міндеттерін түсінбеуге, тәжірибе қызметкерлермен есептердің рөлдерін бағаламауға әкеп соқтырады.

Р.Е.Демина, «тіркеудің қызмет ету және құру қағидалары, объектілері, криминалистикалық есеп түрлері, ақпаратты алу, ұсыну және қолдану және басқа да сұрақтары көрсетіліп, ашылған» жалпы федералды заң қажет екендігін ұсынады. Ішкі істер органдарының тіркеу қызметі заңшығарушы актісінде оншалықты тиянақты реттеудің қажеттілігі жоқ деп санаймыз. Себебі, криминалистикалық тіркеу саласында әртүрлі өзгертулер болып тұрады (мысалы, есептің жаңа түрлері пайда болады). Бұл өз кезегінде нормативтік құжатқа өзгерту енгізуді талап етеді. Сонымен қатар, заң өзінде қатаң пішінді ұсынады және ауыстырыла алмайды. «Ішкі істер органдарындағы есептер

туралы» заңында тек қана тіркеу қызметінің бірінші кезекте, жалпы азаматтардың құқықтарына және заңды мүдделеріне қатысты сұрақтар қарастырылуы қажет. Егер де дәлелдемелер жинау және бекіту процесімен байланысты тергеу және сот әрекеттерін қарастырсақ, олар қылмыстық-процесуалдық заңмен реттелген. Ал сараптамаға қатысты заң тек қана сараптама тағайындау және сараптық зерттеудің қортындыларын бекітудің жалпы сұрақтарын қарастырады. Бұл мазмұнда сараптық зерттеу туралы мәліметтер дәлелдемелерді алудың құқықтық әдістерін ұсынады. Ал сараптық зерттеу шеңберінде ақпараттарды алу процесінің өзі яғни, сараптама өндірісінің процесі заңмен қозғалмайды. Ол заңның адам тіршілігінің барлық саласын құқықтық қамти алмайтындығымен байланысты. Сол себепті заңда соңғы қортынды реттеледі яғни, ақпараттарды алу және дәл сол нысанда рәсімдеу, сол ақпараттарды дұрыс бағалау және оған дәлелдеме қайнар көзінің сипаттық мүмкіндігі. Біз бұл пікірмен келісіміз себебі, біздің жұмыста ол пікірлер айтылған. Р.Е. Демина тіркеу қызметін реттеу мәселелерін жекелеген заңдарға енгізу қажеттілігін ұсынады. Біздің пікірімізше, заң біреу ғана болуы тиіс және онда қандайда ақпараттарды ішкі істер органдарында тіркеумен байланысты барлық сұрақтар көрініс табуы керек.

Халықаралық және Қазақстанның құқықтық актілерін талдау келесідей тұжырымдарға келуге мүмкіндік берді:

Құқық қорғау органдарымен тіркеу қызметтерін жүзеге асыру барысында қылмыс оқиғасына тартылған азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы болады. Алайда, жеке мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау нақты тұлғалардың бостандықтарын шектемеусіз мүмкін емес.

Шет мемлекеттерінде жеке сипаттағы мәліметтер банкілерін жариялылық, мақсаттылық қағидаларының негізінде ұйымдастырылған заңдар қабылданған. Ал, Қазақстан Республикасында тіркеу қызметі ведомствалық нормативтік актілермен және қылмыстық іс жүргізу кодексінің, «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары», «Жедел іздестіру қызметі» туралы заңнамасының кейбір баптарымен жанама реттеледі. Сондықтан Қазақстан Республикасында шет мемлекеттерінің тәжірибелеріне ұқсас, «Құқық қорғау органдарындағы есептер туралы» Заң қабылдау қажеттілігі туындайды [24, 55 б.].

Заң қорытындысында, ведомствалық нормативтік актілерді қабылдау үшін құқықтық негізі болып, онда криминалистикалық есептерді жүргізу, қолдану және бұтіндей алғанда ішкі істер органдарының бөлімдерінің барлық тіркеу қызметтерін ұйымдастыру сұрақтары бөлшектеп көрініс табар еді.

Дегенменде ішкі істер органдарының тұлғалар туралы ақпарат жинаудың шектерін және шарттарын белгілеу жолымен тіркеу қызметін реттейтін заң қабылдаудың қажеттілігі әлдеқашан туындады.

Қылмыспен күреске бағытталған, криминалистикалық тіркеудің тәжірибелік негіздерін қарау, бізге құқық қорғау органдарының қызметін ақпараттық қамтамасыз етудің дәрежесін көтеру проблемасын айыруға

мүмкіндік берді. Біздің пікіріміз бойынша, қойылған проблеманы шешу үшін оны екі аспектіде зерттеу қажет:

- қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруде құқық қорғау органдары бөлімдерінің қызметкерлерімен тіркеу мәліметтерін қолдану;
- ақпараттарды жинау, өңдеу және берумен тікелей байланысты, құқық қорғау органдарының тіркеу қызметінің тиімділігін жоғарылату.

Бұл бөлімшеде біз көрсетілген проблеманың бірінші құрамдаушы бөлігін қарастыруға тырысамыз. Екінші аспектіге қатысты басқа бөлімше арналған.

Қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған тергеу және жедел қызметкерлердің қызметі, өзінде дәлелденуге жататын мән-жайлар туралы мәліметтердің толық немесе бөлшектігін және бұл мәліметтерді алудың қайнар көзі туралы ұсынатын кедергілерден өтумен байланысты. Мұнда құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеті тергеп-тексеру процесінде, бастапқы мәліметтерді алдын ала талдаумен түйіндес. Талдау ізінен соң қылмыстық іс бойынша туындаған ахуалды, ары қарай тиісті шешім қабылдау үшін ойша пішіндеу болады. Ондай ахуалды «тергеулік ахуал» деп атау қабылданған, Л.Я. Драпкиннің анықтамасы бойынша «...тергеп-тексеру процесінде қолайлы немесе қолайсыз жәйтті сипаттаушы және қылмыстық іс бойынша қалыптасқан ақпараттық-логикалық, тактикалық - психологиялық, тактикалық - басқармалық және ұйымдастырушылық жағдайды көріністейтін ойлық динамикалық пішінді» түсіну керек [25, 17 б.]. Түсінігі бойынша жақын анықтама И.Ф. Герасимовпен де ұсынылған, ол: «бұл тергеп-тексерудің белгілі кезеңінде қалыптасатын тергеп-тексеруді» іштей материалдық, ақпараттық және басқа да факторлардың жиынтығын сипаттайтын, өзгерістерге бейім тергеп-тексерудің негізгі бағыттарын, шешім қабылдау және әрекет тәсілдерді таңдаудың шарттары» - деп көрсетті [26, 77 б.].

Келтірілген анықтамалардан тергеу ахуалына тән келесідей белгі сипаттарын бөлуге болады: динамизм (өзгерімділік), белгілі факторлардың болуы (кедергілер), тергеп-тексеру процесі барысында бұл факторлардың қолайлы немесе қолайсыз әсер етуі сипатты. Сонымен қатар, ақпараттық факторлардың және кедергінің болуын ерекше атап өткен дұрыс. Жоғарыда көрсетіліп өткендей, көптеген тергеулік ахуалдар, іс бойынша анықталуға жататын жағдайлар туралы мәліметтер санының жеткіліксіздігімен сипатталады. Алайда, тергеу субъектісінің иелігіндегі шашыраңқы және толық емес мәліметтер жиынтығының жеткіліксіз сипатына қарамастан, іздестіру шеңберін тарылтуға мүмкіндік береді.

Бұл ахуалдардың барлық алуандылығын шартты түрде келесідей әртүрге түйіндеуге болады:

- 1) қылмыскер қылмысты жасау үстінде немесе оны жасап болған соң ұсталды (қылмыскердің жеке басы анықталмаған);
- 2) қылмыскер белгілі, алайда жасырынып үлгерген (қылмыскердің жеке басы анықталған);

3) қылмыскер белгісіз (ол туралы мәліметтер жоқ немесе үзінді сипатта). Жәбірленушінің белгісіз тұлғамен қатысуы болған ахуалды жеке бөлген дұрыс.

Жоғарыда көрсетілген бірінші ахуал қарапайым болып табылады, себебі тергеушінің иелігінде жасалған қылмыс туралы жеткілікті толық мәліметтер бар, сонымен қатар оны жасаған тұлға белгілі. Алайда, бұл ахуал қылмыскер туралы әлеуметтік-демографиялық мәліметтер күмән келтіреді немесе тіптен жоқ екендігімен сипатталады. Себебі, олар әртүрлі болуы мүмкін, мысалы бұрын жасаған қылмысы үшін жауаптылықтан жалтару, оның шынайы аты, жөнін, әкесінің атын және т.б. жасыруы.

Басқа екі тергеулік ахуалдардың түрі күрделі, себебі тергеп-тексеру процесіне қолайсыз әсер ететін белгілі ақпараттардың факторларының болуы (қылмыскердің мекен - жайы, қылмыскер туралы мәліметтердің болмауы) олар үшін сипатты .

Қарастырылып отырған соңғы екі ахуалды тәжірибелік қызметкерлер көбінесе нақты елестете алмайды немесе қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ететін қосымша ақпараттарды қайдан алудың жолын білмейді. Мұндай ахуалдарда туындаған қиындықтардан өтуге үлкен көмекті, қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру процесін ақпаратты қамтамасыз ету мақсатында арнайы құрылған криминалистикалық есептердің көмегі үлкен. Оларды тиімді қолдану үшін, есептердің қай түрінен қандай мәліметтерді алу мүмкін екендігін білу жеткілікті. Сонымен қатар, бізбен ішкі істер органдарының жедел және тергеу бөлімдерінің қызметкерлерімен жүргізген сауал сұралғандардың санының 7 пайызы криминалистикалық есептерге жүгінбегендігін көрсетті. Бұл дерек есептердің мүмкіндіктерін білмейтіндігін немесе оларды бағаламайтындығы туралы айтады.

Жоғарыда көрсетілген проблеманы шешу үшін, криминалистикалық тіркеу бойынша ішкі істер органдарының қызметкерлерінің жетпейтін білімін толықтыруға мүмкіндік беретін, қызметті алгоритмдеу құралы арқылы, криминалистикалық есептермен жұмыс жасаумен байланысты, тергеу және жедел қызметкерлерге автоматтандырылған жұмыс орындарын құру қажет екендігін ұсынамыз. Бұл әрі қарай криминалистикалық есептерде жинақталған мәліметтерді қолдану тиімділігін жоғарлатуға ықпал етер еді.

Автоматтандырылған жұмыс орындарын құру үшін негіз болып, тіркеу массивіне жүгінген қызметкер әрекетінің бағдарламасы қызмет етеді. Барлығынан бұрын оны жазуда, тергеп-тексерудегі қылмыстық іс бойынша пайда болатын тергеу ахуалы тұрғысынан қадам жасаған дұрыс [27, 31 б.].

Тергеу ахуалының позициясынан криминалистикалық тіркеудің мәліметтерін қолдану туралы сұрақ бірінші болып Р.Е. Деминаның жұмысында қарастырылған. Ахуалдарды екіге бөле отырып, автор негізгі назарды қылмыстарды жасауға қатысты тұлғаларды анықтауға бөледі: а) қылмыскер туралы мәліметтер жоқ; б) қылмыскер туралы жекелеген мәліметтер бар.

Р.Е. Деминаның пікірі бойынша, мұнда криминалистикалық есептер, қылмыс механизмін пішіндеуге және қылмыскер туралы мәліметтерді

жинақтауға көмектесіп, тергеулік ахуалды қажетті өзгертуге ықпал етеді [28, 22 б.].

Біз жоғарыда аталған позицияларды толығымен қолдаймыз. Сонымен қатар, криминалистикалық тіркеуге тергеулік ахуалдың теориялық ережелерін енгізу, біздің оймызша іс бойынша қалыптасқан тергеулік ахуалға байланысты криминалистикалық есептерге жүгіну барысында қызметкерлер әрекеттерінің алгоритмін (немесе бағдарламасын) құруға мүмкіндік береді.

Әрекетті бағдарлау, Г.А. Густов белгілегендей, алдын-ала тергеудің жекелеген кемшіліктерін жоюға, криминалистикалық ақпарат өткір тапшы күрделі ахуалдарда қылмыстарды табысты ашуды қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді. Типтік криминалистикалық бағдарлама ретінде, мақсаты қылмыстық іс бойынша жаңа білімдер алуға, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне көмек көрсетумен қортындыланатын құралдар, тәсілдер, оларды шешу әдістерін қосатын ұсыныстар жүйесін түсіну керек.

1) Криминалистикалық есептерге жүгінген, қызметкер әрекетінің бағдарламасын құру үшін;

2) ең көп жиі кездесетін тергеу ахуалдарының барлық түрлерін бөлу;

3) бар мәліметтер базасын бөлу;

4) мәліметтерді іздестіру базасын анықтау;

5) алғашқы мәліметтерді құрамдайтын есептер шеңберін белгілеу қажет.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттерін тиімді бағдарламалау кеңейтілген ахуал немесе ахуалдық пішіндеу әдісін қолдану жолымен мүмкін. Жоғарыда көрсетілгендей, біз оларды шешу үшін криминалистикалық есептер қолданылатын үш тергеулік ахуалдарын бөлдік.

Шынайы мәліметтер базасы өзінде тергеу субъектісінің иелігінде бар мәліметтерді ұсынады. Олар тергеу әрекеттерінің және жедел-іздестіру шараларының өндірісінде алынады.

Мәліметтерді іздестіру базасы-бұл тергеуші немесе жедел қызметкердің тіркеу массивінен мәліметтерді алу ойы.

Жоғарыда көрсетілген бағдарламаны жасаудың қортынды қадамы болып, алғашқы мәліметтерді құрамдайтын криминалистикалық есептерді бөлу табылады.

Автоматтандырылған жұмыс орындарын да жұмыс жасаудың процесі диалогты тәртіпте құрылуы тиіс. ПО-ның қызметкері тергеу әрекеттерін және жедел-іздестіру шараларын жүргізгеннен кейін алынған ақпараттарға талдау жүргізеді. Сонан соң, ол автоматтандырылған жұмыс орындарының басты менюына кіріп, тергеулік ахуалдың түрін таңдайды. Базадағы бар шынайы сұранысқа тергеу әрекеттерін және жедел-іздестіру шараларын жүргізу барысында алынған мәліметтердің қысқа тізімін енгізу тиіс. Әрі қарай оны қандай мәліметтер қызықтыратынын көрсету қажет. Тергеушіге (жедел қызметкерге), қандай мәліметтерден ақпараттардың алатындығының, мәліметтерді көрсетуімен криминалистикалық есептердің ұсыныстық тізімі беріледі. Нақты криминалистикалық есептің түрін таңдаған соң, терминалдың

экранына ақпараттық картаның бланкісі беріледі, оны толтырған соң мүдделі тұлға алғашқы мәліметтерді алады.

Автоматтандырылған жұмыс орындарын құру барысында рұқсат етілмеген енулерден мәліметтер базасын қорғау қажеттілігі туады. Бұл сұрақты шешудің қарапайым түрі біздің ойымызша, криминалистикалық есептермен жұмыс жасау үшін қызметкерлердің жеке кодтарын және парольдер орнату болады.

Шынайы мәліметтер базасы және қылмыстық іс бойынша қалыптасқан тергеулік ахуалдарға байланысты қызметкерлердің әрекет бағдарламаларын толығырақ қарастырайық. Ахуалдың бірінші түрі белгісіз алғашқы элементтермен және бар мәліметтер арасындағы қайшылықты жоюда күрделілікті ұсынады. Ол қылмысты жасаған күдікті тұлға ұсталған, алайда оның бағыт сілтейтін мәліметтері болмағанда туындайды. Мұндай ахуалдарда дәлелдемелер жинаумен қатар күдіктінің жеке басын анықтауға бағытталған шаралар жүргізу қажет. Ондай жағдайларда ІІМ-де жүргізілетін ақпараттар орталығына, жедел-анықтамалық есептерге жүгінген жөн. Жедел -анықтамалық (алфавитті-дактилоскопиялық) есеп Қазақстан азаматтарына және шет ел (азаматтығы жоқ азаматтар) азаматтарына қатысты жүзеге асырылады [29, 55 б.].

Тегі (фамилиясы) бойынша картотекалар екі топтағы мәліметтерді құрамдайды: есептегі тұлғаның сауалнамалық (анкеталық) мәліметтері (тегі, аты, әкесінің аты, туылған жылы, айы, күні); соттылығы туралы (қашан және қандай сотпен сотталған, жазаның түрі, ҚК бабы), үкімнің өзгеруі туралы, рақымшылық немесе кешірім қолданылғаны, жазасын өтеу орны мен уақыты, сотталғанды ауыстыруы, босатылуы немесе өлімінің күні, қылмыстық іс нөмірі туралы мәліметтер; республикалық немесе халықаралық іздеуде жүргендігі, негізі, уақыты және іздеу инициаторы, ұстау (кіммен, қашан, не үшін, қабылданған шаралар) туралы мәліметтер.

Тіркеу карточкалары жүргізілген тұлғалар, бір уақытта дактилоскопиялық есептерге де қойылады. Тексеру туралы сұраныстар арнайы бланк-талаптарда рәсімделеді және егер де тұлға іздеуде немесе бұрын соңды соттылығы болса, ол ұсталғанның жеке басын анықтауға ықпал етеді. Еске сала кететіні дактилоскопиялық есептер бойынша құжаттары болмаған немесе күдік туғызған тұлғаларда тексеріледі. Мұндай жағдайларда ақпараттық орталықтарға бұл тұлғалардың дактилоскопиялық карталары жіберіледі.

Дактилоскопиялық есептер жедел-криминалистикалық мекемелерінде де жүргізіледі және екі тараудан тұрады – із топтау және дактилокартотекалар. Дактилокарталар Қазақстан Республикасы ҚПК-нің тиісті бабының тәртібінде ұсталған тұлғалардың, жедел бөлімдердің есептеріне алынған тұлғалардың және басқа да оларды қылмыс жасады деп күдіктенуге негіз болып, ішкі істер органдарына әкелінген тұлғалардың дактилокарталарынан құралады.

«Папилон» автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпарат жүйесін енгізгеннен кейін, бұл есептерді қолданудың ерекше тиімділігі артты. Оның мәліметтер базасы 500 мыңнан астам дактилокарталарды құрамдай алады .

Егерде ұстау барысында заттар алынса және ол заттардың ұсталғанның өзінікі екендігіне күдік келсе, онда ұсталғаннан алынған заттардың нөмірі немесе антиквариат есептері бойынша тексеру қажет, ол заттың шығу тегін, ұрланған заттың іздеуде бар- жоқтығын анықтайды. Бұл, өз кезегінде, ұрланған заттарға ұсталған тұлғаның қылмысқа қатыстылығы және оның жеке басын анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы мемлекеттік айналымнан алынған және ұрланған құжаттар, нөмірлі заттар есебі ішкі істер органдарының аумақтық-ақпараттық орталықтарында, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің криминалдық ақпарат орталықтарында жүргізіледі. Ұрланған заттар, іздестіру жүргізіліп табылмаған заттар, ұсталғандардан және қамауға алынған тұлғалардан алынған нөмірлі заттар, жоғалған және ұрланған құжаттар (құжаттар бланкілері), сондай-ақ республикалық іздестіру жарияланған тұлғалардан алынбаған паспорттар (жеке куәліктер) есепке алуға жатады.

Есеп карточкасында: заттың шыққан жылы және нөмірі, маркасы, атауы, шығарған орны, сипатты айрықша белгілері, қылмыстық іс (материал) нөмірі, затты іздеуші орган, заттың иесі және оның мекен жайы көрсетіледі. Карточкалар құжаттардың нөмірі және сериясы бойынша жүйелендірілген, сондықтан олар туралы мәліметтер алу сұраныста тек қана көрсетілген реквизиттер болғанда ғана мүмкін.

Ерекше тарихи, ғылыми, көркем немесе мәдени құндылықтәрі (антиквариат) бар ұрланған заттардың есебі аймақтық ақпараттар орталықтарында және Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің тиісті есепке алу орталықтарында жүргізіледі. Есеп объектісі болып мемлекеттік қоймалардан, жеке коллекциялардан, шіркеулерден, мешіттерден ұрланған, сондай-ақ алынған немесе өткізілген антиквариаттық картиналар және зергерлік заттәрі, ғылыми, мәдени-тарихи және көркем құндылығы бар ордендер, монеттер, медальдер, мұражайлық қарулар, иконалар және т.б. табылады.

Заттарға есептік карточка толтырылып, заттың атауы, оның инвентарлық нөмірі, өлшемі, материалы, авторы, ерекшеленетін белгілері, алу, табу, ұрланған орны және уақыты, зат алынған тұлға, затты есепке қойған орган туралы мәліметтер көрсетіледі. Карточкаға антикварды заттың фотосуреті тіркеледі.

Зорлық және пайдакүнемдік-зорлық қылмыстарын жасауда қылмыскерлер көпшілігінде қару қолданады. Ұсталған тұлғадан иір ойықты атыс қаруын алған жағдайда жоғалған және анықталған атыс қаруын және басқа да қарулардың есептерін пайдалану тиімді. Есептің бұл түрі ПМ-нің, облыстық ішкі істер департаментінің криминалды ақпараттар орталықтарында жүргізіледі және жоғалған (ұрланған, жоғалған) немесе табылған (алынған, табылған, ерікті түрде берген) атыс, аңшы, спорттық, оқулық, әскери қарулар туралы мәліметтерді құрамдайды.

Есеп тіркеу карточкалары түрінде жүргізіледі, онда қарудың түрі, нөмірі, сериясы, шығарылған жылы, дайындаушы-зауыт, моделі, калибрі, кімнен

ұрланғаны немесе алынғаны, кіммен жоғалтылғаны немесе табылғаны; іздеудің инициаторы немесе тапқан орган, қылмыстық істің нөмірі көрсетіледі. Қаруды есепке қоюдың алдында ол ашылмаған басқа қылмыстарды жасауда қолданылғаны туралы оққауызтоптаудан тексеріледі.

Ұстап алынған тұлға бұрын соңды өзінің жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауаптылықтан жалтару мақсатында өзінің сауалнамалық мәліметтерін жасыруы мүмкін, ондай жағдайларда аймақтық криминалды ақпараттар орталықтарында және Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Бас ақпараттық орталықтарында жүргізілетін республикалық және халықаралық іздеу жарияланған тұлғалардың іздеу есептеріне жүгінген жөн. Тексеру телеграф байланыстары немесе телефон арналары бойынша жазбаша сұраныстарға сәйкес жүзеге асырылады.

Соңғы жылдары ИМ, ПД-нің криминалды ақпарат орталықтарында ақпараттық-іздігіру жүйелерінде көпобъектілі типтегі-тұлғалар, заттар, қарулар, транспорт және т.б. туралы ақпараттар жинақталған автоматтандырылған мәліметтер банкі (АМБ) енгізіле бастады.

Автоматтандырылған мәліметтер банкісінің ақпараттық массивін құрастырушы алғашқы құжаттар болып, қажетті ақпараттарды алу немесе объектілерді есепке қоюға тілек білдірген, ішкі істер органдарының қызметкерлерімен толтырылған, ақпараттық-іздігіру карталары (АК) табылады.

Автоматтандырылған мәліметтер банкісі жергілікті және республикалық («АМБ-Орталық», «АМБ - Республика, облыс») болып бөлінеді. Сонымен қатар, мақсаттық функциясы бойынша оларды әмбебеп және арнайыға бөлуге болады. Егерде біріншісі, ішкі істер органдарының әртүрлі бөлімдері үшін қажетті мәліметтерді құрамдаса (мысалы, Республика, облыс-АМБ), ал арнайы мәліметтер банкі нақты қызметтерге арналып және тар сипаттағы мәліметтерді құрайды.

Қалыптасқан тергеулік ахуалдарға байланысты ақпараттық-іздігіру карталары түрлерінің үлгілері автоматтандырылған мәліметтер банкіне жүгіну барысында қажетті мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетіліп аталған тергеулік ахуалдың екінші түрі егерде, тергеу субъектісінің иелігінде қылмысты жасаған тұлға туралы мәліметтер болып, алайда оның жүруі мүмкін орны белгісіз және мәліметтер болмаған жағдайларда туындайды. Мұндай ахуалды тағыда іздеулік деп атайды, себебі тергеушінің алдында қылмыс жасаған тұлғаны табу міндеті тұрады. Көрсетілген ахуалда құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің әрекеттері ізделушінің жеке басын сипаттаушы, оның байланыстарын, қылмыскердің мүмкін жүрген орнын анықтауға және оны ұстауға бағытталған мәліметтер жиналады. Осында, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің криминалистикалық есептерге жүгінудегі басты мақсаты – іздігірудегі қылмыскерді әрі қарай ұстау үшін жағдай жасауды көздеу табылады.

Республикалық және халықаралық іздеу жарияланған тұлғаларды іздеу есебіне бар мәліметтерді жіберу, алғашқы қадам болуы керек. Есептің бұл түрі

құқық қорғау органдарынан жасырынған тұлғаларды іздеумен байланысты шараларды қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. Қылмыскерге іздеу жариялау туралы белгіленген үлгідегі қаулыны шығару, басқа ішкі істер органдарымен қылмыскерлерді ұстаған жағдайларда, оны қылмыстық жауаптылыққа тартуға ықпал етеді.

Мұнда іздестіру инициаторы криминалды ақпарат орталықтарына қылмыскерге іздеу жарияланғандығы туралы қаулыны толтырып, әрі қарай Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің криминалды ақпарат орталығына беру үшін жолдауы керек.

Осы мақсатта жедел-анықтамалық есеп қызмет етеді, себебі бұл есептің объектісі тек қана күдіктілер және сотталғандар ғана емес, сонымен қатар іздестірудегі тұлғалар да болып табылады. Онан басқа алфавиттік-дактилоскопиялық есептерге жүгіну арқылы іздеудегі тұлға бұрын-соңды сотталғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Оңды жауап болғанда іздеудегі тұлға және оның өткен криминалды байланыстары туралы архивтік қылмыстық істерді оқу арқылы қосымша ақпараттар алу мүмкіндігі туады. Мұнан басқа сұранысқа жауапта, егерде ол бұрын соңды бас бостандығынан айырылған болса, жазасын өтеген орындәрі да көрсетіледі. Бұл жағдайда, ізделінушінің жазасын бірге өтеген тұлғалардың шеңберін зерттеу оның жүрген орнын анықтауға қосымша мүмкіндік туғызады, себебі ізделуші өзінің қандай да бір бұрынғы байланыс жолдәрінда жасырынуы мүмкін.

Іздеулік және жедел-анықтамалық есептер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің криминалды ақпарат орталықтарында және облыстық ішкі істер департаментінің криминалды ақпарат орталықтарында жүзеге асырылады.

Жергілікті және аймақтық ішкі істер органдарының тәжірибе қажеттілігі негізінде, өздерінің есептері құрылады. Алматы қаласының Ішкі Істер Департаментінің криминалды ақпараттар орталығында «Теміржол билеттері» автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйесі жұмыс жасауда. Ол теміржол билетін алған тұлғалар туралы ақпараттарды құрамдайды. Іздестірудегі қылмыскерлердің қозғалыс бағытын бақылауға және қылмыскерлердің «ізін суытпай» ұстауға, сонымен қатар күдіктілердің, куәгерлердің жүрген бағыттәрін анықтауға мүмкіндік береді [30, 11 б.].

Бұл жүйелер іздеудегі қылмыскерлер, теміржол және ұшақтармен басқа жерлерге кетуге әрекет жасағанда ұстау әрекеттерін жүргізуге ықпалын тигізеді.

Мүліктік қылмыстарды жасауда, қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі нөмірлі заттар, антиквариат, қарулар болғанда криминалистикалық есептердің тиісті түрлеріне мәліметтерді ұсыну тиімді. В.Н. Долинин және В.И. Сорочинский жүргізген зерттеу қорытындылары, 29 пайыз жағдайларда қылмыскер ұрланған заттарды өткізу барысында ұсталғандәрін көрсетті [31, 119 б.]. Қарастырылып отырған ахуалда нөмірлі заттар ұрланған мүліктер туралы мәліметтің есептерге дер кезінде түсуі, егерде қылмыскерлер ұрланған заттарды өткізуге әрекет жасаса, оларды ұстауға ықпал етеді.

Ерекше тарихи, ғылыми, көркем немесе мәдени құндылығы (антиквариат) бар заттардың ұрланған есептері, сондай-ақ жоғалған және табылған атыс қаруларының және басқа да қарулар есептері осы мақсаттарда қызмет етеді.

Үшінші қарастырылудағы ахуалдар қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру тұрғысынан көп күрделілікті ұсынады себебі, ол ақпараттылықтың аз дәрежесімен өзгешеленеді. Мұнда тергеуші қосымша мәліметтер қайнар көздерінің барлық мүмкін орындарын анықтау жағдайында болады. Осында негізгі назар қылмысты жасаған тұлғаны анықтауға бөлінуі тиіс.

Бұл ахуал жиі жағдайларда қылмыстық істерді тоқтауға келтіріп, ашылмаған қылмыстардың санын жоғарлатуға ықпал етеді. Қылмыстық істерді тоқтата тұрудың себептерінің бірі, Қазақстан Республикасы ҚПК тиісті бабы (күдікті ретінде танылуға жататын адамның анықталмауы), яғни кұқық қорғау органдарының қызметкерлерімен криминалистикалық есептердің ақпараттық массивтерін пайдаланбауы болып табылады.

Барлығымызға белгілі, кез-келген қылмыстарды жасау барысында іздер қалады. Алдында көрсетілгендей, олардың барлығын екі үлкен топқа жинастыруға болады: қылмыскердің ізі; қылмысты жасау құралдарының және қаруларының ізі. Демек, криминалистикалық есептерге жүгіну барысында осындай бөлулерден шығу керек.

Қылмысты жасаған тұлға белгісіз болған ахуалда, қылмыскермен қолданған қарулардың немесе құралдардың іздерін анықтау және жинау мақсатында оқиға болған жерді тиянақты қарауға ерекше назар аудәрілуы тиіс.

Қылмыскердің қол саусақ іздері болғанда, жоғарыда көрсетілгендей, екі тарау - ізтоптау және дактилокарталардан тұратын, жедел-криминалистикалық мекемелердің дактилоскопиялық есептеріне жүгіну қажет.

Ізтоптау, ашылмаған қылмыстардың орындарынан алынған қол іздерінің (саусақ және алақан бедерлері) фотосуреттері құрамдалады. Ауыр қылмыстар жасалған жағдайларда, сондай-ақ қылмыс «гастролер» қылмыскермен жасалды деуге негіз болғанда, қол іздерінің фотосуреттерін орталық картотекалардан тексеру үшін Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің криминалды ақпарат орталығына жіберіледі. Ізтоптау оқиға орнында қалдырылған қол іздері, тұлғаның қоғамдық - қауіпті әрекеттерін жасауға қатыстылығын анықтауға мүмкіндік береді. Ол одан әрі, қол іздері бір адаммен қалдырылса, бірнеше ашылмаған қылмыстарды біріктіру туралы сұрақты шешуге ықпал етеді. Оқиға орындарынан түскен қол іздері міндетті түрде дактилокарталар бойынша тексеріледі.

Бірқатар жедел-криминалистикалық бөлімшелерде дактилоскопиялық «Папилон» жүйесінің дактилоскопиялық массиві бойынша жүргізіледі және қылмыскерді бір немесе онан да көп қол іздеріне сәйкес теңдестірілу жасалынады. Қазақстан Республикасы ІІМ жедел-криминалистикалық Департаментінде «Папилон» көмегімен ашылған қылмыс саны жылдан жылға өсуде. «Папилон» жүйесі Қазақстан Республикасының басқа да облыстық Ішкі істер Департаментінде табысты қолданылуда.

Сонымен қатар, қылмыскердің жеке басын бейнебанкіді (бейнетекада) сақталған көріністерді жәбірленушілер және куәларға таныту жолымен жүргізіледі. Қазіргі таңда компьютерлік мәліметтер базасы құрылуда, оған мысал ретінде «Портрет-поиск» жүйесін айтуға болады. Қазақстан Республикасы ІІМ жедел-криминалистикалық Департаментінде «Портрет-поиск» жүйесінің көмегімен қылмыскер анықталуда, мұндай жүйе Қазақстан Республикасының басқа да облыстық Ішкі істер Департаментінде табысты қолданылуда.

Соңғы жылдары, Қазақстан Республикасында «телефондық терроризм» деп аталынатын әрекеттер орын алуда. Бұл жерде қойылған жарылғыш құрылғыларды іздеу үшін үлкен материалды құралдар жұмасалады. Одан басқа, іздестіру шараларын жүргізу және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әртүрлі мекемелердің, ұйымдардың қалыпты жұмыстарын тоқтатуға тура келеді. Бұл қоғамдық-қауіпті әрекеттер дәрежелерін тиянақты тергеп-тексеру қажеттілігін тудырады. Жарылыс дайындалып жатқаны туралы телефондық қоңыраулар магниттік тасушыларға жазылғандықтан, тергеуші және жедел қызметкерлерде дауыс жазуы фонотекасын қолдану арқылы тексеру мүмкіндігі туындайды. Мұндай есептің түрлері Алматы қалалық ішкі істер департаментінің жедел-криминалистикалық бөлімдерінде қолдануда. Сонымен қатар, фонотекасы бойынша тек қана дайындалып жатқан жарылыс туралы хабарлаған тұлғаны ғана емес, сонымен қатар, телефонмен өлтіру немесе басқа да қылмыстарға сәйкес қорқытулар болып автожауапбергіштерге немесе магнитті лентаға жазылған дауыстарды да тексеру мүмкіндігі туады.

Қалыптасқан тергеулік ахуалдарда күдіктілердің және сотталған тұлғалардың криминалистикалық есептерде сақтаулы мәліметтерді қолдануға болады. Бұл есептерде аса қауіпті қылмыскерлер, рецидивистер, «гастролерлер», қылмыстық топтардың ұйымдастырушылары және қылмыстық әлемнің «авторитеттері» туралы мәліметтер жинақталған.

Бұл есептерден, есептегі тұлға туралы белгілі мәліметтер, фотосуреттерін, оның байланыстары, құқыққа қарсы әрекеттері, ол әрекеттердің ерекшеліктері жайлы ақпараттар алуға болады. Алынған мәліметтерді қолдану, егерде олар ерекше қауіпті қылмыскерлердің дәрежесіне жататын болса, қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпалын тигізеді.

Көптеген жағдайларда, қылмысты жасау тәсілі және қылмыскердің жеке тұлғасы ретінде мұндай құрылымдық элементтер арасында заңды байланыс байқалады. Белгілі тәсілді таңдау қылмыскердің әлеуметтік - демографиялық және психологиялық сапасы ретінде әсер етеді. Бұл ашылған және ашылмаған қылмыстардың жасау тәсілі бойынша криминалистикалық есептерге жүгінуге мүмкіндік береді, бұл есептер ІІМ ақпараттық орталықтарында жүргізіледі. Есеп қылмыс туралы мәліметтер (орны, уақыты, тәсілі және т.б.) алуға, сондай-ақ ұқсас тәсілдермен жасалған деректерді және белгілі тәсілдермен жасалған қылмыстарды, қылмыскерлердің жалпы белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл тергеулік ахуалда (мүліктік қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруде) барлығынан бұрын ұрланған нөмірлі заттар туралы есебіне

мәліметтер жіберу қажет. Есептер бойынша тексеру, тіркеу органдарына ұрланған заттар туралы ақпараттарды жіберу қылмыскерлерді тез арада жоюға ықпалын тигізді.

Белгісіз қылмыскер пәтерге еніп, ұйымдастыру техникасын ұрлаған. Нақ осы маңайда басқа күні белгісіз қылмыскер пәтерге еніп азамат Г-нің., жеке мүліктерін ұрлаған. Қылмысты іздеу бөлімінің қызметкерлерімен жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында автокөліктен компьютерлік техникасын түсіріп жатқан азаматтар Д. және Н. ұсталған. Ұсталған азаматтың пәтерінен басқа компьютерлік техника табылған. Нөмір заттардың есептері бойынша тексеру, бұл табылып анықталған заттардың жоғарыда көрсетілген мекен-жайлардан ұрғандығын көрсетті. Осылай заттарды дер кезінде ұрланған заттардың есебіне қою, қылмыскерлерді аз уақыт ішінде анықтап табуға және оларды қылмыстық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік береді.

Тарихи, ғылыми, көркем, мәдени құндылықтарды немесе атыс қаруларын ұрлауда тиісті антиквариат немесе атыс қаруларының есептеріне дер кезінде жүгінген дұрыс.

Жиі жағдайларда қылмыскер сейфтерден, темір шкафтардан және жәшіктерден ұрлық жасайды. Бұл қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруді ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында, криминалды ақпараттар орталықтарда темір қоймалардан ұрланған құндылықтардың криминалистикалық есептері құрылған.

Темір қоймалардан құндылықтарды ұрлаудың криминалистикалық есептері автоматтандырылған «Сейф» ақпараттық жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады, ол темір қоймалардан құндылықтарды жалғаспалы ұрлығын ашу және тергеп-тексеруді ақпараттық қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. Есептерге жүгіну қылмыстылық және оларды жасаған қылмыскерлер туралы мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Зорлық қылмыстарын жасау барысында қылмыскерлер қаруларды, оның ішінде атыс қаруларын жиі қолданады. Сондықтан, бұл қылмыстарды ашуда және тергеп-тексеруде, ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық мекемелерінде жүргізілетін оқиға орнынан және жоғалған қарулардың, қару ізімен қауыз және патрон, оқ коллекциясы үлкен көмек көрсетеді. Коллекция оқиға орнынан алынған және жергілікті органдармен оққауызтекадан тексеру үшін жолданған оқ, қауыз және патрондардан жинақталады. Сонан соң, бұл объектілер республикалық оққауызтоптаудан тексеру және есепке қою үшін жолданады. Коллекция бір немесе одан да көп қылмыстарды жасау барысында нақты атыс қаруының әкземплярының қолданылған дерегін өз еркімен өткізілген, алынған қарулардың арасынан қылмыс жасау барысында қолданғандығын қарудың бар екендігін анықтау үшін қызмет етеді.

Жеке тұлғаға қарсы қылмыстардың арасында барынша әлеуметтік қауіптілікті «тапсырыспен өлтіру» деп аталынып, тұлғаларды жалдаумен жасалатын кісі өлтіру төндіреді. Мұндай түрдегі қоғамдық-қауіпті ерекшеліктердің бірі, қылмыскердің қылмыс орнында кісі өлтіру қаруын тастап кетеді, көптеген жағдайларда кісі өлтірудің құралы болып иір ойықты атыс

қарулері табылады. Бұлардың бұрын соңды ұрланған деген болжамның болуына байланысты, мұндай қылмыстардың түрін тергеп-тексеру барысында, ішкі істер органдарында жүргізілетін атыс қаруларын және басқа да қарулардың есептері бойынша тексеру қажеттілігі туындайды. Бұл криминалды ақпарат орталықтардың мәліметтер банкісінен қосымша ақпараттар алуға немесе ол арқылы ұрлық дерегі бойынша қозғалған қылмыстық іс материалдарына жүгінеуге мәжбүрлейді.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері жеткілікті дәрежеде әртүрлі ведомстволарда: медициналық мекемелерде, әскери комиссариаттарда, салық инспекциясында, облыс, қала, аудан әкімшіліктерінде, муниципалдық техникалық инвентаризация ұйымдарында және т.б. жүргізілетін есептік құжаттарын қолданбайды.

Жоғарыда көрсетілген қылмыстардың тобын ашу және тергеп-тексеру процесінде ерекше маңызды мазмұнды медициналық мекемелердің және әскери комиссариаттардың есептеріне жүгіну алады.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері есептік медициналық құжаттардан: науқастарды қабылдау есебі журналдарынан, медициналық карталардан, тіркеу журналдарынан және т.б. қажетті мәліметтерді алуға мүмкіндігі бар. Бұлар стационарды медициналық мекемелердің, емханалардың, сот-медициналық сараптама мекемелерінің (құжаттардың сақталу мерзімдері 10 жылдан 20 жылға дейін), травматологиялық пункттердің, жүйкелік және жүйкеневрологиялық, наркологиялық мекемелердің есептік құжаттары болуы мүмкін.

Әскери комиссариаттардың есептік құжаттары келесідей түрлерді ұсынады: шынайы әскери қызметке шақырылушылардың есебі (алфавиттік кітап және тұлғалардың картотекалары, шақырылушылардың жеке істері), запастағы офицерлер есебі. Сонымен қатар, есептік құжаттар әскери міндетті әйелдер, жоғарғы білімі бар тұлғалар, әскери қызметке жарамсыз, алайда әскери уақытта саптық қызметке жарамды, ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған тұлғалар туралы мәліметтерді құрамайды [32, 55 б.].

Бұл есептердің түрлері ұсталған қылмыскердің жеке басын анықтау қажеттілігі жағдайы ретінде және қылмыстық әрекеттер жасап, қылмыс орнынан жасырынған тұлғаларды анықтау үшін қолданылады.

Біз жәбірленушілер белгісіз болып, табылатын жеке ахуалды талдамаймыз. Дегенмен де, атап өтетін жағдай, оны шешу үшін жоғарыда қарастырылған бірінші, сондай-ақ үшінші тергеулік ахуалдардағы сол криминалистикалық есептерді пайдалану қажет.

Жоғарыда көрсетілгендерге байлам жасағанда, біз криминалистикалық есептер барлығынан бұрын қылмыстарды тергеп-тексеру барысында туындаған тергеулік ахуалдарды шешу үшін қызмет етеді деген тұжырымға келеміз. Қылмыстық іс бойынша қалыптасқан тергеулік ахуалдарға байланысты әртүрлі криминалистикалық есептердің түрлері пайдаланылады [33, 25 б.]. Осы мақсатта есептердің басқа да түрлері - әртүрлі мекемелердің және ұйымдардың құжаттары тиімді қолданылуы мүмкін. Криминалистикалық есептерге

жүгінумен байланысты қызметте ахуалдық келуді қолданудың бір мүмкін жолы ретінде, қызметтің бұл түрін бағдарламалау болып табылады деп санаймыз. Мұндай бағдарламалау негізінің қортындысында криминалистикалық есептерге жүгінген қызметкерлердің пікірі бойынша автоматтандырылған жұмыс орындарын құру қажеттілігі туындап отыр. Сипатталған АЖО-рын құрудың жағымды жағы болып, ішкі істер органдарының тіркеу массивімен жұмыс процесі қысқарды, тәжірибелік қызметкерлердің криминалистикалық есептер туралы білімдерінің жетіспеушілігін толықтыру, мәліметтер базасын өзекті және шынайы ақпараттармен толықтыру проблемаларын шешу табылады. Бұл, Жоғарыда көрсетілген АЖО-рын құру тергеушіге және жедел қызметкерге қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру процесін ақпараттық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында жасалған қылмыстардың қанағаттанарлықсыз ашылуы көптеген себептерге байланысты. Бірақ олардың ішіндегі ең бастысы, әсіресе ұйымдасқан топтар айқын емес жағдайда жасалған қылмыстарды ашу туралы айтатын болсақ, жасалған қылмыстың ашылуының бастапқы кезеңінде күдіктілерді анықтау үшін де, қылмыстық іс-әрекеттегі барлық қатысушыларды әшкерелеу үшін де қажетті ақпараттың жетіспеушілігі болып табылады. Қылмысты дайындау, жасау, жасыру және ашуға қарсы іс-қимылды ұйымдастыру. Бұл тергеу үшін маңызды ақпаратты жинау, бекіту және пайдалану үшін жетілдірілген әдістерді, әдістер мен құралдарды қажет етеді.

Тергеу және сот практикасы қылмысқа қарсы күрестің сәттілігі көбінесе құқық қорғау органдарының қазіргі заманғы ғылыми-техникалық құралдар мен әдістердің мүмкіндіктерін пайдалану деңгейімен байланысты екенін көрсетеді.

Күрделі криминогендік жағдайда бұл күрестің сәттілігі тергеушінің қылмыстық істерде дәлел ретінде криминалистік маңызды ақпаратты табу, зерттеу және пайдалану қабілетіне байланысты. Оқиға орнынан алынған іздер және қылмыстарды тергеу кезінде маңызы бар өзге де объектілер туралы криминалистік маңызы бар ақпараттың едәуір бөлігі жинақталған, өңделген және криминалистік тіркеу жүйесінде сақталады [34, 43 б].

Тіркеу объектісі ұғымы-күрделі санат. Ол объектілердің екі санатын біріктіреді: криминалистік маңызды ақпараттың көзі және тасымалдаушысы. Тіркеу объектілеріне байланысты ақпараттық алқап (есепке алу) қалыптастырылады. Жаңа нысанның пайда болуымен криминалистикалық есептің жаңа түрі пайда болады.

Есепке алу объектілерінің неғұрлым маңызды қасиеттеріне мыналар жатады: шынайылық (яғни, шындыққа сәйкестік); өзектілік; ақпараттық жүйеге уақтылы түсу; есепке алу массивтеріндегі өзара байланыс; практикалық қызметте пайдалану кезіндегі тиімділік.

Есепке алуды қолданудың ғылыми негіздері диалектика мен білім теориясының заңдары: материалдық әлем объектілерінің даралығы туралы заңдар, құбылыстар мен қоршаған шындық объектілерінің объективті байланысы туралы, материалдық әлем объектілерінің салыстырмалы

тұрақтылығы туралы заңдар, сондай-ақ рефлексия теориясы. Криминалистикалық тіркеу сәйкестендіру теориясымен, диагнозбен, қылмыс жасау әдісі туралы ілімдермен, дәлелдемелермен байланысты.

Құқықтық реттеу механизміне заңдармен және ведомстволық нормативтік актілермен кепілдік беріледі.

Құқық қорғау органдарының қылмыстардың алдын алу, ашу, тергеу жөніндегі жұмысының нәтижелілігі уақтылы, жеткілікті және сапалы ақпараттық қамтамасыз етудің мүмкін емес. Жедел жұмыстың әдістерін, әдістері мен құралдарын, қылмыстарды тергеудің ұйымдастырушылық, тактикалық, техникалық және әдістемелік негіздерін жетілдірумен қатар, қылмыстарды тергеудің маңызды шарттарының бірі есепке алу жүйесін тиімді пайдалану болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, кісі өлтіру, ұрлау, паракорлық, бопсалау, алаяқтық сияқты қылмыстарды жеткілікті ақпараттық қолдаусыз ашу қиын, кейде тіпті мүмкін емес.

Есепке алынған ақпаратты пайдалануда екі басты проблема бар: а) құқық қорғау органдарын ақпараттық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі; б) криминалистік тіркеу мүмкіндіктерін пайдаланудың төмен деңгейі.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызықтыратын мәліметтерді алудағы қиындықтардың объективті себебі криминалистік тіркеу жүйесінде көрсетілуге тиіс барлық құбылыстар мен фактілерді ақпараттық қамтамасыз етумен қамтудың жеткіліксіздігімен байланысты. Бұл қылмыскерлердің жеке басын сипаттайтын мәліметтерге қатысты; қылмыс жасау және жасыру тәсілдері, әсіресе экономика саласында; тіркелумен қамтылған және қамтылмаған объектілердің қасиеттері мен белгілері, бұл қылмыстарды анықтау, ашу және алдын алу мақсатында қажетті деректерге қажеттілікті қамтамасыз етпейді. Бұл есептердің көмегімен жасалған қылмыстардың тек 27% ғана ашылатындығына әкеп соқтырады.

Осыған байланысты криминалистикалық тіркеу дәстүрліден басқа, өзге де міндеттерді шешуді қамтамасыз етуге арналған: криминалистік есепке алудың жекелеген түрлерімен қамтылмаған объектілер, фактілер мен құбылыстар туралы ақпаратты жинақтау және пайдалану (келген шетелдіктерді және олардың байланыстарын; босқындарды есепке алу; қылмыстық қоғамдастықтар мүшелерінің биологиялық қасиеттерінің коллекциясы); қылмыстарды жасаудың және жасырудың бүркемеленген (немесе ықтимал) тәсілдері туралы мәліметтерді жинақтау және пайдалану және т. б. [35, 34 б]

Барлық кемшіліктер қолданыстағы моделін криминалистикалық тіркеу шетелдерде толық емес деректер пайдаланылады енгізілген есепке алу. Ғылыми-техникалық прогресстен туындаған ақпарат ағынының артуы, сот-медициналық тіркеу объектілері шеңберінің кеңеюі, шешілетін міндеттердің әртүрлілігі қолда бар ақпараттық массивтерді пайдалану кезінде қажетті ақпаратты іздеуге көп уақыт, күш пен қаражат жұмсауға әкелді. Бұл қылмыстарды анықтау, ашу, тергеу және алдын алудың жеделдігіне теріс әсер етеді.

Құқықтық база жетілдіруді қажет етеді. Криминалистикалық тіркеу жүйесінің құқықтық негіздері қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен жеткілікті реттелмеген, дегенмен есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген нормаларына, жекелеген заңдарға, ведомстволық және ведомствоаралық нормативтік актілерге байланысты [36, 224 б].

Сонымен бірге, қылмыстық іс жүргізу заңнамасында криминалистикалық ақпаратты ұйымдастырудың, жүргізудің және пайдаланудың маңызды мәселелерін реттеу қажеттілігі айқын. Есепке алу объектілерін (немесе олар туралы мәліметтерді) жинаудың, шоғырландырудың және жүйелеудің қазіргі бар тәртібі, сондай-ақ қолда бар есептер бойынша сұрау салуларды тексеру және ақпарат беру тәртібі жетілдіруді қажет етеді. Қолданыстағы ведомстволық нормативтік актілермен есепке алудың жекелеген түрлерінің және есепке алынатын объектілер туралы мәліметтердің бытыраңқылығы соңына дейін еңсерілмеген. Есептерді жинақтаудағы, жүйелеудегі және пайдаланудағы кемшіліктер теориялық мәселелерді, атап айтқанда, тұжырымдамалық аппаратты, оқытудың жіктеу бөлігін және т. б. зерттеудің жеткіліксіз деңгейімен түсіндіріледі.

Қазіргі таңда криминалистикалық есепке алу (тіркеу) сұрақтары бойынша келесідей мәселелер өзекті болып табылады:

- криминалистикалық тіркеу құқық нормаларына, ал олар болмаған кезде құзыретті құқық қорғау органдарының бастамасына негізделген қылмыстарды анықтау, ашу, тергеу және алдын алу процесін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінің элементі ретінде криминалистикалық маңызы бар ақпаратты алудың, шоғырландырудың, өңдеудің және берудің криминалистикалық тіркеу-ақпараттық жүйесін білдіреді;

- криминалистикалық тіркеудің проблемалық міндеттері үш топқа жіктеледі: а) ғылыми-зерттеу (еңбекті ғылыми ұйымдастыру шешімі, есептерді жіктеу, жүйелеу және біріздендіру); б) техникалық (қазіргі заманғы ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу); в) ұйымдастырушылық (ашу және ашу және тергеу бойынша қызметтің тиімділігін арттыру, есепке алудың жаңа түрлерін жасау, ең жоғары тиімділік пен тиімділікке қол жеткізу);

- криминалистикалық тіркеуді құқықтық реттеу тетігі заңмен және ведомстволық ережелермен жеткілікті түрде кепілдендірілмеген. Осыған байланысты жеке баптарды түзету және ҚПК-не толықтырулар енгізу қажеттілігі негізделеді, сондай-ақ есептік ақпаратты жинау, жүйелеу және пайдалану тәртібін реттейтін кейбір ведомстволық нормативтік актілерді өзгерту ұсынылады;

- криминалистикалық тіркеудің қолданыстағы жүйесі соңғы онжылдықта мемлекеттік және қоғамдық өмірде болған өзгерістерге сәйкес келмейді. Осыған байланысты оның ұйымдық негіздерін жетілдіру жөніндегі негізгі бағыттар бөліп көрсетіледі: а) берілетін ақпараттың анықтығын, уақтылығын және толықтығын қамтамасыз ету қажеттілігі; б) есепке алу-тіркеу жүйелерін, оның ішінде жергілікті есепке алуды біріздендіру, жергілікті органдар арасында

ақпарат алмасудың нақты жүйесін ұйымдастыру, кейбір есепке алуды облысаралық және өңірлік етіп біріктіру, есепке алудың кейбір факультативтік түрлерін міндетті институтқа ауыстыру; в) тіркеу жүйелерінің ғылыми деңгейін арттыру, олардың тиімділігін талдау;

- жасалған қылмысқа қатысы бар адамды анықтау жеке тұлғаның қасиеттерін криминалистикалық тіркеуде қаншалықты толық анықталғандығымен, олардың мазмұнын білуімен, қарым-қатынасы мен құрылымын анықтауымен анықталады. Ескерілетін жеке қасиеттер санын көбейту, адамның әлеуметтік, психологиялық, биологиялық қасиеттері туралы есепке алу жүйесін құру қажет;

- қылмыстық процесті ақпараттық қамтамасыз етудің элементі болып табылатын криминалистикалық тіркеу қылмыскерлерді іздеуге, қылмыстық іс қозғауға, айып тағуға және бұлтартпау шараларын таңдауға, тактикалық шешімдер қабылдауға, қылмыстық істерді біріктіруге және т. б. көмектеседі.;

- қазіргі уақытта Қазақстанда ведомстволық деректер банктерінің күрделі жүйесі бар, олардың ақпараты қылмыстық әрекеттің ізімен байланысты. Көрсетілген деректер банктері криминалистикалық құрылымдауға жатады, бұл есепке алу объектілері туралы комплекстік мәліметтер алу үшін тек құқық қорғау органдарының ғана емес, сонымен қатар, қаржы, бақылау-қадағалау органдарының бірыңғай интеграцияланған желісін практикаға енгізуге мүмкіндік береді;

- криминалистикалық тіркеуді құруда компьютерлік технологияларды біріздендіру, автоматтандыру және енгізу процестерінің тенденциясын ескере отырып, ақпаратты іздеу мәселелерін шешу тергеуші мен компьютерлік ақпараттық технологиялар саласындағы маманмен тығыз байланыста жүргізілуі керек [37, 43 б].

2.2 Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруді ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері

Қазіргі уақытта құқық қорғау органдарымен көмекші-анықтамалық есептерді қолданудың құқықтық-ұйымдастырушылық, әдістемелік, теориялық өңдеуін әрі қарай жетілдіру мәселелерінің басты міндеті, ақпараттық мүмкіндіктерді көтеретін жаңа автоматтандырылған ақпараттық-ізвестіру жүйелерін құруда көрініп отыр. Криминалистикалық ақпарат құрамдайтын, ішкі істер органдарының тіркеу массиві қылмыстарды ашуда және тергеп-тексеруде маңызды рөл атқарады. Криминалистикалық тіркеуді жүзеге асырушы органдарда, әртүрлі есеп түрлерінің көптеген саны қолданылады, сақтаудағы ақпараттың жалпы көлемі миллиондаған құжаттармен есептеледі. Алайда, бұл мәліметтерді тиімді қолдану, есептерді ұйымдастыруда алатын жекелеген кемшіліктердің болуына байланысты қиындап отыр. Олардың ішіндегі маңыздылары болып:

- есептерді жүргізудің бірыңғай әдісінің болмауы және ішкі істер органдарының қызметін ақпараттық қамтамасыз етудің сызбасының белгісіздігі;

- есептерді жүргізу бойынша нормативті актілердің санының көптігі, сонымен қатар олардың жұмыс жасауын бірыңғай белгілемеуі; кейбір жағдайларда қызметкерлер, өздерін қызықтырушы мәліметтерді алу үшін қайда жүгіну керек екендігі туралы білмеуі;

- есептердің кейбір түрлерін ортақтандыру дәрежесінің жеткіліксіздігі, ол қызықтырушы объект туралы кеңейтілген ақпараттарды бір уақытта алуға мүмкіндік бермейтіндігі;

- басқару деңгейі бойынша есептердің қайталануы (бір ішкі істер органдарының бірнеше бөлімдерінде бір түрдегі картотекаларды жүргізу жағдайлары байқалады);

- ақпараттарды жинау, өңдеу және беру процедурасының автоматтандырылған деңгейінің төмендігі. Картотекаларды жүргізудің қиындығы, сұраныста мазмұндалған, алфавитті қағидалы түрінде массивтер ұйымдастырылған, әртүрлі қабылданған белгілері бойынша ақпараттарды іздестіру тиімділігінің көптеген жағдайларда болмауы табылады [38, 63 б.].

Тіркеу массивтерінің маңыздылығын көтеру шартында және сұраныстар санында көрсетілген кемшіліктер құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметтерінде криминалистикалық есептерді қолданудың тиімділігін төмендетеді. Бірқатар жағдайларда, тіркеу органдарында жинақталған мәліметтер сұраныссыз болып қалады. Бір жағынан, қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру қызметі барысында ақпараттарды дұрыс пайдалану маңызды көмек көрсететін еді, екінші жағынан бұл ақпараттарды толық, жанжақты өңдеудің мүмкіндігі болмауы, оны қолданудан бас тартудың себебі болады (тағы да бір себебі, есептердің мүмкіндіктерін білмеу).

Статистикаға орай, тергеу аппараты қызметкерлері үнемі тіркеу массивтеріне жинақталған мәліметтерге жүгінген. Бұл тәжірибелік қызметкерлердің қылмыстарды ашуда және тергеу бойынша қызметінде криминалистикалық есептердің рөлдерін жоғәрі бағалау туралы куәландыруы мүмкін. Алайда, тиянақты талдау барысында алынған қорытындылар басқа пікірге келтіреді. Есептік мәліметтерге жүгіну, соттылық туралы анықтама алу, еске сала кететіні бұл процедураның міндетті сипатын, тергеушілер жәй ғана қажеттілік ретінде бағалайды. Егерде, алфавитті-анықтамалық есептерге жүгінуді назарға алмасақ, онда есептің басқа түрлері бойынша тексеру тиімділігі күрт төмендеуі ықтимал.

Тәжірибеде криминалистикалық есептерді қолданумен байланысты істердің мұндай жағдайы, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің тәжірибе қызметі үшін есептік мәліметтердің маңыздылығын бағаламауы (немесе білмейтіндіктері) туралы айтады. Сонымен қатар, осы жерде бұл дерек тәжірибелік қызметкерлердің криминалистикалық есептерге жүгінеуге ынталарын болдырмайтын, тіркеу жұмысында бірқатар проблемалардың бар екендігі туралы куәландырады [39, 54 б].

Есептік мәліметтерді қолданудың тиімділігін көтеру жолдарының проблемаларын шешу жолдарының бірі болып, тіркелген мәліметтерді беру және өңдеу процестерін толығымен автоматтандыру мүмкіндігі табылады (ақпараттар массивіне енуді жеңілдету мақсатында ішкі істер органдарының бөлімдерін персональді электронды-есептеуіш машиналарымен жабдықтаудың қажеттілігін көрсеткен). Алайда, бұл криминалистикалық есептерде жинақталған мәліметтерді қолдану тиімділігін көтерудің тек қана жалпы бағыттері. Ол өз кезегінде, құрамдық қатарларға жіктеледі, олардың арасынан келесілерді бөлуге болады:

- жергілікті ішкі істер органдарының бөлімдерін өздерінің араларында локальді ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ аймақтық және республикалық жүйелерге қосу;

- қолданушының (тергеуші, жедел қызметкер) жұмыс орнынан тіркеу массивіне енуін қамтамасыз ету;

- қолданушылардың орындайтын функционалдық міндеттеріне байланысты әртүрлі рұқсаттардың түрлерін орнату;

- қағазды тасушылардан есептік мәліметтерді электронды құжаттарға аудару және т.б. [40, 101 б]

Көрсетілген шаралар тіркеу массивтерімен жұмыс жасауды жеңілдетеді, алайда олар көрсетілген проблемаларды толығымен шеше алмайды. Оларды шешу тек қана автоматтандырылған іздестіру жүйелерінің және ақпараттарды жинау тәртібінің құрылымын өзгерту жолымен ғана мүмкін.

Сұраныстарды өңдеу үшін қажетті уақыттың созылуының бірден-бір себебі, мәліметтер базасын басқару жүйесінде операциялауға жататын, ақпараттың үлкен көлемі болады. Электронды-есептеуіш машинасының жадында сақталудағы мәліметтер көлемінен ақпараттарды өңдеу мерзімінің тікелей пропорционалды тәуелділігі байқалады. Сондықтан өңдеу процесінің уақытша сипаттамасын қысқарту үшін мәліметтер базасындағы сақталатын ақпараттардың көлемін азайту немесе тез әрекет жасайтын машиналарды көбейту қажет.

Біз, жүйеге түсетін мәліметтердің санын қысқарту мүмкін емес деп санаймыз. Онан артық кіретін ақпараттардың ағымын барынша кеңейту тенденциясы байқалады. Бұл процесс екі бағыт бойынша жүргізіледі: біріншіден криминалистикалық есептердің мәліметтік базасын құрамдайтын, қазіргі таңдағы ғұрыптық тіркеу мәліметтерін мазмұндайтын есептік құжаттардың жалпы санын кеңейту; екіншіден бұрын ақпараттар массивіне қажетті жаңа мәліметтер тартыла бастайды. Яғни, жаңа мәліметтер ақпараттардың көлемін шектемейді, керісінше ол қолдану тәжірибесінің талабына байланысты өседі. Демек, тез әрекет ететін электронды-есептеуіш машиналармен тікелей байланысты, мәліметтерді өңдеу жылдамдығын жоғарлату табылған шешім деп санауға болады. Ол бағытта өңдеулер жүргізілуде, жаңа технологияларды құру жетілдірілген процессорлар базасында машиналардың пайда болуына ықпал етеді. Алайда, ақпараттар көлемі де өсуде [41, 139 б].

Біздің пікіріміз бойынша, криминалистикалық тіркеу үшін ғұрыптық құрылымның автоматтандырылған ақпараттық-іздістіру жүйесінің басқа жұмыс тәртібіне өтуі қажет. Қолданымдағы іздістіру жүйесінің кемшілігі бірыңғай мәліметтер базасының болуы болып табылады. Электронды-есептеуіш машиналар оның жадында сақталған ақпараттарды сұраныста тапсырылған іздістіру үлгісінде оны салыстыра отырып өндеуге мәжбүр болады. Бұл тиісінше қажетті мәліметтерді іздістіру уақытына маңызды әсер етеді. Әрі қарай мұндай ахуалдарды болдырмау мақсатында «іздеулік» және «мұрағаттық» деп шартты түрде аталуы мүмкін, екі массивтерді құрып өткен тиімді. Олардың біріншісі тек қана іздеулік құжаттардың үлгілерін құрайды. Мұндай ұйымдастыру, мәліметтер базасының басқару жүйесінде белгілердің аз санымен және құжаттармен операция жасауға мүмкіндік береді. Мұнда электронды-есептеуіш машина, белгілі ұқсастық іздеулік белгілерінің іздеулік алғыжазуларын алып, іздеулік массивте жинақталған олардың белгілерімен салыстыру жүргізеді. Іздеулік үлгісіне жауап беретін, құжаттардың мәліметтер базасында бар екендігін анықтап, машина құжаттың өзі сақталатын архивтік массивке жүгініп және оны операторға береді [42, 401 б].

Мұндай екіконтурлы мәліметтер базасы жүйесінің жағымды жағы болып сұранысты өндеуге жіберілетін уақыт тәуелділігінің аздығы және есептік құжаттардың санынан оған жауап беруі табылады. Бұл іздістіру массивінің көлемі негізінен электронды-есептеуіш машина жұмыс жасайтын төменгі дәрежеде өзгертілу болады, себебі ақпараттардың үлкен бөлімі архивтік массивте сақталуымен байланысты. Сонымен қатар, мұрағаттық құжаттар іздістіру массивіне қарағанда мәліметтерді көп құрамдайтынын ескеру қажет. Негізгі белгілерінен басқа, бұл құжаттарға қосымша мәліметтер жинақталады. Ол, мұрағаттық массивте жәй ғана есептік құжаттар емес, есепте тұрған барлық тұлғалардың, өзінде биографиялық мәліметтерді, фотосуреттерді, дактилокарталарды, тұлғаның байланыстарын, соттылығын және т.б. қамтитын «мұрағатқа» келтіреді. Қорытындысында отандық криминалистикалық тіркеуге, Францияның криминалистикалық есептеріне тән қағиданы қабылдау әділ болады деп санаймыз. Бұл қағидаға сәйкес әрбір тұлғаға мәліметтер базасында ол туралы барлық ақпараттар қамтылуы тиіс [43, 108 б.].

Суреттелген криминалистикалық есепті құру көп материалды шығындарды және адамдардың ресурстарын талап ететін ауыр міндет болып көрінуі мүмкін. Сонымен қатар, егерде ақпарат теориясының жүйесіне жүгінетін болсақ, мұндай ахуалдар қазірде қолданылуда. Бұған дейін жұмыс барысында аталып өткендей, барлық ақпараттық-іздістіру жүйелері екі түрге бөлінеді: фактографиялық және құжаттық. Криминалистикалық жүйелер бірінші түрге жатқызылады және осы позициядан осы зерттеудің бірінші тарауында біз тиянақты қарастырдық.

Құжаттық ақпараттық-іздістіру жүйесін қарауға жүгініп, ақпараттардың екінші контурлық айналымының бар екендігін байқауға болады. Шынымен де, оның функционалдық сызбасын қарауда жүйеасты сақтау екі ақпараттық массивтерден тұратындығын көруге болады: оның біріншісі құжаттар туралы

мәліметтерді құраса, екіншісінде құжаттардың өзі сақталады. Жоғарыда айтылғандардан оларды тиісінше, белсенді (немесе іздеулік) және белсенді емес (немесе архивтік) массивтер деп атауға болады. Іздеулік ұсынысты электронды-есептеуіш машина алғаннан кейін, бірінші массивте құрамдалған құжаттар туралы мәліметтермен араластырып, сонан соң ол тікелей жүйеасты сақтауға жүгініп, онан кейін операторға алғашқы құжатты береді. Мұндай құжаттық жүйелер, анықтамалық жүйелер ретінде өңделіп қызмет етеді. Қазіргі таңда олар анықтамалық құжаттармен жұмыс жасайтын мекемелерде қолданылады. Бұл жаңа қолданбалы пакеттерді жасауға шығындалудан сақтауға мүмкіндік беретін, ақпараттық-іздістіру жүйелерінің құжаттық базасында криминалистикалық есептерді ұйымдастыру үшін алғы шарттар жасайды. Қолданымдағы есептердің төмен тиімділігінің басқа, себебі болып мәліметтер базасын құру қағидасы табылады. Мұнда екі жағдайды көрсетуге болады:

1. Тіркеу массивтеріне ақпараттар негізінен криминалистикалық есептер бойынша тексеруге алынған сұраныстар жолдарымен түседі. Сұраныста көрсетілген мәліметтер бар іздеулік құжаттардың үлгілерімен салыстырылып және мәліметтер базасында болмаған жағдайларында олар тіркеліп, ақпараттық массивті толтырады.

2. Тергеушілер және сот органдары қандай да бір мәліметтер үшін криминалистикалық есептерге жүгінетіні күмәнсіз. Алайда, негізінен тіркелетін ақпараттарды жеткізушілер және есептерді қолданушылар болып, сұраныстармен жүгінетін және криминалистикалық есептердің ақпараттық массивтерін құрайтын ішкі істер органдарының жедел қызметкерлері табылады [44, 141 б].

Кейбір ғалымдардың, ақпараттарды тіркеу органдарының өздері жинайды деген пікіріне қарамастан, біздің пікірімізше есептердің үлкен бөлігі құқық қорғау органдарының бөлімшелерінен түсетін сұраныстар және есептік құжаттар есебінен құрылады. Түскен құжатта көрсетілген мәліметтердің ақпараттық массивте болмауы, оларды тіркеу үшін негіз болып табылады.

Сонымен қатар, тергеп-тексеру үшін қажетті ақпараттар тіркеу органына түспейтін және мәліметтер базасына енгізілмейтін әртүрлі ахуалдар болуы мүмкін. Мысалы, тергеуші және жедел қызметкер есептік мәліметтерге жүгінбей-ақ, қажетті мәліметтерді анықтайды. Мұндай мәліметтердің түспеуінің себебі, криминалистикалық есептерді бағаламау (білмеуі) болуы мүмкін. Жиі жағдайларда қылмыстарды тергеуші тұлғалар, сұраныстарды және есептік құжаттарды дер кезінде жібермейді, ол өз кезегінде криминалистикалық есептерді қолдану тиімділігін төмендетеді.

Мұндай жағдайда, қазіргі қолданудағы айырмашылықтан ақпарат массивін жинақтау қағидасына өту қажет. Ол тергеп-тексеру процесін үздіксіз сүйемелдеуін ұсынады. Қылмыстық іс тіркелегеннен кейін бірден барлық бар мәліметтер тіркеу органына жіберілуі тиіс. Әрі қарай қылмысты ашу және тергеп-тексеру процесінің қозғалуы бойынша ақпараттар үздіксіз түсуі қажет.

Қазіргі таңда криминалистикалық есептердің жинақталу қағидасы келесідей үлгіде көріністеледі.

Келтірілген сызбадан көргендеріңіздей, қылмыстық оқиға туралы мәліметтер ақпараттар массивіне тек қана, тергеуші немесе жедел қызметкер криминалистикалық тіркеулерден қандайда бір қосымша ақпараттар алуға қызығушылық білдіргенде түсе бастайды. Ондай айналым болмаған жағдайларда байланыс үзіліп және ақпараттар жүйеге түсуін тоқтатады.

Ақпараттық массивтердің жинақталуының жаңа қағидасы келесідей сызба бойынша құрылады.

Мұндай жағдайда құқық қорғау органдарының бөлімдерінен ақпараттардың жүйеге үздіксіз түсуін байқауға болады. Тергеуік көзқарастан пайдалы мәліметтер, мәліметтер базасында айнала бастайтындығы ескеріледі. Егерде олар бұрын алды тіркелген мәліметтермен түйіссе тіркеу органы тексеру туралы есеп беріп, онда бар ақпарат көрсетіледі. Әрі қарай тергеп-тексеру процесінде түскен ақпараттар жаңа мәліметтермен толықтырылады. Қылмыстық істі сотқа бергенімен ақпараттық қамтамасыз ету тоқталмайды. Жаңа мәліметтер үкім шығарғанға дейін және онан кейінде түсуі керек. Бұл жағдайда тергеп-тексеру процесінің ақпараттық қамтамасыз етумен тығыз байланыстылығы сипатты.

Мұны қалай жасауға болады? – деген сұрақ туындайды. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл сұрақты шешудің екі жолы бар:

Біріншісі, әртүрлі қызметтермен берілетін мәліметтерді өңдеумен айналысатын, ішкі істер органдарында талдау орталықтарын құруды ұсынылады. Әрі қарай бұл ақпараттар, кейінгі өңделу, жинақталу және жалпы мәліметтер базасына енгізуге жіберіледі.

Екінші, терминал жалпы қолданым үшін қызмет етеді. Одан бөлімше қызметкерлері өздігінше сұраныс-жауап жүйесі арқылы сұраныстар және жүгінулермен автоматтандырылған мәліметтер базасына енеді [45, 41 б.].

Жоғарыда көрсетілгендей, криминалистикалық тіркеулер жүйесіне ақпараттарды негізгі жеткізушілер болып жедел қызметкерлер табылады.

Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру үшін қажетті мәліметтер жүйеге оларды тәжірибе қызметкерлері анықтаған кезеңнен бастап енгізіледі. Мұндай жұмысты ұйымдастыру есебінен тіркеу массивінде жинақталған ақпараттың толықтылық және өзектілік проблемасын шешеді, бұл өз кезегінде бөлімдердің тәжірибе қызметінде бүтіндей жағымды көріністеледі.

Б.М.Нұрғалиев, ұйымдасқан қылмыстық әрекеттерді анықтау, ашу және тергеп-тексеруді ақпараттық қамтамасыз ету проблемаларын қарастыра отырып, барлық ақпараттарды бірнеше ірі блоктарға топтауды ұсынады. Солардың ішінде, жалпықылмыстылық саласы бойынша; экономикалық қылмыстық әрекеттер туралы ақпараттар; қылмыстық құрылымдардың әрекеттері туралы ақпараттар.

Келесі блок ретінде тұлғалар және олардың байланыстары туралы қалыптастырылуы қажет екендігін айта келе, барлық ақпараттар қай орындарда жинақталатындығына байланыссыз, ақпараттар бір-бірімен өзара байланысты болу керектігін көрсетеді. Біз ақпараттардың өзара байланысы туралы пікірмен толығымен толығымен келісеміз. Себебі ақпараттардың өзара байланысы ішкі

істер органдарының қылмысқа қарсы қызметін ақпараттық қамтамасыз етуге үлкен ықпалын тигізеді [46, 13 б].

Жоғарыда айтылғандай, криминалистикалық тіркеулердің жүйелеріне ақпараттарды негізгі тасушылар болып жедел қызметкерлер табылады. Алматы қалалық ішкі істер департаментінің криминалды ақпараттар орталығының есептерімен жұмыстың статистикалық көрсеткіштерін оқып танысу оған келесідей көрініс береді. Нақты қылмыстық істі тергеп-тексеру процесінде тергеуші сол немесе басқа потенциалды есеп объектісі туралы толық және тиянақты ақпараттарды иемденеді. Дегенменде, ол өзі үшін криминалистикалық есептерге жүгінудің қажеттілігін көрмейді, объективті немесе субъективті себептермен қатар мәліметтердің бір бөлігі жоғалуы мүмкін. Қорытындысында жедел қызметкер бұл ақпаратты алып, есептер бойынша тексеру үшін сұранысты толтыруда төменгі іздеулік белгілерін көрсетуге мәжбүр болады. Бұған тағыда, алғашқы қайнар көзден жедел қызметкерлерге және әрі қарай тіркеу органына ақпараттардың қозғалыс процесінде шарасыз ақпараттық шудың болуы әсер етеді.

Ақпараттық шу бірқатар субъективті себептердің салдарынан пайда болады. Олар: тұлғаның әлеуметтік (ұлты, білімі, кәсіби дайындығының дәрежесі), биологиялық (жынысы, жасы), физиологиялық (денсаулық жағдайы) және психологиялық (темперамент және т.б.) ерекшеліктері енеді. Тиісінше, ақпараттарды беру жүйесіндегі әрбір жаңа буын, Мұнда адам факторының қатысуы ықпал еткендіктен, оны қабылдау және беру процесі қорытындысындағы кейбір өзгертулер анықсыздық санының көп болу құбылысы болады [47, 112 б.].

Мәліметтерді сақтау және ақпараттық шуды кеміту үшін бұл тізбектегі артық буынды алып тастауы тиіс. Тең дәрежеде бұл қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге қатысушы барлық тұлғаларға қатысты. Басқа сөзбен айтқанда, кім құнды ақпараттарды алды, сол тіркеу органының өкілеттілігіне есеп бойынша тексеру үшін ұсынуы керек. Бұл: біріншіден, ақпараттық шудың қысқаруына, екіншіден алынған мәліметтердің үлкен бөлігі тіркеу массивіне түсуіне ықпал етеді [48, 12 б.].

Алайда, мұндай көзқарас жаңа проблемалардың туындауына әкеледі. Оның мазмұны, нақты орындаушының болмауы, тіркеу массивіне бастапқы келуді сақтауға себептілігімен қортындыланады. Осыған байланысты толықтырушы субъектісін және қолданушы-субъектісін бөлу қажет. Толықтырушы-субъект болып, жүйеге есептік мәліметтерді тіркеуге жауапты тұлға енеді. Қолданушы-субъект – бұл қандай да бір мәліметтерді криминалистикалық есептерден алуға мүдделі қызметкер. Екі көрсетілген субъекті де мәліметтер базасын жинақтауда қатысады. Егерде олардың біріншісі оны тікелей жолмен жасаса, екіншісі - басқа біреу арқылы жүргізеді. Мұндай бөлу тіркеу массивін жаңа мәліметтермен толықтыруға жеке жауапты тұлғаларды нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда ондай тұлға (толықтырушы-субъект), біздің пікірімізше, криминалистикалық есептерге

жаңа мәліметтерді ұсыну бойынша міндеттері жүктелген тергеу бөлімдерінің қызметкерлері түсініледі.

Екінші тәсіл қылмыстық-статистикалық алғашқы құжаттардың және криминалистикалық есептің бірыңғай нысандарын құрумен қортындыланады.

Статистикалық есептердің құжаттары криминалистикалық сипаттағы үлкен көлемдегі мәліметтерді құрамдайтынына жекелеген ғалымдар бірнеше рет назар аударды. Одан басқа, шет мемлекеттерінің тәжірибелері криминалистикалық мәліметтер базасын құрудың тиімділігі туралы куәландырады. Мысалы, Францияда полиция қызметкері оқиға орнына келіп бір есеп құрады, ол әрі қарай статистикалық органдар үшін де, қылмысты тіркеу органдары үшін де мәліметтердің қайнар көздері болады. Есептік құжаттардың бірыңғай нысандары қылмыстық-статистикалықпен криминалистикалық есептер бірігеді дегенін білдірмейді. Алайда, мұндай құжат статистикалық та және криминалистикалық сипаттағы мәліметтерді де құрамдап, тиісінше барлық тіркеу органдарымен қолданылады.

Қазіргі таңда қолданымдағы алғашқы статистикалық есептік құжаттары және криминалистикалық тіркеуді салыстыру олардағы жинақталған ақпараттардың қайталанатындығын куәландырады. Ол статистикалық карталардың толтыруда байықалады.

Бұл қылмыстық-статистикалық және криминалистикалық есептерде бір түрдегі мәліметтердің айналымда болатындығына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Әрине, әртүрлі мақсаттар бұл ақпараттарды ұсынуда әртүрлілікке алып келеді. Криминалистикалық есептерді қолдану жекелеген проблемаларды шешумен қатар, бірыңғай нысандағы есептік құжаттарды өңдеу тіркеу органдарының ақпарат деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Біріншіден, статистикалық есепті жүргізу қатаң реттелген және оны дер кезінде ұйымдастырудың және дұрыстығын прокуратура және Ішкі істер министрлігі қадағалайды. Егерде бұл ұсынылатын есептік нысан дұрыс таратылса, онда қажетті мәліметтер криминалистикалық тіркеу органдарына дер кезінде түседі. Сонымен қатар, карточкаларды дұрыс толтыруға қатаң қадағалау жүргізу, есептік органға түсетін ақпараттардың өзгертілу ағымын қысқартуға мүмкіндік береді. Екіншіден, есептік карточкалар, көптеген жағдайларда дәрежелі заңгерлер болып табылатын, тергеушілермен толтырылады. Бұл шынайы ақпараттың түсуіне сондай-ақ, алғашқы қайнар көздерден тіркеу органына мәліметтерді беру жүйесінде артық буынды алу есебінен ақпараттық шуды болдырмауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілгендей, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмыстары жиі жағдайларда ақпараттық кедергілерден өтумен байланысты. Мұнда қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру процесінде, жәбірленушінің немесе күдіктінің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтер болмайтын ахуалдар туындайды. Ондай ахуалдарда тергеу және жедел бөлімшелердің қызметкерлері белгісіз тұлғаны идентификациялауға ықпал ететін мәліметтерді жинауға көптеген уақыт жұмсауға мәжбүр болады. Көрсетілген жағдайларда криминалистикалық есептер мәліметтері

қолданылады жекелегенде, танылмаған мәйіттер есептері, іздестіру жарияланған тұлғалардың есептері және т.б. Алайда, қолданымдағы криминалистикалық есепке жүгіну тиімді қорытынды бере бермейді. Бұл мәліметтер базасында ақпараттың жоқ болуымен немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен оны дер кезінде ұсынбауымен сондай-ақ, криминалистикалық есептерді құрайтын мәліметтердің толық емес, яғни шынайы сипатымен байланысты. Төтенше жағдай ахуалдарында мәйіттердің жеке бастарын анықтау өте қажет. Кейбір жағдайларда мәйіттің жеке басын анықтау мүмкін емес жағдайларда, мәйіттің киімінде немесе өзінде болған сырға, жүзік т.б. жеке заттарына байланысты әрекеттер жүргізілуі мүмкін. Б.А.Салаевтің пікірі бойынша, мұндай ахуалдарда әрекеттерді жинақтау және қызметтердің өзара әрекеттерін қалыптастыру үшін және мәйіттерді тануға ұсынуды дер кезінде қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық-тіркеу орталықтарын құру қажет. Аталған орталық электронды-есептеуіш машинаның көмегімен мәйіттерді тіркеу, танылған мәйіттердің, жерлеуге берілген мәйіттердің, медициналық зерттеуге жіберілген тұлғалардың және т.б. есептерді жүргізеді. Ақпараттық-тіркеу орталығы құрамына өзінің функционалды міндеттері көрсетілген тергеуші, сот медициналық сарапшы, ӘЕМ жұмысын қамтамасыз ететін техник қызметкер кіреді [49, 10 б.].

Бұл проблеманы шешу көші-қон қызметінің тиісті формадағы фотосуреттерді қолдану негізінде жаңа есептер құруда байқалады. Есептерді құрау келесідей тәртіпте жүргізілуі мүмкін. Біріншіден, бұл фотосуреттерді кодтау (қолдық немесе автоматтандырылған тәсілмен) жүргізу қажет. Біздің пікірімізше, кодтауды фотопортреттік сараптама жүргізуге рұқсаты бар маман - криминалист жүргізу керек. Егерде, бұл операцияны жүзеге асыруда автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйесін (мысалы, ААІЖ «Портрет-поиск») қолдануға мүмкіндік болса. Келесі қадам, фотосуреттердің коды енгізілетін, тіркеу массивін құрумен қортындыланады. Олардың әрқайсысы есепке алынған тұлғалардың сауалнамалық мәліметтерімен қатар жүргізіледі. Мұндай криминалистикалық есептердің іздестіру белгілері болып, фотосуреттің коды табылады. Есептің автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйесінің базасында жүзеге асырылуын ұсынамыз [50, 113 б.].

Атап өтетіні, бірқатар жағдайларда тиісті формадағы тұлғалардың фотосуреттері нашар сапада және әртүрлі ракурста болады. Одан басқа, бұл фотосуреттер үлкен емес 5х6 см. өлшемге жатқызылатындығымен сипатталады. Мұның барлығы кодтаудың әртүрлі қорытындыларына әкеледі. Алайда, біздің көзқарасымыз бойынша, ұсынылымдағы есептерді енгізу, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне бағдарлаушы ақпарат беруімен тұжырымдалады. Сондықтан біз, фотосуреттерді кодтау операциясын жүзеге асыруда шарасыз, кішігірім ауытқуларды жібереміз.

Бұл есеппен жұмыс процесінде, мәліметтер базасында алғашқы объектінің болуына қарамастан, тіркеу субъектісі теріс қортынды алуда, «мақсаттық рұқсат» деген атауды алып тастау қажеттілігі туындайды. Рұқсаттар жүйесін қарастыруда бұл мақсат ретінде нені қарастыру керек

екендігі ойландырады. Басқа сөзбен айтқанда, іздестіру қатаң берілген шарттармен емес, ол бірқатар шектеулерді ұсынуы керек. Мұнда жүйеден шығуда, әрі қарай құқық қорғау органдарының қызметкерлері басқа қайнар көздер бойынша тексеру жүргізу үшін ұсыныстамалық тізім алады.

Құқық қорғау органдарын ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін көтеру мақсатында, тәуліктік жедел ақпараттарды құрамдайтын есептерді құру қажет деп санаймыз. Ол патрульдік - бекеттік және жол полициясы қызметкерлерімен ұсынылатын мәліметтер негізінде ұйымдастыруға болады. Олар қызмет процесі барысында, қызметкерлердің назәрін аударатын оқиғалармен, алайда өздерінің жылдамағымдылығы күшінен тиянақты тексеруге мүмкіндіктері болмағанда күдік келтірген тұлғаларды, транспорт құралдарын тексеру ахуалдәрімен бетпе-бет келеді. Біздің пікірімізше, мұндай жағдайларда көрсетілген саланың қызметкерлері, тексерілген тұлғалар туралы мәліметтерді криминалистикалық есептерден тексеру үшін, сонан соң жекелеген мәліметтер базасына енгізу үшін, болған оқиға туралы тиянақты баянат жасауы керек. Тіркелген ақпарат үш тәулік сақталады (жедел жағдайға байланысты тіркеу органының басшысы мерзімді белгілей алады), тексеру туралы түскен сұраныстарға байланысты үнемі тексеріліп, сонан соң жойылады. Бұған қатысты мысалды өздерінің жұмыстарында Е.П. Ищенко және Е.И. Девиков келтіреді. Қылмысты іздестіру бөлімшесінің инспекторы, ақпараттық орталыққа, трамвай аялдамасында қол сағат сатуға әрекет жасаған төрт жас адамды тексергендігі туралы хабарламасымен жүгінеді. Хабарламада сағаттың нөмірі және тексерілген тұлғалардың анықтамалық мәліметтері көрсетіледі. Есептерде мұндай нөмермен сағаттар тіркелмеген. Алайда, қалыптасқан ереже бойынша мәліметтер, мәліметтер базасына енгізіледі. Арада 16 күн өткен соң, өзі мас болып және қайда, кім тонағандығын білмейтін, азаматтың ұрланған, қол сағатын есепке қою өтінішімен ішкі істер органының басқа қызметкері жүгінген. Сағаттың нөмірі бұрын соңды тексерілгенмен сәйкес келді. Қылмыс ашылды.

Бұл мысал, алғашқыда қажетсіз болып көрінетін, мұндай мәліметтерді тіркеу массивінде сақтаудың тиімділігі туралы куәландырады. Алайда, бұл ереже тек қана күдікті тұлғада болған тексерілудегі затқа қатысты болды. Көшелерде сыртқы қызметті атқарушы, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің баянаттарынан алынатын кез-келген мәліметтер жинақталған, жеке есептерді құру, қылмыстылықпен күресте маңызды тиімділік әкелер еді [51, 178 б].

Криминалистикалық есептерді және олар туралы білім деңгейінің жеткіліксіздігі немесе тәжірибе қызметкерлері арасында криминалистикалық есептердің тиімділігіне сенбеу оларды қолдануда кері көрініс табады.

Криминалистикалық тіркеу бойынша білім деңгейін көтеру, өз кезегінде қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру бойынша қызметте криминалистикалық есептерді қолдану тиімділігін көтеруде нәтижелі көрініс табар еді.

Құқық қорғау органдарының қызметінде криминалистикалық есептердің маңызды рөлі, есептердің қызметтік тәжірибесін жетілдірумен үздіксіз

байланысты болғандықтан, оларды әрі қарай дамыту қажеттілігімен шартталады. Криминалистикалық тіркеуді дамыту перспективаләрі туралы айта отырып, жекелеген ғалымдар келесідей бағыттарды бөледі:

- басқа ғылымның және техниканың, криминалистиканың аралас салалар жаңа жетістіктерін қолданып, криминалистикалық есептің жекелеген түрлерінің ғылыми негіздерін өңдеу және жетілдіру;
- криминалистикалық тіркеудің құқықтық негіздерін жетілдіру;
- жергілікті есептерді ортақтандыруға бағытталған, барлық деңгейдегі криминалистикалық тіркеу жүйелерін бір ізге салу;
- криминалистикалық тіркеудің техникалық базасын бүтіндей және жекелеген криминалистикалық есептерді жетілдіру, ақпараттарды жинау, іздестіру және сақтаудың жаңа прогрессивті құралдарын қолдану;
- тіркеу есептерін құрамдайтын ақпараттарды өзектілеу;
- әсіресе іздеулік мақсатта, есептік мәліметтерді қолдану тиімділігін көтеру [52, 31 б.].

Автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйелерінде объектілер және оның өзінділігі туралы мәліметтің үнемі өсуі, тәжірибе қызметінен ақпараттық артта қалу тенденциясына байланысты қажетті қалыптастыру керек. Олар бірнеше кезеңдерде жүзеге асырылады:

Бірінші кезең – нақты есептің автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйесін өңдеп, оларды төменгі және орта деңгейдегі бөлімшелерге енгізу және мәліметтер базасын құру.

Екінші кезең – төменгі және орта деңгейдегі бөлімшелердегі нақты есепті автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйесінде біріктіру арқылы өз ара тексеру жүргізу үшін мәліметтер айырбасын жасау.

Үшінші кезең – нақты есеп түрі бойынша бірыңғай аумақтық автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйесін құру.

Төртінші кезең – нақты есеп түрі бойынша автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйесін жоғарғы деңгейде құру.

Бесінші кезең – нақты есеп түрі бойынша автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйесін құрушылар арасында база мәліметтерін айырбастау және өз арасында бағдарламалық қорытындыларын орналастыруды камтамасыз ету келісімін жүзеге асыру.

Алтыншы кезең – осындай міндеттерді көрші мемлекеттердің бөлімшелерімен шешу.

Жетінші кезең – нақты есеп түрі бойынша автоматтандырылған ақпараттық-іздестіру жүйелерін бір ыңғай жүйеге біріктіру. База мәліметтерін көрші мемлекеттермен және ірі халық аралық ұйымдармен айырбастау [53, 69 б.].

Көрсетілген бағыттармен өзіміздің келісетіндігімізді білдіріп, криминалистикалық тіркеу теориясын дамыту процесі және алдағы уақытта криминалистикалық есептің жекелеген түрлерін өңдеу бағыты басым жүретіндігін атап өткіміз келеді. Осыған байланысты, аталған бағыттардың біріншісін, қазіргі таңда аяқталған деп санауға болмайтын, бүтіндей

криминалистикалық тіркеудің теориясының ғылыми негізін өңдеу және жетілдіру қажеттілігін көрсетіп, кеңейтуді ұсынамыз. Криминалистикалық тіркеу туралы ілім жеке криминалистикалық теория ретінде танылған, алайда бұған дейін бірнеше рет аталып өткендей, бұл ілімде оның объектілері және таным заты белгіленбеген, дәрежелі бөлігі өңделмеген, криминалистикалық есептің объектілерінің анықтамалары жоқ, криминалистикалық тіркеудің теориялық негізі жеткіліксіз өңделген, қазіргі таңға дейін криминалистикалық есептерді ұйымдастыруда бірыңғай ғылыми көзқарас жоқ. Демек, осы бағытта әрі қарай ғылыми ізденістерді жүзеге асыру міндетін қою керек.

Көптеген жылдар бойына криминалистикалық тіркеу саласында құқық қорғау органдарымен үлкен тәжірибелік материалдар жинақталды. Алайда, кез-келген даму сандық өзгерістерден жаңа сапаға өтуді ұсынады. Қазіргі таңда ішкі істер органдарының тіркеу қызметі саласында дамудың жаңа кезеңін құру жүргізілуде.

Қолданымдағы криминалистикалық тіркеу жүйесін құқықтық реттеу сұрағы да маңызды болып табылады. Соңғы жылдары, алғашқы рет заңды деңгейде тұлғаларды, заттарды және деректерді сондай-ақ тіркеу, фотосуретке түсіру, дыбыс жазу, бейнеге түсіру, дактилоскопиялауды жүзеге асыру құқығы ұсынылды. Алайда, криминалистикалық есептердің негізгі ережелері тіркеу объектілері және олар жайлы мәліметтер әртүрлі ұсыныстамаларда және жинау, толықтыру, сақтау тәртібі туралы нұсқамаларда көрініс тауып отыр. Криминалистикалық есептерді қолдану және ұйымдастыру проблемасына бірыңғай құқықтық бастау, өкінішке орай жоқ, құқықтық саладағы қолданымдағы нормативтік актілердің келіспейтіндігі байқалады, ол өз кезегінде есептердің рөлдерін тәжірибелік қызметкерлермен бағаламауына, азаматтармен тіркеу қызметінің мақсаттарын және міндеттерін түсінбеушілікке әкеледі. «Құқық қорғау органдарындағы есептер туралы» Заң қабылдау бірінші дәрежедегі міндет болып табылады. Аталынған заңнаманың болмауына байланысты құқық қорғау органдарының тіркеу қызметі, кейбір жағдайларда Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарының бұзылуына әкеп соқтырады.

Криминалистикалық есептерді бір ізге салу туралы айта отырып, криминалистикалық тіркеудің ғылыми және құқықтық негіздері, оны ұйымдастырушылық негіздерімен үздіксіз байланыста екендігін белгілеген жөн. Ортақтандырылған жедел-анықтамалық, криминалистикалық, іздеулік есептер, ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық коллекция және картотекаларын жүргізу және жинақтау бойынша ұсыныстама және ішкі істер органдарының қызметін сараптық-криминалистикалық қамтамасыз етудің тиімділігін жоғарлату туралы бекітілген, тиісті бұйрықтар ортақтандырылған есептердің бірыңғай ұйымдастырушылық жүйесін анықтайды [54, 43 б].

Алайда, аталған нормативтік актілер жергілікті есептердің түрлерін жалпы сипатта ғана реттейді және ішкі істер органдарының жергілікті бөлімшелеріне өздерінің қызмет атқарушы ауданының жедел жағдайына байланысты, өздерінің есептерін құруға және жасауға шығармашылық түрде

келуге құқық береді. Бірақ жергілікті органдардың шығармашылық рөлі жағымды кезеңдермен қатар өзінің жағымсыз жақтарын иемденеді. Біріншіден, бұл есептер жеткіліксіз негіздер және қажетті ғылыми базасыз құрылады. Екіншіден, жекелеген ішкі істер органдарында жергілікті есептерді құру, олардың аймақтық жоспарда құндылығын минимумға келтіреді, себебі олар бір ғана ауданның шеңберінде қолданылады. Үшіншіден, жергілікті есептердің бөлшектік реттелуінің болмауы оларды әртүрлі ұйымдастырушылық құруға келтіреді, ол әртүрлі аймақтық ішкі істер органдарында жүргізілетін есептердің бір түрін байланыстыруға мүмкін болмаудың себебі болады.

В.Г. Афанасьев, «тәжірибе көрсеткендей, барынша тиімді және сенімді болып, ақпараттарды стандарттауға және бір ізге келтіруді қамтамасыз ететін, мәліметтерді бірыңғай әдіс бойынша өңдейтін, талап етілетін мәліметтерді тез іздеу және алу, жүйенің бүтіндей қызмет ету бейнесін қамтып басқарушы персоналға түсетін көптүрдегі ақпараттар көлемін, жүйенің қабылдауын ұлғайтуға мүмкіндік беретін, алғашқы мәліметтердің түсуі кері ортақтандырылған, ортақтандырылған-кері ортақтандырылған жүйелер табылады» деп көрсетті.

Осыған байланысты криминалистикалық тіркеудің ұйымдастырушылық негіздерін нығайту мақсатында келесідей шараларды жүзеге асыру қажеттілігі туындайды:

- жергілікті криминалистикалық есептің түрлерінің бірыңғай құрылымын белгілеу;
- жергілікті есептердің нақты түрлерін жасау қажеттілігін ғылыми негіздеу;
- жергілікті есептік органдары олардың арасында ақпараттардың айырбасын анық ұйымдастыруға мүмкіндік беретін локальді тізбектерге қосу [55, 54 б].

Криминалистикалық тіркеулерді дамытудың басты бағыты болып, есептер құрамдайтын мәліметтерді өзектілеу табылады. Бұл ішкі істер органдарының қылмыстылықпен күрестегі тіркеулік массивтерді тиімді қолдануды көтерудің бір жолы. И.Л. Николаева қолданымдағы есептерде, ақпараттық массивтердің «тым артып кетуі» тенденциясының байқалатындығын көрсетеді. Оның себебінің бірі тергеп-тексеру үшін құндылықты ұсынбайтын мәліметтер базасының толуы немесе мәліметтердің ескіруі болып табылады. Есептік мәліметтерді өзектілеу екі міндетті шешуді ұсынады:

- мәліметтер банкiсiн ескiрген немесе маңызын жоғалтқан мәліметтерден тазарту;
- массивтерді дер кезінде және үнемі жаңа мәліметтермен толтыру (объектілерді тіркеу) немесе тіркелген объектілер туралы жаңа мәліметтерді ұсыну жолдарін өзгерту [56, 39 б.].

Бірінші міндетті шешу - есептік мәліметтерді сақтаудың нақты мерзімін белгілеу қортындысында мүмкін. Мысалы, қандай да бір қылмыскерлер туралы мәліметтердің сақталуы, адамның белсенді өмір кезеңі мерзімінен туындауы

керек. Екінші міндетті шешу - ақпараттық массивтерді жаңа мәліметтермен толтыру - тәжірибелік қызметкерлердің міндеті болады, алайда бұл ішкі істер органдарының қызметкерлерінің тіркеу қызметінің мақсаттарын және міндеттерін анық түсінбей мүмкін емес. Тек қана сұрақтарды осындай үлгіде қоюда ғана көрсетілген міндеттерді шешу жолдары туралы әңгіме болуы мүмкін.

Бұған дейін бірнеше рет айтылғандай, криминалистикалық есептердің мәліметтер базасына ақпараттарды негізгі тасушылар болып, ішкі істер органдарының әртүрлі бөлімшелерінің қызметкерлері табылады. Барлығынан бұрын олар тергеу және қылмысты іздестіру қызметкерлері. Егерде олар криминалистикалық есептерді жүргізумен байланысты қызметті тәжірибелік маңыздылығынан айырылған деп қараса, ондай жағдайда ол қызметтің тиімділігін көтеру жолдары туралы айтудың қажеттілік мәні жоқ.

Криминалистикалық тіркеудің техникалық базасында жетілдіру, маңызды түрде есептік мәліметтерді қолданудың тиімділігіне ықпал етеді. Осыған байланысты бұл екі бағытты біріктіріп қарау тиімді болады.

Криминалистикалық тіркеудің даму кезеңі барысында, криминалистикалық есептерді «техникаландыру» процесі болған және үнемі болады. Р.С. Белкиннің пікірі бойынша, «техникаландыру» соңғы кезеңдері келесідей сипатталады:

- барлық есептік тәжірибені кеңінен компьютерлеу, кеңейтілген тізбектік технологияны және керіортақтандырылған мәліметтер базасын, әртүрлі ақпараттық - іздестіру жүйелерді қолдану;

- криминалистикалық тіркеу ақпараттардың жаңа әдістерін интенсивті іздестіруде еске салатыны, оның ішінде ақпараттық массивке енгізу шарты ретінде алдын ала кодтауды қажет етпейді;

- ақпараттық тіркеудің жаңа түрлерін және тиісті жаңа криминалистикалық есептердің пайда болуы;

- «ізін суытпай» қылмыстарды ашу бойынша анықтама және тергеу органдарын ақпараттық қамтамасыз етуде экспресс-әдістерді өңдеу және енгізу [57, 10 б.].

Келіп түсетін ақпарат ағымының есебінен мәліметтер базасы көлемінің «тым артып кетуі», есептер бойынша тексеру туралы ішкі істер органдарының қызметкерлерінің асығыс сұраныстары және сұраныстардың санының көптігі қылмыспен күресте есептік мәліметтерді қолданудың тиімділігін төмендетеді. Сондықтан криминалистикалық есептер жинақталған ақпараттарды өңдеуді және беруді автоматтандыру дәрежесін көтеру міндеті тұр. Болашақты бағыты электронды-есептеуіш техникасын қолдану арқылы есептерді машиналы нысанға бірігіп өту болып табылады. Электронды-есептеуіш техника өзінің қарқынды дамуымен қатар, маңызды түрде өзінің қолданылу шекарасын да кеңейтуде. Алғашында әскери ведомства қажеттілігі үшін құрылған электронды-есептеуіш техника батыл түрде шаруашылық қатынастар жүйесіне енді. Сонымен қатар, бұл процестің кері жағы бар екендігін айта кеткен жөн. Компьютеризация өз кезегінде, ақпараттың көп жинақталуына келтірді.

Электронды есептеуіш машиналарын сараптық зерттеулерде қолдану ұсыныстары бар. Математикалық әдістер сараптық зерттеу процесінде ЭЕМ кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Г.Г. Воробьев белгілегендей, «бұл метағылым-ақпараттық қадамның маңыздылығын куәландырады, алғашқы заттарға басқа көзбен қарауға және көптеген жаңаны көруге мүмкіндік береді».

Электронды-есептеуіш техниканы тікелей құқық қорғау органдарында позитивті қолдану криминалистикалық есептер, қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу бойынша қолданбалы бағдарламалар пакеттерімен байланысты мәліметтер банктерін құрумен қорытындыланады.

Криминалистикалық есептерде ақпараттарды жинау, өңдеу, сақтау және іздестіруді автоматизациялау келесі міндеттерді шешуді талап етеді:

- аймақтық ішкі істер органдары қызметкерлерінің, автоматизацияланған ақпараттық - іздестіру жүйелерінде және мәліметтер банкінде сақталудағы оларды қызықтырушы мәліметтермен тікелей рұқсат тәртібіне өту (мұнда рұқсатсыз енуден, ақпараттарды жоюдан қорғаудың жүйесі қарастырылуы керек);

- жалпы қолданымдағы автоматизацияланған мәліметтер банкінде, төменгі және орта буындарда басқару, жедел-анықтамалық, іздеулік және криминалистикалық ақпараттарды ауыстыру, бұл банктерді ішкі істер органдарының ақпараттық-есептеуіш тізбегіне біріктіру [58, 107 б].

Мәліметтік есептерді қолдану тиімділігін жоғарлату қылмыстық істерді ашу және тергеп-тексеру үшін белгілі маңызы бар, мәліметтер жинақталған, ішкі істер органдары және азаматтық ведомствалар арасында бірыңғай ақпараттық тізбекті орнатуға ықпал етеді. Мұнда әңгіме «басқада» есептердің түрлері туралы болып отыр (әскери комиссариаттар, медициналық мекемелер, салық инспекциясы және т.б. толықтырушы мәліметтер).

Ресей мамандарымен жедел-іздестіру бағытындағы автоматтандырылған және жинақтаушы мәліметтер банкілерін автоматтандырылған ақпараттық жедел - іздестіру жүйелерін құру бойынша үлкен көлемде жұмыс атқарылып, ол қолданымдағы есептердің шашыраңқылығын қысқартуға ықпал етті. 1996-шы жылы ғалымдармен адамдардың сыртқы пішін белгілерін электронды-есептеуіш машиналарының жадында бұл мәліметтерді енгізу мақсатында автоматты кодтау ойы жинақталынды. Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Бүкіл Одақтық ғылыми зерттеу институты және РФ ғылым Академиясының ақпараттарды беру проблемалары Институты автоматты кодтау және қылмыскерлердің сыртқы пішіні туралы ақпараттарды машина сақтау жадына енгізу және оларды тексерудің қағидалы мүмкіндігін дәлелдеді [59, 21 б.].

Криминалистикалық есептерді автоматизациялау процесінде үлкен мүмкіндікті ақпараттарды кодтауда үлкен процедурадан арылуға мүмкіндік беретін, тіркеулік ақпаратқа әсер ететін голографиялық әдісін қолдану ашылады, себебі электронды-есептеуіш машинаның жадында объектінің сандық коды емес, тікелей оның бейнесі енгізіледі. Бұл жағдайлар сыртқы белгілері бойынша есептерді жүзеге асыру процесінде голографиялық әдісті

қолдануды келешекті етеді. Онан басқа, бұл әдіс есте сақтаушы құрылғының құрылымының маңызды сиймдылығы үшін шарттарды құрайды, себебі «голографиялық» машинаның жады өте сиймды .

Н.Т. Савруков, электронды-есептеуіш машинаның өндірісінде голографиялық сақтаушы құрылғыларының әсер ету бағасы, электронды-есептеуіш машинаның тиімділігін көрсетті. Қазіргі таңда оның саны бірнеше есеге өсті. Голографиялық әдісті өңдеумен айналысатын ғалымдар, графикалық ақпараттарды өңдеудің жоғарғы жылдамдықты қамтамасыз ететіндігін айтады. Голографиялық әдістің үшінші беделі болып, оның ақпараттарды жоғалтуға кіші сезгіштігі, ол объектінің сыртқы белгілерін барынша толықтылықпен түсінуге ықпал етеді.

Криминалистикалық есептерді дамытудың келешекті бағыты болып, электронды - есептеуіш машиналардың жадына қажетті бейнелерді сақтауға және оны байланыс тізбегі бойынша жіберуге мүмкіндік беретін сандық фотография табылады. Фотоленка қатпәрінде бейнені жәрік сезгіштікпен қабылдайтын, ғұрыптық фотографиядан айырмашылығы, сандық фотографияда бұл рөлді ЗБК - матрица (зарядты байланыс құралы) атқарады. Ол өзінде жарықтарды электрлі сигналдарға өзгертетін, көптеген теңдей бөлінген рецепторлардан тұратын жартылай өткізгіш құрылғыны, (микросхеманы) ұсынады. Әрі қарай бұл сигналдар компьютерлік өңдеу және басылым үшін бейнелерді сандық сипаттауды құрайды. Бейнелерді ұсынудың мұндай тәсілі қағаздық және машиналық тасушыларда көшірмелерін алуға мүмкіндік береді [60, 19 б].

Шет мемлекеттердің тәжірибесі адамның генетикалық жеке кодын сақтайтын, хромосомадағы заттар - дезоксирибонуклеидтік қышқыл (ДНК) туралы мәліметтер негізінде тұлғалардың есебін құрудың келешектілігін көрсетеді. Есептің бұл түрінде жинақталған ақпараттар биологиялық текті (шаш, сілекей, қан және т.б.) объектілерді қолдану негізінде нақты тұлғаны анықтауға ықпал етеді. Мәліметтер базасының бұл жағдайда бағыты, ашылмаған қылмыс орындарынан алынған, зерттеу барысында анықталған объектілер, сондай-ақ криминалистикалық есептерге жататын белгілі тұлғалардың генотипі туралы генетикалық белгілері туралы ақпараттарды жинау және қолдану болады. Бұл бағыт бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ жедел-криминалистикалық Департаментінде алғашқы қадамдар жасалынып, қылмыстық әрекеттер әшкереленуде[61, 318 б.].

Криминалистикалық есептердің жаңа түрлерін құру процесі жалғасуда. Бұрынғы кезеңдегі дамудан мұның айырмашылық процесі бұл стихиялы болып табылмайды. Әрине, есептердің жаңа түрлерінің пайда болуы барлығынан бұрын тәжірибенің қажеттілігімен шартталады. Алайда, көптеген жағдайларда бұл есептер тиянақты өңделген теориялық базада құрылуда. Жекелегенде, қазіргі таңда иістік іздер есептерін құру туралы сұрақ туындап отыр. Бұған көптеген ғалымдардың жұмыстары, бірінші кезекте одорологиялық әдістің ғылыми дәлелдемелік сипаты негіз болып отыр.

Сонымен қатар, ғылыми-техникалық прогресс ықпал етуімен, фонографиялық есептер құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сараптама жүргізу барысында қолданылатын жаңа техникалық құрылғылар пайда болды. Бұл фонографиялық сипаттағы ақпараттар жинақталған, мәліметтер базасын құруға өтуге мүмкіндік берді.

Криминалистикалық тіркеуді дамыту процесі жалғасуда. Алайда, табан асты пайда болуымен сипатталатын алдыңғы кезеңдердегі есептерден, қазіргі таңдағы есептердің жаңа түрлерінің ғылыми негізділікке өтуі байқалады. Құқық қорғау органдарының қызметтерінде есептік мәліметтерді қолдану тиімділігін көтеру жолдарын іздестіру бұрынғыша проблема болып қалып отыр. Бұл проблеманы шешудің бір жолы болып тіркеу қызметіне ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін кеңінен енгізу табылады. Мұнда ішкі резервтерді де енгізу мүмкіндіктері бар. Бұл, бірінші кезекте ақпараттық массивтерде толған, ескі немесе өзектілігі жоқ мәліметтерден базаны тазартып, босату. Сонымен қатар криминалистикалық есептердің жаңа түрлері пайда болуы жалғасуда. Оларды құру процесі тәжірибенің сұранысына тікелей байланысты. Мұнда басты міндеті болып теориялық өндемелерді тәжірибелік қызметпен тығыз байланыстығын сақтау қалады.

Зерттеуде криминалистикалық тіркеудің алдында тұрған проблемаларды қарау негізінде, біз келесідей тұжырымға келеміз. Құқық қорғау органдарымен криминалистикалық есептерді құруды және жүргізуді реттейтін отандық, шет елдік және халықаралық құқықтық актілерді талдаумен көрсетілген қызметтің, қылмыс оқиғасына тартылған азаматтардың заңды мүдделеріне және құқық саласына еруге келтіретіндігін бекітуге негіз береді. Тіркеу қызметінің мәселелері көріністелетін заң актілерін қабылдау қажеттілігін туындатады. Бұл заңда тұлғалар туралы ақпараттар жинау шегі және шарты белгіленуі тиіс, ол криминалистикалық тіркеу саласында азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету проблемаларына қатысты Қазақстан заңнамаларындағы кемшіліктерді толықтыруға мүмкіндік береді. Құқық қорғау органдарының қызметтеріне қатысты, криминалистикалық есептерді жүргізу ғылыми-техникалық прогресі жағынан маңызды әсерді қабылдайды деп белгілеуге болады. Электронды-есептеуіш техниканы кеңінен енгізу байқалады, ол тіркеулік ақпараттарды жинау, өңдеу және беру процесерін автоматизациялауға ықпал етеді. Ақпараттық технологияны дамыту аймақаралық тораптық криминалды ақпарат орталықтарын құруға келтіреді. Біріктірілген мәліметтер базасының негіздерінің пайда болуы және дамуы, әртүрдегі мәліметтер өңделетін, интеграцияланған мәліметтер банктерін криминалистикалық жүйелерде жинақтауға ықпал етеді. Тіркеу қызметіне сандық фото-бейнетехника, көпталшықты байланыс құралдарі тартылуда. Голографиялық әдісті қолдану негізінде аппаратураны құру бойынша жұмыстар жүргізілуде [62, 72 б].

Есептердің жаңа түрлері пайда болуда, ол криминалистикалық білім жүйесінде мысалы одорология, гендік идентификация, фоноскопия бағытын дамытумен байланысты.

Алайда, құқық қорғау органдарының қызметінде криминалистикалық есептерді қолдану тиімділігін көтеру ақпараттық массивтермен жұмысты ұйымдастырудың қағидалы жаңа тәсілдерінсіз мүмкін емес. Маңызды проблемалардың бірі болып дер кезінде мәліметтер банктерін өзекті және Қорытындысында бұл торапты басқа мемлекеттердің ұйымдарының және мекемелерінің ақпараттық жүйесіне қосуға болады.

Қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру бойынша тәжірибелік қызметтің тиімділігін әрі қарай көтеру үшін қажетті назарды тек қана ғылымның және техниканың жаңа жетістіктеріне ғана аудармай тіркеу қызметінің өз ұйымдастыру негізіне де қараған жөн.

Қорытынды

Қазақстан Республикасы және шет мемлекеттерінің құқық қорғау органдарының жұмыс тәжірибесі, отандық, халықаралық және шет мемлекеттерінің қолданымындағы заңнамаларының теориялық талдау негізінде, магистрлік диссертацияда криминалистикалық тіркеудің сипаттама жасалып, құқық қорғау органдарының криминалистикалық есептерді қолданудың тиімділігін жоғарлату бойынша нақты тәжірибелік ұсыныстама беріліп, оның теориясының бірыңғай концепциясын өңдеуге әрекет жасалды. Криминалистикалық тіркеу үш элементтен тұратын құрылым ретінде ұсынады. Олар: ғылыми және құқықтық ережелер сондай-ақ, құқық қорғау органдарының тіркеу қызметін құрайтын жүйе. Біздің пікірімізше, осындай үш элементті құрылым криминалистикалық тіркеуді толық және жан-жақты түсінуге және кең түрде қолдануға мүмкіндік береді.

Осылайша, криминалистикалық тіркеу деп ғылыми ережелер және олардың негізінде қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру процесін дер кезінде қажетті ақпараттық талдаумен қамтамасыз етуді жүзеге асыруға бағытталған құқық қорғау органдарының заңмен реттелген тәжірибелік қызметін айтады.

Криминалистикалық есептер деп қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу мақсатында қолданылатын, ғылыми әдістер және құралдар көмегімен негізделініп мамандармен қайта құралған, өзінде криминалистикалық ақпараттар массивін ұсынатын, құқықтық сипаттағы ақпараттық-ізвестіру жүйесі ретінде түсініледі.

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негіздері туралы сұрақты қарастыра отырып, оның мақсаттарына тоқтаған жөн. Криминалистикалық тіркеудің жалпы мақсаты болып қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу процесін қамтамасыз ететін криминалистикалық ақпараттарды түсіну қабылданған. Сонымен қатар біз, жалпы мақсатты сыртқы және ішкі деп бөлуді ұсындық.

Қылмысты ашу және тергеп-тексеруде, сондай-ақ осы мақсатта жедел-ізвестіру шараларын жүргізуде әр түрлі ақпараттар алудың маңызы зор. Бұл ақпараттардан осы қылмысты жасаған немесе жасауға қатысы бар тұлғалар, ашылмаған қылмыстар, табылған дәлелдемелік айғақ заттардың шығу тегі туралы т.с.с. мәліметтер ала аламыз. Ал,қандай да болмасын ақпараттарды,соның ішінде криминалистикалық ақпараттарды бекітуге, сақтауға, беруге болатынын ескерсек, криминалдық сипаттағы оқиғалар мен құбылыстардың ақпараттық қоймасы болып келетін ақпараттар жүйесін құруға болады. Бұл жүйелерді қылмысты ашу,тергеу және алдын алу мақсатында қолдануға болады. Міне осындай ақпараттық анықтамалық жүйелерді криминалистикалық тіркеулер деп атайды.

Қазіргі кезде криминалистикалық тіркеу деп жасалған қылмыс туралы криминалистикалық мәні бар қылмыстық әрекеттердің тәсілдері мен құралдары жайлы ақпараттарды жинақтау мен өңдеу, қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру

және оларды алдын алуда қолданылатын ғылыми негізделген қызмет жүйесін айтады.

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негізіне-материалдық дүниедегі объектілердің жеке даралығы, олардың салыстырмалы тұрақтылығы, бір-бірлерімен әрекеттесу барысында іздер түзу мүмкіндігін жатқызуға болады. Криминалистикалық тіркеу - іздердің пайда болу механизмі туралы іліммен, қылмыстың жасалу тәсілімен және криминалистикалық идентификация теориясымен тығыз байланысты. Криминалистикалық тіркеудің объектілері-қылмыстық ізге түсу немесе жедел іздестіру шараларының шеңберіндегі ақпараттар жүйесі.

Сыртқы мақсаты қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру үшін құқық қорғау органдарына және мүдделі қызметтерге қажетті мәліметтерді жинауға, толтыруға және беруге бағытталған. Ішкі мақсат жүйенің өзгерілімдік шарттарында өзін сақтаумен (немесе өзіндік дамуымен) қорытындыланады, себебі криминалистикалық тіркеудің дер кезінде өзін жетілдірмеуінсіз сыртқы мақсатқа жету мүмкін емес. Сыртқы және ішкі мақсат бір-бірімен үздіксіз байланыста болады. Бірінің жетістікке жетуге ұмтылуы міндетті түрде басқасының жетістік бағытын қамтиды.

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми негіздерін талдау бізді, қылмыстық оқиғаға қатысы бар ақпараттарды жинау, өңдеу және қолданудың объективтік заңдылығын және қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру бойынша қызметті ақпараттық талдаумен қамтамасыз етудің әдістерін және тәсілдерін зерттейтін жеке криминалистикалық теорияға әкеледі. Бұл жеке криминалистикалық теорияның, криминалистикалық тіркеу туралы ілімнің пәні ретінде қылмыстық оқиғаға қатысы бар ақпараттарды жинау, өңдеу мен қолданудың объективті заңдылығы және бұл танымдарға негізделген қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру бойынша қызметті ақпараттық қамтамасыз етудің құралдәрі, әдістері және тәсілдері жатқызылады.

Криминалистикалық тіркеудің пәнін бөлу, криминалистикалық тіркеуді басқа да есептерден шектеуге ықпал етеді. Мұнда біз, ғылыми әдебиеттерде криминалистикалық есептерге жатқызылатын, алайда олардың санатына енбейтін бірқатар есептердің бар екендігі туралы тұжырымға келеміз. Көрсетілген шектеулер есеп объектісін бөлуге мүмкіндік береді. Біздің пікіріміз бойынша, криминалистикалық есептің объектісі – бұл қылмыстардың алдын алуға, ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған қызметті жүзеге асыру процесінде қайта қолдану үшін құқық қорғау органдарымен аранайы мәліметтер банкінде жинақталған қылмыстық оқиға туралы және осы оқиғамен себепті байланыста болатын тұлғалар және заттар туралы мәліметтер.

Құқық қорғау органдарының тіркеу қызметінің негіздерін оқу бізді криминалистикалық есептерді жіктеуге бөлу негіздері туралы тұжырымға келтіреді. Криминалистикалық есептерді жіктеу негіздерін талдай отырып, криминалистикалық есептерге қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру процесін ақпараттық талдаумен қамтамасыз ету үшін қызмет ететін есептерді жатқызылады, оның объектісі барлық уақытта қылмыс оқиғасымен себептік

байланыста болуы тиіс, криминалистикалық есептерді жіктеуге негіз ретінде объектінің тіркеулік сипатын қолдануды және дәрежелеуші мәліметтердің сипаты бойынша талқылынатын, есептердің міндеттерін жатқызады.

Көрсетілген негіздерге сәйкес біз криминалистикалық есептерді келесідей түрлерге бөлеміз:

- жедел- анықтамалық (алфавиттік, дактилоскопиялық);
- жедел-іздеулік (атыс қаруы, нөмірлі заттар, жалпы мемлекеттік айналымдағы құжаттар, антиквариаттар және т.б. есебі);
- жедел-криминалистикалық (дактилокартотекалар, ізтаным, жасанды ақша белгілері және құнды қағаздар, оқ, гильзотека және т.б. есебі).

Криминалистикалық тіркеудің жүйелік құрылымы ретінде бірден-бір элементі болып құқық қорғау органдарының тіркеулік қызметіне маңызды ықпал ететін құқықтық реттеу ережелері жатқызылады. Құқықтық негіздерді қарастыруда криминалистикалық тіркеу қызмет бірқатар заң актілерінде жанама айтылып өткен, алайда бөлшектеп қарастыру негізінен тіркеу қызметі ведомстволық нормативті актілермен реттелген - деген тұжырымға келтіреді. Бұл құжаттарды талдау «ішкі істер органдарының қызметін әкімшілік-құқықтық реттеу» құқықтық институтына жататын, ерекше түрдегі құқықтық қатынастардың бар екендігін байқатады. Себебі, бұл құқықтық қатынастар билік және бағыныштылық әрекеттермен сипатталған соң құқық қорғау органдарының тіркеу қызметін жүзеге асыру барысында, қылмыстық оқиғаға тартылған азаматтардың құқықтарын және заңды мүдделерін шектеу негізін бекітеді. Жеке тұлға құқықтарын қорғау саласына қатысты қазақстандық және халықаралық құқықтық құжаттарға жүгіну, құқық қорғау органдарымен криминалистикалық есептерді құру және жүргізу барысында жеке бастың, жеке өмірдің, жеке және отбасы құпиясы құқықтарының бұзылуына сондай-ақ, азаматтардың ар-ожданына қол сұғушылыққа әкелетіндігін белгілеуге мүмкіндік береді. Алайда, мемлекеттік және қоғамдық мүдделер белгілі жағдайларда көрсетілген салаға қол сұғуды талап етеді. Осыған байланысты азаматтардың құқықтары және заңды мүдделерімен байланысты, құқық қорғау органдарының тіркеу сұрақтары анықталып, белгіленген заң актісін қабылдау қажеттілігі туындайды. Бұл заңда жеке тұлға туралы ақпараттарды жинаудың шарттары және шектері белгіленіп, криминалистикалық тіркеу саласында азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты проблемаларды қазақстан заңдарында жіберілген кемшіліктерді толықтыруға мүмкіндік берер еді. Сонымен қатар, «Құқық қорғау органдарындағы есептер туралы» Заң қабылдау қажеттілігі криминалистикалық есептерді ұйымдастыру және қолдану проблемаларына бірыңғай құқықтық бастаулардың болмауымен де шартталады. Қорытындысында көрсетілген заңның негізінде, құқық қорғау органдарымен тіркеу қызметін жүзеге асыруды толығымен және тиянақты көлемде реттейтін, ведомствоарлық сипаттағы бірыңғай нормативті құжат қабылдануы тиіс.

Құқық қорғау органдарының криминалистикалық есептерді жүргізумен байланысты қызметіне, ғылыми-техникалық прогресс маңызды түрде әсер

етеді. Тіркеулік ақпараттарды толықтыру, өңдеу және беру процестерін автоматизациялауға ықпал ететін, электрондық-есептеуіш техникаларын кеңінен енгізу байқалады. Ақпараттық технологияларды дамыту аймақаралық ақпараттық орталықтарын жасауға, әртүрлі мәліметтер өңделетін, криминалистикалық тіркеу жүйесінде интеграцияланған мәліметтер банктерін құруға келтіреді. Тіркеу қызметіне сандық фотография және бейнетехника, көпталшықты байланыс құралдары пайдаланылуда. Қазіргі таңда голографиялық әдісті қолдану негізінде аппаратура жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Криминалистикалық ілімнің жүйеде дамуымен байланысты мысалы, одорология, гендік идентификация, фоноскопия бағытындағы есептердің жаңа түрлері пайда болуда.

Құқық қорғау органдарының қызметінде криминалистикалық есептерді қолданудың тиімділігін жоғарлату, ақпараттық массивтермен жұмысты ұйымдастырудың қағидалы жаңа тәсілдерінсіз мүмкін емес. Маңызды проблемалардың бірі болып, мәліметтер банкін өзекті және шынайы ақпараттармен дер кезінде толықтыру проблемасы қалып отыр. Оны шешу үшін біздің пікірімізше келесідей шараларды жүзеге асыру қажет.

Біріншіден, қолданымдағы барлық криминалистикалық есептерде тіркеулік ақпараттарды бөлшектеусіз жинауды ұйымдастыру арқылы бір жүйеге ортақтандыру керек. Бұл мақсатта, барлық деңгейдегі криминалистикалық есептердің жүйесін жергілікті есептердің санатынан орталықтандырылғанға көшіру арқылы жинақтау қажет. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің тіркеу массивтеріне тікелей енуін қамтамасыз еткен жөн. Бұл жағдайларда, ішкі істер органдары мен ақпараттық орталықтар арасында делдал рөлін атқаратын, шет мемлекеттерінің құқық қорғау органдарының талдау бөлімдерін құру бойынша тәжірибелері пайдалы болуы мүмкін.

Екіншіден, бірыңғай нысандағы криминалистикалық және қылмысты-статистикалық есептердің алғашқы есептік құжаттарын құру.

Үшіншіден, криминалистикалық есептерге жүгінген тергеу және жедел қызметкерлердің автоматтандырылған жұмыс орындарын құру, ол тергеулік ахуал теориясы ережелерін криминалистикалық тіркеуді тарту шарттарында мүмкін болады. Бұл автоматтандырылған жұмыс орындары үшін негіз болып, қызметкер әрекетінің бағдарламасын құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, оқу процесін ұйымдастыру туралы сұрақты да шешу қажет. Жоғарғы оқу орындарында криминалистикалық тіркеуге арналған тақырыптарды оқуға бөлінетін сағаттың көлемін ұлғайту керек және де сабақтар тәжірибелік бағытта болып, оларды өткізуде ақпараттық орталықтарда жаттығу үшін құрылған мәліметтер базасын қолдану тиімді. Тәжірибелік органдарда заңгерлік білімдері жоқ адамдардың санының көп болуы, ол адамдарда қажетті криминалистикалық есептердің мүмкіндігі, түрлері туралы қажетті білім деңгейінің болуы үшін арнайы сабақтар ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Бұл міндетті шешу Қазақстан Республикасы Ішкі Істер

Министрлігінің білім беру мекемелерінің базасында және тәжірибелік органдардың өзінде курстар ұйымдастыру арқылы мүмкін.

Тіркеулік ақпараттардың толықтылығын жоғарлату үшін біздің пікірімізше, оның мазмұнына «мұрағаттық» қылмыстық істердің, прокурорлық тексеру материалдарының немесе басқаша айтқанда анықтама органымен яки, іздеулік және өндірістен қысқартылған қылмыстық істерді құрамдайтын мазмұндарын қосу қажетті. Бұл мәліметтер банкісінде ақпараттардың айналымына шартты түрде «мұрағаттық» деп аталатын екінші контурын қосу шарттары арқылы мүмкін.

Құқық қорғау органдарын ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін жоғарлату үшін біз жаңа есептің түрлерін құруды ұсынамыз: біріншіден, көші қон қызметінің тиісті нысандағы сауалнамалық мәліметтер бланктерін және фотосуреттерді қолдану негізінде тұлғалардың есебі; екіншіден, қала көшелерінде, жолдарда қызмет ететін, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің баянхаттары құрамдайтын тәуліктік жедел ақпараттар есебі.

Қылмыстылықпен күресте есептік мәліметтерді қолдану әрекеттілігі Қазақстан аумағында барлық құқық қорғау органдары (Прокуратура, Ішкі Істер Министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігі) ақпараттық талдаумен қамтамасыз ету жүйелерінің бірыңғай интеграциялы қолдануды және құруды талап етеді. Қорытындысында бұл жүйеге басқа да мемлекеттік ұйымдардың және мекемелердің ақпараттық жүйелері қосылуы мүмкін.

Қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру бойынша қызметтің тиімділігі криминалистикалық тіркеудің барлық жүйелерінің әрекеттілігіне маңызды дәрежеде байланысты болады.

Құқық қорғау органдарын тиісті ақпаратпен қамтамасыз ету тек қана ғылымның және техниканың жаңа жетістіктерін тарту есебінен сондай-ақ, тіркеу қызметінің өзін қайта реформалау жолдарымен ғана мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 02 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. Нұр-Сұлтан, 02 қыркүйек 2019 жыл
- 2 Нұрғалиев Б.М., Арыстанбеков М.А., Шакенов А.О. Криминалистика. Оқу құралы. – Қарағанды, 2006.
- 3 Криминалистика: Учебн. / Под ред. профес. Р. С. Белкина. – М., 1999.
- 4 Криминалистика: Учебник / Т. В. Аверьянова [и др.]. - 2-е изд. - Москва: Академия управления МВД России, 2016.
- 5 Справочная книга следователя: Учебно-практическое пособие / под ред. Д. Т. Кенжетаяев; Министерство внутренних дел Республики Казахстан, Карагандинская академия им. Баримбека Бейсенова. - Караганда : КА МВД РК, 2015.
- 6 Калужина, М. А. Современные проблемы криминалистической регистрации в Российской Федерации и возможности ее интеграции в системе Интерпола: дис. ... канд. юрид. наук / М. А. Калужина; Владимирский юридический институт Федеральной службы исполнения наказаний. – Владимир, 2011. – 213 с.
- 7 Криминалистика: Учебн. / Под ред. профес. Н.П.Яблокова. – М., 1999
- 8 Эксархопуло А.А. Криминалистика в схемах и иллюстрациях. Учебное пособие. – М., 2002.
- 9 Нұрғалиев Б.М., Шакенов А.О. Криминалистика. Оқу құралы. – Қарағанды, 2001.
- 10 «Об криминалистической пуле-гильзотеке» Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан №220 от 19.04.1999.
- 11 Жәкішев Е.Ғ., Исаев Ә.А., Найманова Г.Х., Тапалова Р.Б. Темірболат Н.С. Криминалистика: Оқулық.-Алматы: Жеті Жарғы, 2006
- 12 Белкин Р.С. Курс криминалистики. В3. т2. Частные криминалистические теории. М.: Юрист, 1997.
- 13 Шаталов А.С. Криминалистические алгоритмы и программы. Теория. Проблемы. Прикладные аспекты. М.: Лига Разум, 2000.
- 14 Шкурихина Н. В. Основы криминалистики : учебно-практическое пособие / Н. В. Шкурихина, Д. А. Михалева ; рец.: С. И. Маюнов, Д. А. Финк ; Министерство внутренних дел Российской Федерации, Барнаульский юридический институт. - Барнаул : БЮИ МВД России, 2019.
- 15 Каиржанов Е. Криминология. Общая часть: Учебник для юридических вузов. Изд. Второе, переработанное и дополненное. - Алматы: Өркениет, 2000.
- 16 Можаяева И. П. Криминалистическое учение об организации расследования преступлений: Учебное пособие / И. П. Можаяева. - Саратов: Саратовский государственный социально-экономический институт, 2015.

- 17 Белов, О. А. Криминалистическая регистрация / О. А. Белов. – М.: Юрлитинформ, 2008. – 144 с.
- 18 Архипова Н. А. Организационно-тактические особенности получения и использования криминалистически значимой информации, содержащейся в средствах подвижной радиотелефонной связи: учебное пособие / Н. А. Архипова, А. Е. Чечётин, А. В. Шебалин Министерство внутренних дел Российской Федерации, Барнаульский юридический институт. - Барнаул : БЮИ МВД России, 2017. - 92 с.
- 19 Бондаренко, Р. В. Автоматизация в дактилоскопии / Р. В. Бондаренко. – М., 2013.
- 20 Криминалистика: Учебник/ Под редак. А.Ф. Волынского. М: Изд-во. ЮНИТИ-ДАНА, 1999.
- 21 Шакенов А.О., Есболаев Г.М., Аубакиров Б.А Криминалистика. Оқу құралы. – Қарағанды: ҚЭУ, 2012.
- 22 Гинзбург А.Я., Поврезнюк Г.А., Калинин А. Справочник следователя. Алматы, 1998.
- 23 Образцов В.А. Криминалистика: Курс лекций. -М.: Юнифир, 1996.
- 24 Словарь иностранных слов. 16-е издание исправленное. М., «Русский язык». 1998.
- 25 Жуков Н.И. Информация (Философский анализ информации - центрального понятия кибернетики). - Минск: Наука и техника, 1966.
- 26 Тростников В.Н. Человек и информация. -М.: Наука, 1970.
- 27 Белкин А.Р. Теория доказывания, Научно-методические пособие., НОРМА Москва, 2000.
- 28 Поломников Р И Феномен информации и информационного взаимодействия (введение в семантическую теорию информации) - С-Пб Анатолия, 2001.
- 29 Кулиев И О Информационное обеспечение деятельности органов местного самоуправления (муниципалитетов) в сфере правопорядка. – М., Юридическая литература, 2002.
- 30 Имангалиев Ш.И. Ішкі істер орындағы жаңа ақпараттехнологиясы. Лекциялар жинағы. Алматы. 2004.
- 31 Информатика: Учебник/ Под. ред. проф. Н.В. Макаровой-М: Финансы и статистика, 2001.
- 32 Винер Н. Кибернетика. М., 1987.
- 33 Штофер В.А. Моделирование и философия М-1966.
- 34 Криминалистическое исследование паспортов иностранных граждан : учебное пособие / Министерство внутренних дел Российской Федерации, Волгоградская академия ; рец.: Г. В. Бережнев, Е. А. Шкоропат. - Волгоград : ВА МВД России, 2020.
- 35 Портретная экспертиза: курс лекций / Министерство внутренних дел Российской Федерации, Волгоградская академия ; авт. Н. А. Анчабадзе ; авт.

М. В. Бобовкин; рец.: Е. А. Логинов, Е. А. Шкоропат. - Волгоград : ВА МВД России, 2020.

36 Криминалистика: Учебник. Ищенко Е.П. Стандарт третьего поколения-СПб.: Питер, 2013. - 448 с.

37 Бондаренко, Р. В. Автоматизация в дактилоскопии / Р. В. Бондаренко. – М., 2013.

38 Балашов Т.Т. Алдын ала тергеу барысында сезікті мен айыпталушының тұлғасын зерттеу және оның криминалистикалық маңызы. Заң ғылымдерінің кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссерт. авторефераты. Алматы, 2004.

39 Самиев Н. М. Расследование нераскрытых преступлений прошлых лет (по материалам Республики Таджикистан и Российской Федерации) : монография / Н. М. Самиев ; под ред. В. П. Лавров ; рец.: А. Ф. Волынский, И. И. Колесников ; Академия МВД Республики Таджикистан. - Москва : Юрлитинформ, 2020.

40 Беляков, А. А. Криминалистическая регистрация: науч.-практ. руководство / А. А. Беляков, Р. А. Усманов. – Ростов н/Д, 2006. – 192 с.

41 Курин, А. А. Обоснование телекоммуникационной системы криминалистической регистрации / А. А. Курин // Судебная экспертиза. – 2013. – № 4 (36). – С. 135–140.

42 Филиппов А.Г. Криминалистика полный курс: учебник для бакалавров / под ред. А.Г. Филиппова - 4-е издание. Издательство Юрайт, 2013. - 835 с.

43 Успанов Ж.Т. Взаимодействие органов внутренних дел стран СНГ в борьбе с наркобизнесом. – Алматы, 2003.

44 Курин, А. А. Реализация возможностей единой телекоммуникационной системы криминалистической регистрации в процессе раскрытия и расследования преступлений / А. А. Курин // Судебная экспертиза. – 2015. – № 3 (43). – С. 139–145.

45 Гинзбург А.Я. Предъявление для опознания в уголовном судопроизводстве Казахстана. Учебное пособие. -Алматы: Жеті Жарғы, 2003.

46 Курин, А. А. Логическая концепция криминалистической регистрации / А. А. Курин // Судебная экспертиза. – 2012. – № 4 (32). – С. 12–18.

47 Овчинский А.С. Информационные технологии в деятельности органов внутренних дел // Вопросы совершенствования правоохранительной деятельности органов внутренних дел: Межвуз. сб. науч. тр. - М.: МЮИ МВД России, 1999.

48 Когамов М.Ч. Государственный следственный комитет: версии, опыт, проблемы, решения: Монография. Изд. 2-е. Алматы: Жеті Жарғы, 2004.

49 Криминалистика: криминалистическая техника. Учебник для ВУЗОВ. Под. Редак. Д.ю.н. проф. А.Ф.Аубакирова. Изд. Дом. Аркаим. Алматы., 2002.

50 Кочерга, А. А. Проблемы правового обеспечения правового обеспечения в процессе использования криминалистических учетов / А. А.

Кочерга // Вестник Краснодарского университета МВД России. – 2014. – № 4 (26). – С. 111–115.

51 Курин, А. А. Новые функциональные возможности системы криминалистической регистрации / А. А. Курин // Альманах-2015: юбилейный: сб. статей / МААНОИ. Волгоградское отделение, РАЕН, ЕАЕН, Волгоградская академия МВД Российской Федерации. – Волгоград, 2015. – С. 175–183.

52 Каиржанов Е. Причинность в криминологии. Алматы (Учебное пособие). Алматы., 2002.

53 Толеубекова Б.Х. Информация в уголовно-процессуальном доказывании. Современные направления судебной экспертизы: методика экспертного анализа преступлений. Доклады и сообщения на международной конференции «Восток-Запад: партнерство в судебной экспертизе»-Алматы, изд. ЦСЭ МЮ РК, 2005.

54 Грибунов, О. П. Всеобщая криминалистическая регистрация граждан как элемент реализации криминалистического предупреждения преступлений / О. П. Грибунов // Вестник Томского государственного университета. – 2016. – № 402. – С. 188–191.

55 Егизарян, А. С. Криминалистическое классифицирование – специальный криминалистический метод познания: дис. ... канд. юрид. наук / А. С. Егизарян. – Москва, 2011. – 202 с.

56 Еркенов С.Е. Расследование преступлений совершаемых транснациональными преступными сообществами. Алматы, 1998.

57 Белкин Р.С. Криминалистика: Проблемы сегодняшнего дня Злободневные вопросы российской криминалистики. издат. Норма (издат. группа НОРМА-ИНФРА-М) М-2001.

58 Логвиненко, Е. А. Совершенствование единой системы криминалистической регистрации / Е. А. Логвиненко // Научно-методический электронный журнал Концепт. – 2015. – № 7. – С.106–110.

59 Белкин Р.С. Курс криминалистики. М.: Юристъ, 2007.

60 Калужина, М. А. Современное состояние и перспективы развития криминалистической регистрации в системе Интерпола / М. А. Калужина // Юридический вестник Кубанского государственного университета. – 2014. – № 3 (20). – С. 18–21.

61 Справочная книга следователя: Учебно-практическое пособие / Под ред. Д.Т.Кенжетаева. – Караганда: КА МВД РК имени Б.Бейсенова, 2015.

62 Кочерга, А. А. К вопросу о современном состоянии правовой регламентации криминалистической регистрации / А. А. Кочерга // Вестник Краснодарского университета МВД России. – 2013. – № 4 (22). – С. 71–75.